

**АПБАЗ
ҚАРАЖІГІТОВ**

*әке
дауысты*

**АПБАЗ
ҚАРАЖІГІТОВ**

**әке
дауысы**

ПОВЕСТЬ ЖӘНЕ ӘҢГІМЕЛЕР



АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1991

ББК 84 Қаз 7-44
К 41

Қаражігітов А.
К 41 Әке дауысы: повесть және әңгімелер.— Алматы:
Жазушы, 1991.— 144 бет.

ISBN 5-605-00556-1

Автордың бұл кітабына «Әке дауысы» атты повесі және екі әңгіме еніп отыр. Повесть соғыстар мүгедек болып оралған Қадыр атты азаматтың басынан кешкен түрлі киыншылқтарын баян етеді.

Әңгімелер мал шаруашылығында жүрген қазіргі жастар өмірінен сыр шертеді.

К — 4702250201—229
402(05)—91 57—90

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 5-605-00556-1

©, Жазушы баспасы, 1991

П о в е с т ь

ЭКЕ ДАУЫСЫ

Маужыраган мақпал түн. Аспанда жыптырлаған жұлдыздар жерге тамып кетердей мөлт-мөлт етеді. Мен түбіне сансыз үшқын қонған алып қазанның астында жападан-жалғыз отырган тәріздімін. Қазаным — аспан, үшқыным — жұлдыз. Бұлдыраган әлемге елеңдеп құлак түрем.

Бұл — осы ауылдың Шежіретас атап кеткен, қасиет тұтқан жері. Аңғарлы өзеннің ақпанына сұғына кірген. Ақ тұмсық шоқы. Жон арқасы — жазық, көкпек, баялыш, тобылғылы, ойдым-ойдым боз, изен, бетегелі, жусанды болып келеді. Құнгейі үлпілдеген үкібалак бидайық, көк-ала ғулді көкмайса шабындық. Осы ақ тұмсық басынан күндіз бар атырап аяққа қуїған астай алақанға қонады.

Мениң Шежіретас басына келуім соңғы жылдары дағдыма айналған. Оқтын-оқтын келіп тәуеп етіп кетпесем, жаным құлазып, ішкен-жегенім бойыма тарамайтын сияқты. Келсем болды, құрыс-тырысым жазылып, бойым сергіп қалады. Ойхой, дүние! Міне, бетімді жібек жел аймалады. Төменде үйқылы-ояу толқынның дыбысы құлакқа еміс-еміс шалынады. Жездесіндей еркелер жар жағалауын қытықтағаны сияқты. Қайта-қайта тәтті жұтқандай таңдайын тамсана қағады кеп.

Оң жағымда бабымен қолдан өрілген текше тас. Ақ мәрмәр. Оның беті — жазу, бұл кісі есімі. Бәрінің бейтаныс, бөгдесі жок, бәрі өзіме мәлім, ардақ тұтқан ауыл-

дастарым, ет жақыным. Көбімен қатар өмір кештім, ұлағат тәрбиесін алдым. Солар ма, ей, тәңірім-ая! Қазірде маған: «Қадыр-ая, неге үнсіз отырысың. Қөрген білгенінді айт, қандай өзгеріс, жақалығың бар?»— деп жамырасқандай болады. Бірінен бірі өтіп өзеурейді. Бойым дір ете түскені несі! Неге селк ете қалдым?..

Тырс еткен дыбыс жоқ. Еріншек толқынның самарқау шылпылы ғана. Сонда?..

Арғы беттегі жоталанған тау сілемі құрым туырлыққа оранғандай. Қарынның қатпарындағы жық-жық. Онда да көңіліме таныс, жаттанды нобайы ғана елес береді. Өзін-мен-өзің болған, осындағы оңашада өткеніңнің есіңе оралатыны несі екен? Көз қөрген, бастан кешкен рақат, тақсіреттің, қайда... Иә, жан аяспас құрбы-құрдасың ортаға алып, сондағыдай апыр-топыр болатыны-ай! Шежіретас сөйлеп жатыр ма? Маңайымдағы күбір не? Елеңдей қалдым. Тыңтыңдал тосылам. Бөгде үн жоқ. Дүк-дүк жүрегім бе? Әй, өзі сөйлеп жатыр... Алыстан шақырган тауықтың даусы құлағыма талып жетті...

Таң құлан иектенін, айнала бозара түсті. Тұн қараңғылығы сөгіліп, біртіндеп жарық тартып келеді. Құстардың таңғы әніне еліге құлақ тосқан, кең дала керіле түскен. Қасымдағы мәрмәр тас күн шапағына оранып, биіктеп кеткендей. Бетіндегі жазуға жан бітіп, бадырайып көрінеді. Орнынан қашан түрғаным есімде жоқ. Әйтеуір сол жазуларды, өзіме таныс есімдерді қайта-қайта оқып түрменин. Кірілімді жиі-жиі қағам. Қекірегім ашып, ішім алау-жалау боп кетті...

Күннің алтын сәулесі кеңістікке барынша жайылып, дүниені жаңа көрік биледі. Алып қызыл тудың етегіндегі боп күн құлағы көрінді. Кең дала алақанға қонғандай. Қактаған күмістей жарқыраған айдың беті қытығы оянғандай жыбыры толып, жанарымды қарықтырып жіберді. Сұлулыққа да көз үялады екен. Жанарымды қайта бұрдым. Бір шетте қос акқу су бетін сзып, баяу жылжып барады. Құс үнінде шалқыған шаттық, таң қуанышы. Шагалалар жаңа

ғана өздері көтерілген айдынға, шүйіле кеп тестерін сыза соғып, аймаласа шарқ ұрады. Айнымаған махаббат еркелігі, құштарлық суреті. Мен отырган ақ тұмсық Шежіретасты орала ұшып, алыстап кетті...

Көз алдында өлмес, өшпес бейнелер... Өткен өмір... ойға орала берді.

* * *

Аспанда жөңкіле қөшкен бұлт. Күздің сарнаған жылауық желі сынық терезеден аңқылдан ұрып тұр. Тұрпідей тиеді. Тәбесі аласа, қабыргасы шымнан өрілген жалғыз бөлменің бір жағын қазандық пеш жайлаган. Оның есікке қараган аузынан бықсып жанған қидың түтіні жоғары көтерілді. Қамыс тәбеден ықтасын іздейтін сияқты. Бұл колхоз басқармасының үйі. Бір ауылдағы еңсесі бійк жалғыз шаңырақ. Сол үйдің оң жағында жер төсекте әкем жатыр. Тұбінен шіріген кәрі емендей бір күнде омырыла құлады. Бұрын ыңқыл-сыңқылы байқалмайтын адамның кенет төсек тартуы от басын бірден үрейлендіріп-ақ тастады. Не болса да іште, сыртқа шығар не ашы, не тұщы үн тағы жоқ.

Кешке қарай қар ұшқындаған. Өткір желдің өтінде азынаған әуен бар. Суық, ашқарақ тілін жандының қойның конышына сумандатқан үскірік тынбай соғады. Күн Жыланда шоқысына асыла берді де, қып-қызыл боп талаураған көзін жасырып үлгерді. Шоқының арғы беті жалындай өртene жөнелген.

Сол күні әкем мені қасына жедел шақырып алды. Жаздай күн қакты тотыққан маңдайынан ақырын сипады. Алақаны жібектей жұмсақ екен. Көзі жұмулы. Жуық арада сөйлей қоятын сыңайы да байқалмайды. Оң қолын маңдайына салып, аялап, жайбаракат ойға батқан кісі тәрізденеді. Бұл оның не әдетінде, не мінезінде өзім ес білгелі бұрын соңды болмаған мұсіркеу. Тұла бойымды балқытып, әке мейірі жанымды жадыратып барады. Іші-

бауыры еріп жанымен жақсы көріп отыrsa да, балам еді деп ешuaқытта еміреніп, маңдайынан иіскеp көрмеген әкениң мына төтеннен іш тартуы қорқыныш боп, қобалжытып жіберді. Оң қолын тартып алды да, бойын жинап тамағын кенеді:

— Балам-ау — деп, айналасын өрмекшінің торындағ әжім басқан қабағын ашып, тесіле көз тікті. Анық аңғарғаным: көзінің оты азайыпты. Жарқырап үшқын атып тұратын жанары майы таусылған пілте шамдай тым әлсіреген.— Өзімнен тараған перзенттерімнің бір сенен басқасы жер койнында. Бұл өмірдегі ендігі барым, сенерім сен. Бірақ басқаша ойда бола көрме. Біздің ісімізді, бүкіл ғұмырымыз бағышталған ісімізді, алға апарар сенің замандасың аз емес. Бұл — әкениң балаға айттар пенделік сыры.— Ол едәүір алқынып, осы сөздерін күшпен зорға айтты. Бірсыпра қимылсыз, жай тыныстап жатты. Кеудесі көрікше көтеріліп басылады. Көзін қолымен колегейлеп еді, көзінің еті қып-қызыл екен. Манағы батып бара жатқан күн қызылы тәрізді. Ол баяу үнмен сөйлей берді.

— Бойымды жайлаган дерт сыры ауыр. Көп жылдар бой бермей алысып келсем де, аяғынан қырқа шалды. Міне, құлатып тыңған түрі бар. Мен бұл науқастан сілкінш тұрып, сенімен бірге ендігі жерде тамаша құра алар ма екенмін,— демігінкіреп тыныстап терең курсінді.— Кейін-ірек білерсің. Өмір жолында бұралан аз болмаған, қаншама бұлтарыстар, әлі жан аяғы тимеген тың, сонылар бар... Бір кезде **Жібек** жолы атанған **Қытай** мен **Үндіге**, Иран мен Персияға, Ресей жері, одан Европага баратын қасқа жолдағы керуен сарайлары кәзір бар ма. Олар да құлаған,— деген әкем манағыдан бакуаттанып, маңдайы жіпсіп тершілті. Қыза сөйлеп келеді. Ентігі басылған — сол қыш қабырғаларда қаншама алакан табы, көне жолдарда табан мөрі қалды екен. Жалт еткен жанары жүректерге өшпес үміт, сөнбес махаббат отын жаққан ай қабақ, алтын кірпік перизаттар, сұлулық тәнірі сапар шекpledі ме!

Тұтас бір тайпа ел қас-қабағына қарап бір сөзін екі

етпей қадір тұтып келген әке беделі мені бір жола қозғалтпай таstadtы. Мына сөзі үрей боп туып, құлагыма «Қош, қош бол балам» болып естілген. Жаңағы адамдық, пенделік қақында ой түйгендеги «Құлқын мен нәпсі адамның көзіне көрінбес жауы» деп шегелеп айтқаны тағы бар. Япырау мұнын бәрін неге тәптіштеп айта берді. Өзі расымен өмірден күдер үзіп бақұлдасып жатқаннан сау ма?— деген ой жегідей жеп отырса да тіл қата алмадым. Әке дауысы кілт үзілген.

Сырттан дабыр-дұбыр үн естілді де бір топ ауыл адамдары үйге шұбыра кірді. Өндерінен уайым табы аңғарылады. Әлдене боп қалды дегендеги күйзеліс бар.

— Бақтыбайжан қатты ауырып қалдың ба?— деген Батталдың үні жарықшақтанып шықты. Туған інісіне бауыры езіліп тұр.

— Катты жығылдың-ау өзі,— деді Дархан ұста.

— Эйтеуір, түбі қайыр, жақсылық болсын. Батпандап кірген кесел мысқалдап шығады деген бар,— деп жылқышы Сәлен де өз көңілін айтты. Бәрінің ойы науқасқа демеу, қайрат болар жанашырылқтарын білдіру тәрізді.

— Рақмет келгендеріңе. Эйтеуір, төтелеп келіп жабысқан кесел емес қой. Тозған жүректің сыр бергісі келетін шығар,— деп бір тоқтаған.

— О не дегенің, қайдағыны айтып,— деп Баттал қабағын шытынды.

— Саудыраған кәрі де емессің,— деді Дархан ұста да жұбату айтып.

— Тәйірі, аз өмір сүргем жок. Аз рақат көрдім демесем, тағдырға не өкпе-назым бар?— деді әкем...

Әкем жасынан жоқшылық тауқыметін тартқан. Совет үкіметі тұсындаған тәндікке қолы жеткен көп кедейдің бірі екен. Шамалы қара танитындаған сауаты бар, өмірден көргені көңіліне түйгени көп атанған кісі. Екі сөзділік, жалған айту, оған жат. Өмірден зорлық-зомбылық көргендердің басын құрап, осы «Бірлік» колхозының негізін қалап, көп жылдар колхоз басқармасы болып келген.

Міне, сол ел қадірлісі әке төсек тартып жатқалы, созылмалы науқасқа ұшырағалы да көп күндер өтті.

Күнде кеш ел жатқан шақта мені қасына отырғызып, көңіліне түйген өнеге болар, көп кәдесіне жарайды-ау деген ой толғамдарын әңгімелейді. Онысы кейде маган айтқан аманат тәрізденіп те кетеді. Әйтеуір, әкенің бір сезін қалыс жібермеуге тырысамын.

...Артынша көп ұзамай әке дүние салды. Бір ғана «Бірлік» аулы емес, көрші ел бол, ауданнан адамдар келіп, қазір мен отырған биік қырдың үстіне жерлеген. Бәрінен оның жетпіс жыл түтін түтеткен тұған шаңырағынан денесін алып шығару сәті қинаған еді. Ақ киізге оралған мәйітті бірнеше жігіт иығына сап көтеріп еді. Осы сәтте үйде де, сыртта да зарлы дауыс кең даланы құнірентіп ала жөнелген. Мәйіт салынған арбаға екі ат жегіліпті. Тілі жоқ жануар осы кайғылы қазаға жаңы күйзелгендей, аяқтарын санап басып, ілбіп келеді. Арба соңында құмырсқадай шұбырган адам. «Қайран Бақтыбай! Шіркін, Ұранбаев елінің қамқоры, жанашыры еді-ау!»— деген адамдар үні бір тынбаған. Егіле жылап, әкемді қимай өксиді көп. Уақытында бәрін пайымдай беру кайда. Енді ғана байқайтын тәріздімін.

Әкемнің дүниеден қайтар алдындағы даусы құлағымнан мәңгі кетер емес. Адамның көзі — фотоаппарат, жүргегі — сыр сандық екенін енді анық ангарғандаймын. Шындыққа жүгінсек, әр адам ашылмаған жұмбақ дүние екен-ау! Өз жүргегіңе бойласаң бәрі өткен өмір бол сені ортага алады. Сыр шертеді. Еріксіз сенде сол әңгімеге қосыласың. Бұл күнде егде тартқан шағында өткеніңе ой жүгірту — өзіңе-өзің есеп бергендей де күй кештіреді ме, қалай? Әрине, ол келмеске кеткен жігіт шақ... Содан болар, жүргім лұп-лұп соғады...

* * *

— Балам,— деді, анам әкемнің қырқы өткен кешінде, оңаша,— мына шаңырақтың ендігі иесі сен. Балалықтан жігіт жасына қадам бастың. Есей.., әкең аскар тауың еді. Құлады.— Табиғатында тік мінезді, бір айттар, мұңауды білмейтін анамның көзінен соңда тұңғыш рет мөлт-мөлт төгілген жас көрдім. Бірақ сөзін жасып айтып отырган жоқ. Ыстық жігермен сейлеген ол одан әрі, осы науқастан сескенген әкең талай күн өзіңе ойындағысын ақтарғанын да білем. Өзі білген екен. Енді белінді бекем бу!— деген. Үйде де, түзде де әкемнің орны үнірейіп, қайғы буган менің көзімнің жасы көп күндер тыйылмады. Сонда менің жұбататын шешемнен басқа, тағы бір жан ашыр бар еді. Ол — Жаңыл. Екеуміз бір ауылда өстік. Бір мектепте оқыдық. Орта бойлы, сәмбі талдай майысқан талдырмаш қызы еді ол. Ерке, сүйкімді мінезі басқа құрбыларынан ерекше көрсететін. Онысы көnlіне келгенін ағынан жарылып айта салуынан, әлдеқалай біреудің оғаш қылғына тәзбейтіндігінен, адамға жанашырылқ ізгілігінен аңғарылатын. Бүйрек бетінің қаны төгіліп, қарақат көзі күлімдеп, күлғенде маржандай тістері тізіліп, аузын сәл ашып, аңғал қалатын әдеті бар. Аздап үстіңгі ерні дүрдіктеу қалың. Онысы өзіне жарасып, сүйкімді етіп көрсетеді. Сондай жадырап ойнақылана қалғанда маған ол желге үлбіреген қып-қызыл дала бәйшешегіндей көрінетін. Сол күйінде елестетіп, қиялымға ойнатушы едім.

Жаңылдың үйі сиыр фермасында қыстап, жаз жайлауға үзап кетеді. Іргеміз бір қосылып көрген емес. Әкем колхоз басқармасы болған соң шығар, азды-көпті кеңседе қызмет ететіндер аулы оңаша, жекелеу отырады. Содан да Жаңылды мен мектепке барғандаған көремін. Көздің жауын жеп, бұлғақтап өсіп келе жатты ол. Албырт шақ. Бірде жаз айы. Сол Жаңыл пішеншілерге көмекке келе қалды. Мен соның алдында одан бірер күн бұрынған келіп, қауырт науқанның бел ортасында жүргем. Әкесі Дайра өзі

арнайы ертіп келіп, қызының күнсіп, шөлдеп қалмауын бригадирге қадағалап тапсырып кетті. Қыз жұмыс киімімен келіпті. Шөп шомелейтін айырына дейін ала келген. Жыланды биігінің бауырындағы шабындық. Тактайдай тегіс көк майсалы жазықта шабытты еңбек қыза түскен. Бірнеше ат машина тырнадай тізіліп, бірінің соңынан бірі шұбап жылжыды. Орақтың сырлы, жастардың шат коңлді дауыстары шығады. Пішеннің бір тобы маяға салып, бірі арбаларға артып, көпене тұрғызады. Шабындық даласы ду-ду күлкі, қызған жұмыс. Ұзыннан ұзак жал болып жапырыла құлаған көк балаусаға бәрі таласа ұмтылады. Екеу-екеу жұптасып, іштей бәсекеге түскен жастар. Сол күні Жаңылмен қалай тізе қосып қалғанымды өзім ангармай қалдым. Әйтеуір, ыңғайласып бір кетіпніз.

Қызық думанды күндер-ай, шіркін! Бозала таңнан тұрып, тұс кезінде ғана бір сәт мызығып, ымырт жабылғанша тізе бұту деген болмайтын. Бәсеке. Ал кеттік деп жамыраса айырларын көтеріп жатқаны.

Иә, сол күнді қалай ұмытармын. Жыланды басына көзді ашып-жұмғанша бұлт ойнап шыға келді де, әлгідегі мөп-мөлдір аспан найзагай ойнатып, селдетіп төгіп қоя берген. Сатырлап бүршағы қоса төгілсін. Желең киінген жастар қайда баарын білмей дайын кепенеге кіріп кетіп, бой тасалады сонда. Жаңа ғана оралған көк балаусаның иісі жаңбыр исімен араласып, тұрган ауа қандай еді! Құтір-күтір найзагай жарқылдан, жауын селдете жөнелгенде, кепенеге көміліп, Жаңылмен иықтаса құлаптын. Сонда күннің қызуынан да өткір алау денемді шарпыды. Жаңбыр сабалап құйып тұр. Жұмсақ балаусаға нығыздала кіріп, жауыннан қашқақтаған болып Жаңылға тығыла түсем. Сөйлеуге, тіл катуға батылым жетпейді. Ол да қозғалмай бұға түседі. Ыстық демі бетіме шарпылды. Әлті, әлті ме, еріп балқып бара жаттым. Қыздың демі дірілдеп күрсінгенін анық естідім. Осы сәтте айналам, дүние дүңгірлеп, шапқан ат дүбірі естілгендей боп кетті.

— Жаңыл деймін.

- Өү!
- Сөйлесейікші.
- Айта берсей.
- Не айтам...
- Не айтқың келіп еді,— дейді ол. Қапырық шөптің арасының ыстығы ма, ағып терлеп қоя бердім. Аузыма сөз түспей дегбірім қашып, өзімнен өзім қысылам. Ол да, мен де осы аз сөзден соң тіктеліп, иყқасып отырмыз. Ол көзі мөлдіреп жайнап, не айтқың келіп еді, айтсаңы дегендей қыла қарайды.

— Мен,— деймін кекеш адамдай сөзімнің арасын үзіп әдеуір ойланып барып,— сенімен көптен оңаша жолығуды армандалап...— Жаңыл күлді. Мойның бұрып, осы сен не айтқалы отырсың дегендей аңтарыла аузын ашып, ұсақ аппақ тістерін көрсете құлді. Менің тілім байланғандай үнім шығатын емес. Кеуде қуысында от маздай ма, алаулап барам. Аузымды ашсам жаным шығардай күй кештім. Шынымды айтсам, есірікпін. Қыздың мысы басып отыр ма?..

— Оңаша жолығуды армандалап дейсін, ә? Осы отырысымыз ше?— деп күміс теңге шашқандай сықылықтап күлді де — Қадір, өзің қызықсың — деді.

— Нем қызық,— дептін.

— Өзің, мына өзің қызықсың,— Жаңыл көзін кең ашып сыйнай қарады.

— Өзім? Мына мен?

— Иә, дәл осы сен.

— Оны қалай түсінсем екен,— бірте-бірте жүрек-сінуден арылып, бойым үйренейін деді ме, Жаңылға тақала түстім. Тілім шығып келеді.

— Егер қызық болмасаң, мен сенің қасында бұлай отырмас едім.

— Рас айтасың ба?— деймін. Оны құшақтай алатын-дай үмтұла түсіп.

— Мен өтірікті жек көрем,— деген ол мойнына барып қалған қолымды қага итерді. Бұны оның қарсылығы, әлгі

сөздері әшейін келекесі деп үқтym. Жасып қалдым. Үнсіз қалуға дәтім шыдамай:

— Сонда мен байғұстың саған нем қызық болды,— дедім.

— Тек байғұспын демеші, оның ауыр соз ғой. Адам, әсіресе жігіт өз басын кемітпес болар,— деді, ересек кісідей сейлеп. Өзін менен ақылды саңайтын тәрізді.

— Өйтіп мұсіркемей-ақ қой. Ендігі сөзде қанша мән қалды,— дедім жігіт дегеніне марқайсамда тонторыс қана.

— Бар айтатының осымен түгесілсе, маған не дейсің, өзіңнен көр,— деді орнынан тұра берген қыз.

— Тоқташи, сәл кідірші,— деп оның мына сөзінен бір жылылық тапқандай үзілін, білегінен ұстай бергенімде сыйтылып кете барды.

Күн жарқырап ашылган. Отаудай-отаудай шөмелені ықтаған жастарға:

— О-оу! Тұрындар енді. Немене жасырынбақ ойнағандай. Нұрдың сұынан қашып шөпке тығылған деген. Өткіншіге де сейтеме,— деді Жаңыл орнынан тұра дауыстап. Онысы: «Қадір айтайын дегенің шындықтан аулақ, жалған. Өткінші ой»,— дегендей боп естілді маған. Бұл менің Жаңылмен тұңғыш кездесуім еді. Онымен не бітірдім. Адам сияқты жөні тұзу бір ауыз сөзімді де айта алмай енжүргам түсіп тұрғаным мынау. Намыстан жарыла жаздадым. Жасықпын. Ынжықпын. Енді қайтейін... «Қызық болмасаң мен бүйтіп сенің қасында отырмас едім». Отты жанары жаутандап, ішіп-жеп қарағаны көз алдымға келді оның. Эй, Қадыр, сен санасыз болмасаң, осындаі сөзді айтқан қызға қояр не күнәң бар, ойлашы. Мұның артында түсінбейтін не сыр, қандай жұмбак қалды? Осылайша Жаңыл жатсам, тұрсам ойымнан шықпай, қиялымды билеп алды. Сөйтіп мен сезімнің арбауына түстім. Оның Жаңылға деген сүйіспеншілік, інкәрлік екейін мойында масқа ешбір лажым қалған жоқ еді. Өмір тұнған мөлдір махаббат боп көрінген.

Ай сүттей жарығын төғіп, көкті сыйып биқтеп барады. Тұн тымық. Пішеншілер жұрт аударып, өзен жағасына қонған. Жаңа жұрт төсеген кілемдей — қалыңы жапырылмаған. Кең жазықта пырдай боп жыпырлаған көпене біріне-бірі ұласып, қарауыта жонданады. Сол түннің құшнағы-ай, шіркін! Құндізгі шілденің аттап алауы басылған. Салқын саялы дала ракатқа шақырады. Пішені орылған шабындық табаны былқылдаپ жатыр. Өзінен-өзі көрінген-нен секем алып, еліктің лағындај жан-жағына үрке қарайды. Тіпті қостан ұзағысы жоқ. Елеңдеп тұр.

— Жаңыл — дедім оның бойын үйреткім кеп таянып. Бетіме бір қарады да, тезірек басып, менен озыңқырап кетті. Едәүір қостан үзап, жыпырлаған шөмелде арасына келгенде кідіріп, теріс қараган бойы:

— Не? — деді, қатқыл үнмен. — Неге қыр соымнан қалмай жұрсің? Менің не жазығым бар саған? Апама айтсам гой.

— Кешірші жаным, не десең де көндім, кінәлімін,— дедім.

— Кінәнді білсең, обалыма қалма. Қаншама өсек, өрттей қаулаған сез қаптайды ертең. Осыда жетеді. Мына дала күә. Өз айбыңды, кінәнді білсең, менен аулақ бол! — деді. Маңайына жұтар түрі жоқ. Мен таянсам ол сыйыла қозғалады.

— Жаңылым, жаным, мен сені жанымдай корем.

— Жалған! Өткінші соз. Жаңың қеуденде. Мен саған қалай жан болам.

— Өмірі осылай қасымда бір жүрсөң, жаным болмай кімім боласың?

— Иә, әшейін айтып тұрсың. «Өмірі қасымда бір жүрсөң...» Ол не дегенің? Және біреуге-біреу жан болады дегенді естігеним осы.

— Мен сен үшін қандай қыншылық болса да көтерем. Сен үшін бар өмірімді де қиям.

— Өмірімді қиям? Тым арзан емес пе? Онда мені қуып жетіп ұста. Ақыр жаңың екенмін,— деп жүгіре жөнелді. Ақ

көйлегінің етегі көтеріліп, үріккен қояндай зытты кеп. Өкпемді қолыма ап қуып келем. Жеткізер емес. Айлаға көшпесем, жетіп ұстар түрім байқалмады. Шаршатып ұстағым келді. Биқтеу етіп ірі салынған шәмелені орала бергенде, қарсы беттен кеп құшақтай алдым. Денесі тығырышықтай тып-тығыз екен. Құшағымнаң бұлт етіп шығып кете жаздады. Екеуміз де алқынып ұмар-жұмар құлап түстік...

Мұрныма хош иіс келді. Бір түп шыралжынды жастана құлаппыз. Жұпар иіс, шыралжынның іісі бұркырап шыгады. Жұта бергің келеді. Ауа тынысымды кеңітіп, қатты-қатты рақаттана жұтам. Әлі алқынатын сияқтымын. Аңсағаным қолыма түсті. Қозғалсам тылсым тыныштығы шайқалатында. Жаңылдың дәнесі от бөп жанып, жүргегі дүрсілдеп соғады. Сөніп, жанып аймалаймын. Оның көзінде шоқ ай сәулесімен жарқ-жүрк етті. Тұңғызық аспан көгінде шытырадай жылтыраған жұлдыздар сияқты. Құшағымыз жазылар емес...

Құрбақаның шырылдаған даусы шықты. Таң құлан-иектеніп саз беріп келеді. «Қап» деп өкінем. Неге өкіндім, тез атқан таңға ма, әлде ләzzат дәмін таңдайыма татырған бақытты минуттарды қимадым ба? Мен сонда керемет бақытты едім. Кең әлем сонда маган тек сүйіспеншілік пен рақат мекені боп көрінген. Дәл осылай түсінгем. Оның бір бетіне көлеңке түсетінін, мен бейбақ біліппін бе? Алдың кім болжай алған...

Әкемді жерлекен қаралы күндер еңсемді көтертпей койды. Көңіл айтып келушілер үзілетін емес. Ошаң етіп үйден шыға алмаймын. Тұс кезі. Үйге Жаңыл кіріп келді. Құтпеген ем. Тұсі қуқыл, козінде іркілдеғен жас. Төгілмей шарасын толтырып тұрған. Мойныма асылып діріл қағып:

— Қадір, орны толмас қазага ортақпын,— деді. Үні салмақты шықты. Ел ағасы, ел иесінің қазасын жеке көтердім деме. Әкенің жақсы атагы баласына мұра, өсиеті — өнеге. Мұраң құтты, қайырлы болсын. Әдейі көңіл айтқалы келдім, жаным — деп шығып кетті. Кексе

жандай мұнша біліктілікті қайдан тапты. А нам екеуі пікірлес тәрізденіп қалды маган. «Жаным» дейді. Үзіліп айтты, үні қандай нәзік, тәтті еді! Шаңырақ иесі, жігіт болдым десем де, әлі қабыргам қатпапты. Босай берем. Сонда осы екі асыл жан: бірі — нам, екіншісі — Жаңылым қолтығымнан сүйей беріп еді.

Ата-анасы менің әке-шешеммен жақсы қарым-қатынаста болатын. Сіз-бізі тұзу туысқандай сыйлас еді. Әсіреле Жаңылдың әкесі Дайра ақ көңіл, аузын ашса көмейі көрінеді дейтін ізгі жанды адам мені көрген сайын «охो, Қадіржан жігіт болып қапты. Өс! Өс! Елінің ардақтысы бол. Әкене тарт. Әкендей-ак болсын бір азамат. Ал шешендей қойшы», — деп әзілдейтін. Дайраның көп сезіне көңілім өсіп, әсіреле жігіт боп қапсың, әкене тарт, әкендей болсын бір азамат, дегеніне іштей риза болсам да, шешем жөніндегі кібіртігіне едәүір қабаржып қалушы едім. Ол сырын кейін білдім. Дайра шешеммен туган бөле, шешелері апалысіңділі ағаштың егіз жапырагындай бауырлар екен. Сонына бағып, ол апамды көргенде аңқылдаپ, түбі түскен шелектей салдыраушы еді. «Нен бар маған сақтаган? Сені көргенде алпыс екі тамыр түгел босап кетеді, жаным-ау» — дегенде менің шешем қытығы келген баладай сықылықтап құліп мәз болып қалушы еді.

— Әй, Дайра, жасың балалықтан, жігіт — мастықтан өтті. Сенің тоқтасатын кезің болған жоқ па? Қойсанышы, — дейтін, оның қалжынына жауап қайырған болып.

— Сөзім ақ екен. Өмір — құлкі, уақыт — түлкі дегенді білмеуші ме едің. Тай-құлындағы қүйрық, жалын тістесіп өсken, қадір-қасиет біletін сенімен, жалғыз бөлеммен әзіл сапырып ең болмаса сөзбен шашу шашпасам өлгенім де! Сөзіце болайын, — деп жас баладай томсыра қалатын.

Жаңыл осы Дайраның қызы. Әкесі сияқты ақ жарқын, сөзді тауып айтатын, бетің бар, жүзің бар демей кейде ойындағысын актара сөйлейтін мінезі де әкесінен аумайтын. Дайра әлдекалай біреу сөзіне қабаржып, не өкпелей қалса, сол адамның көңілін тапқанша асығушы еді. Қалайда

оны разы етуге тырысатын-ды. Жаңылда соңғы мінез жоқ. Айттым-бітті, кестім-үзілді. Ондайда қой көздері шоқтанып, қарлығаштың қанатындағы қасын керіп, бүйрек беті томпайып, бұртия қалушы еді. Өзіме осы мінезі, бір айтар сөзі қатты ұнайтын. Сәл қалыңдау үстіңгі ернін астыңғы ерніне жымқыра қысып, қас қақтай қалған сәті «ал не ойлап отырымын, тапшы» дегендегі көрінуші еді маған. Көзіме сондай сүйкімді сурет пайда болатын. Жасынан ерке, шолжаңдау бірақ тік мінезді, адал жанды Жаңыл бір үйдегі жалғыз қызы, ұлдан інісі Сағынбек мондыбас, қой аузынан шөп алмайтын бос белбеу.

— Бойымдағы бар қайратымды сен қызға беріппін. Қарашы мына ініце, аузынан сөзі түсін, тінінен тарқатылған жіптей шұбатылған, деп шешесінің Жаңылға талай ұрысқанына күә болғам. Сол Жаңылым мынау... әдеттегідей сөйлемейді. Тілі күрмелгендегі даусы шықпайды. Менің де айтар сөзім түгесілгендей. Ер баладан қыз бала бұрын ер жетеді, деген сөздің парқына барып терең түсіне алмаймын. «Бұл не сөз?» Жаңылдың бойы менің бойымнан биік емес. Менен едәүір аласа. Ендеше ол қалайша менен бұрын ер жетеді. Осы сөзді ойлаганда неліктен екенін өзім де білмеймін, ішім алау-жалау болып кетеді. Өзіме беймәлім ыстық лап ете қалғандай бүкіл денем күйіп-жанатын. Сөйтсем қызың ер баладан бұрын ер жетуінде басаша сыр жатыпты. Мен ол сырды сол ай қорғалап туған, шыралжың іісі мұрнымды жарған түнде, балаусалы шалғында... фана пайымдаптын. Онда да емес қазір фана салмақтап отырымын. Жүргегімнің лұпіліне дейін естіп, бауырыма сынадай кірғен Жаңыл:

— Қадір,— деді еркелеген дауыспен дәл құлағымның түбінен сыйырлап,— мен сені неге жақсы көрем. Қарашы, жүргегім аузыма тығылады. Сен! Сен деп соғады. Алып-ұшып түрган бірдеме. Сені тағдыр талайыма сыйлады ма? Мына сені,— деп даусын дірілдettі, жылап жіберердей. Қатты қобалжыдым. Денем өзімдікі емес сияқты. Әлгіде фана ойсыз бал бакыттың құшағындағы өрікпіген көңіл

сөң жүрген өзендей астан-кестен. Бойымды құйын соққан-дай. Өзім осындай хал кешем де Жаңылды бауырыма тартып жұбаттым. Ішкілар тигендей ол қатты құрсініл, ыстық демін бұрқыратты. Оның үйінің тұсына келіп кідір-генбіз. Үйіне қарай жүре берді де:

— Сәл кідірейікші,— деді сыйбырмен,— ай туып келеді. Үлкендер айың тусын оныңнан, жұлдызың тусын солын-нан деп жатпай ма, дидарымызды ай жарықтықтың сүт сәулесіне тосайықши. Неткен жарқын тұн!— Ол терен тыныстап дем алды.

Ай биіктеп барады. Жұбымыз жазылмаған біздер бірімізді-біріміз қия алатын емеспіз. Мен оған, ол маған телміре қарайды. Айттар сөз таусылды ма? Ай сәулесі бетіне түскен. Жаңыл аппақ жұмыртқадай бол кетті енді көзіме Сұқтанамын кеп.

— Қадір, бұрын бұған дейін өзімді болмаған құйын-сезім мазамды ала береді. Саған айтап-айтпасымды білмей дағдарам,— Мына сөзі мені қатты толқытты. Аң-таң аузым-ды ашып, бетіне қарай қалсам керек. Бұл менің анамның сөзі.— Өмір тулаган толқындағы қайық. Қуатты ескегін болмаса, беттеген жеріңе жете алмайсың. Түпсіз теренге аударылып қалса ше?— оның жаудыраған жанары мөл-дірей қарайды.

...Жаңағы дауылда тулаган толқын айдағы жалғыз қайықта қалт-құлт үрейлі сезім құшагында қалған ол анғал әлі албырт еді. Бойы да, ойы да жас шыбықтай солқыл-дайтын.

Жеті қаранды түнде аяғымның астынан ұша жөнелген құстай қолтығымнан бұлқына шығып жүгіре жөнелген Жаңыл көз алдындағай ғайып болды. Түннің аты — түн. Төнірек тұтқыштай қап-қара. Жаңыл кеткен жаққа арса-ландал жүгіріп келем. Қатты дауыстап, айқайлауға жүрттан жасқанам. «Жаңыл! Жаңыл! Жаңы...ы...л!» деп түншыға сыйбырлап үн катам. Құні кеше ғана орылған шалғын жыптыраған кепенелер, одан әрі өзен жағасы керегедей бидайық. Қарауытқан қау, ораққа түспеген жыңғыл аралас

ормандай шыралжың. Сүйила барып ерек жусан, дала отымен ұласып, қыр асып жазыққа айналады. **Жаңыл** олай кетпейді. Шабындық табанды тінте көз жүгіртіп, ентелей жүгіреміп. Су тасқыны жырган шорқындыға бір құлап алдым. Тіземді жыртып кетті. Ашып келеді, оған қарап жатқам жоқ. Терледім. Алқынып, жер жұтып кетті ме? Енді болмаса күдер үзе бастағам. Дәл аяғымның астында қалыңға кіріп бөденедей бұғып отырган **Жаңыл** атып тұрды. Шошып, едәуір қобалжып қалдым. Балаша мұнысы несі?! Үнсіздік жайлана. Қатар келеміз. Оған үрлана көз жүгіртем. Ойымда айтарым көп сияқты, бірақ ештеме дей алмаймын. Ойым пышырап, іріп жұнжіп келем. Менің осы ақуалімді білгендей ол:

— Мен ескексіз қайықтағы жолаушы сияқтымын, Қадірім! Екеуіміз бір қайықтағы жолаушы болсақ, оны мегзеген жағаға жеткізу ер адамның ісі — деді. Көзі отты көрінді. Осы қысқа сөзге келген ол көйлегінің етегі желліжелп етіп жүгіріп үйіне еніп кетті. Мен оның соңынан қарап көп тұрып қалғам. Ойлы едім...

«Япыр-аяу, келешектің осындай боларын **Жаңылдың** білгені ме? Коріпкелі болғаны ма, сонда? Әлде, қасірет деген сүмдүктың көзге көрінбей жүрекке жеткізетін хабаршысы бар ма?»

Сол түннің таңы сарғайып, торғайы шырылдаған да кеп төсегіме құлағам. Біздің үй биыл сиыр фермасына қосылған. Шешем сауыншы. Мен пішеншілер бригадірінен бір күнге сұранып үйге келем. Қатты үйықтаппyn. Бетіме шалқайып ашылған түндіктен күннің ыстығы етіп ояндым. Сыртта дабырлаған шаң-шұң дыбыс естіледі. Көзімді уқалаған бойда далаға атып шықтым. Ауыл адамдары пункт аталған қоңыр үйдің жанына топталған. Сепаратордың зыңылдаған даусы шығады. Сары саскеге дейін сұт тартып болмаған тәрізді.

- Мынау тегін шабыс емес.
- Атын үстін-үстін қамшылайды өзі.
- Омырауы ашылып, далақтаған байғұс...

- Дәу де болса сүйінші сұрай келеді.
- Айтқаның келсін, аузыңа май, — деп әйелдер мен балалар шапқан аттылыны асыға күтіп қалған.

Ересек адамдар шөпке, малға, егін даласына, басқа түрлі науқандық жұмысқа кетін, бұл тұргандар ауылдағы бала-шаға. Мен үрпе-түрпем шығып қастарына келдім. Пункіт үйінің есігін айқара ашып мені тосып тұргандай **Жаңылдың** шешесі қарсы шыққанда, өзімнен өзім қуыстанип, бетімнен отым шықты. Теріс қарап бұрыла бердім, бірақ оның менімен ісі болған жоқ. Екі көзі ауылға келіп қалған аттылы да:

— Жүрісі катты екен, әйтеуір, жақсылық болғай,— деді ол үрке шошына қалған көптің қатарына тұра беріп. Шымдақты дүрсілдете бастырып, атын ентіктіре жеткен ол:

— Элемет нәубет! Сұмдық! Соғыс! Соғыс басталды! Фашистік Германия бүгін таң алдында тұтқылдан шекараға басып кірді...

— Не дейді? — Бір-ақ ауыз сез шықты көп аузынан. Аяусыз көп мандайға тиген соққыдан есендіреген жандай бәрі үнсіз қалды. Ашық аспан қарауытып жүре бергендей болды. Мен-зен. Бір-біріне үнсіз қарап қалған топ. Тымтырыс. Дүние құлаққа ұрған танадай. Қас-қағымда естүстен айырылғандай. Әлден уақытта барып, лап етіп үсті-басы жанған адамдай дуылдап кетті бәрі.

Көзімді ашып, өзіме өзім келгенімде Сарысу өзенінің **Жайынды** су аталған әр уақыт қоңыр қошқыл тартып, шымырлап баяу толқып жататын айдынның жағасында отырғанымды білдім. Үйқыдан шошып оянып, есін жия алмай қалған кісі сияқтымын. Астан-кестен, қым-куыт арпалыс, сан қылыш шырғалаң қамалады. Құлкі базары, рақат тіршілік оты сөніп, ел көшкен жұртта жалғыз қалғандаймын. Лезде туған далам бал дәурен, балалық шағым қызығына тоймаған Сарысуым құлазып, бар әрінен ажырап кетті. Ауылға сол күні қас қарая зорға оралдым. Есейіп

ширығып, қатып бекін оралдым. Ол бірақ, іштей өсу, іштей ширығу еді.

— Балам-ау, мұнша жүдеп жарты күнде жарым жасынды жасағаның не? Сүйегінде оты бар жігіт бола ма десем, борығып шегіп кеткені несі!— шешем бетіме үрейлене қараған.— Экең марқұмның қәтепті қара нардай беріктігінен ештеменің саған дарымағаны ма? Тәйт, жаман шірік неме, ел басына күн туғанда ауыртпалығын қөтерер, иығын тосар ұлы емессің бе? Белінді бу! Күні ертең жауға қарсы шабар арыстаны, мұқалмас семсері, қолтық керіп сілтер көксүңгі наизасы кім деп едің! Сол көптің бірімін деп сана өзінді. Шира, ширышық атар шағың келді!— деп мені дүр сілкінні. Жердің жарығы болса кірін кетер едім. Жауалығы ақ шатырдай, кеудесін биік қөтеріп, өнінде сұс жиган. Басқалардай мана даусын да шығармаған еді. Ендігі жүректі ер, қайсар батырдай қайратына мінген түрі мынау. Ләм деп жақ ашпадым.

Інір қаранғылығы түмшалап келеді. Туырлық тұндігіне жамау түскен төрт қанат үйімнің төрінде жалғыз өзім. Тұндік ашық. Сол алақандай жерден жұлдыздар сығалай бастады. Жыптырлап бірінен соң бірі жалт-жұлт көрінеді. Таласа, кек зенгірге биікке өрмелеп тырмысып бара жатқандай. Анам жер ошақ басында кешкі сауған сүтін пісіріп, өзімен-өзі. Қараптан-қарап отырып жабығып кеттім. Құлагыма шілде-шегірткенің жарық сыйбызыңда үні тыныссыз естіледі. Өрісте жалғыз қалып, енді ғана қайтты ма, жер көкті басына қөтерген сиыр мөнірейді. Бар даусымен дүниенің көшіріп келеді. Жалғыз қалғандай жаныға ышқыннады. Ауыл шетіне келе бере оның да үні ошті. Алдынан байлаусыз қалған бұзауы жетті ме, әлгі жан дауыс саптынды. Дайраның үйі біздің үйден үш-төрт үй әрегірек. Кешкі дауыстың жаңғырығып саңқылдап естілетін әдеті емес пе:

— **Жаңыл!** А, **Жаңыл**, жүгір, жүгір тез! Айтып ем фой жана қасқа сиырдың даусы деп. Бұзауды байлай қоймап едің. Салды жүгірмек барын. Еміп коятын болды, тез

енди,— деп айқайлаган даусы жетті. Елеңдеген мен тыска шыктым. Біздің үйдің желкесінде ғана бұзау жамырапты. Тайыншадай қоңыр бұзау енесінің желінің жұлып алардай тұмсығын тесеп, еміп жатқанда зыр қаға жүгіріп Жаңыл да жетті. Ересек бұзау қызға бой берер емес. Желінге кенеше жабысып алған. Жаңыл бері, бұзау әрі тартады. Ноқтасынан сүйреп, күшпен зорға ажыраттым.

— Не деген күшті өзі. Үрпіндегі сүттің бәрін еміп, карашы аузының көпіре қалғанын, дейді Жаңыл, өшіге қарап.

— Бой берер түрі жоқ, ә?— деймін мен. Күшің жетпеді деуге аузым бармай.

— Бұл, бұл ма, бұл — кесір. Аяғымды талай езіп,— ол бұзауды үйіне жетелеп жүрді.

— Бір бұзауға шамаң келмегеңі ме? Әлсізсің фой, сірә,— деймін оны сөзге тартып.

— Мал емес пе. Дүлей өзі. Күшті-ақ. Кейде бой бермей сүйрей жөнелетіші бар, дейді оныма Жаңыл.

— Сен ноқтасынан тарт, мойны айрылған соң не күш қалады онда,— дедім өзімше ақыл үйреткен боп. Дайраның үйіне таяп кеп қалдық. Қасарысып тырмысқан қоңыр бұзаудың бас жібінен ілгері сүйрей бере Жаңылдың құлағына сыйырладым: «Ел жатқан соң қызырайық» ол басын изеді. Ай қорғалаған. Өзен жагасында Жаңыл екеуміз екі жарты бір бүтіш боп отырмыз. Суық сөз көкірегімді удай ашытып жіберді. Жел қаққан егіз жапырақтай біздің бойымызда діріл бар.

— Мана әкем,— Дайраны айтып отыр,— қиямет-қайым енді болады. Ата жаумен айқас басталды. Не өлім, не өмір! Өліспей-беріспейтін қырын келді. «Ақтабан шұбырынды, алқақөл сұлама» жаугершілік заманды ата-бала қалай аңыз етсе, бұл оданда ауыр сұрапыл болары хақ. Зор майдан-қиянатқа аттанбайтын адам қалмайды. Жеріне жау шапқанда аттандамаған ел, ел ме! Бәйбішем, етекжеңінді жия бер. Белінді мықтап бу,— деп қабағын қарс жауып түнеріп кеп отырды. Бұрын бұл әкемде болмаған

күйзеліс. Ашулы түрі қандай. Қорқып кеттім. Жүрегім әлі су-су етеді. Сонда сен де аттанасың ба?— жүргегі дүрсілдеген қызы не айтар екен дей ме, тұн перделеген бетіме үңілді. Жауабым әзір еді. Бірақ оның аңғал, бейкүнә көңіліп қобалжытқым келмеді. Құні бұрын аттандалап қайтем. Жел қозғаған жағадағы балауса құрақтың сыйбыры, анда-санда шоршыған балықтың шолпылын естіп, қарауытқан озенге ойланған қарап ұнсіз отырмын. Сарысу түнде өрілген қара бұрымдай боп бұлықси жылжиды. Жар қабағындағы балауса құрақты шеп-шоп сүйіп, сәүкелесі сылдыраған қыздай сылаңдалап ағады. Өзеннің арғы қабағы кемерленіп қарауытқан. Бойым түршігіп, Жаңылға тыбыла түстім.

— Әне, былай, былай қарашы,— қолымды шошайттым.

— Қайда, ол не?— елеңдеп қарады мойнын мен нұсқаған түсқа созып.

— Калын қамыс кой. Түнде өртенген маяның орнындағүрейлі көрінеді екен,— дедім. Опынған ойымда құйын соққандай ойыраған тыныштық, қимас жастық, бақытты шақ, жанымның қиналып отырғанын Жаңыл қайдан білсін,— Дайра аға дұрыс айтқан. Фашистер — ата жау. Адамдықтың дүшпаны содан гой,— деймін одан әрі ойымды жалғап,— алдағы күндер түнгі өзеннің арғы беті сияқты қара жамылып кетуі де ықтимал.

— Сонда мен... қайтем? Сен,— деген Жаңыл өксіп-өксіп жылап жіберді. Бетіме тамған көз жасы ып-ыстық. Аймалағанымда кермек дәм тіліме білінді.

— Әрине, мен азаматтын. Сені, Отанымды, туган жерімді қоргауды керек. Ел бақытын қорғау үлесіне тиғен адамда не арман бар,— оның көңілін орнықтыра ертеңі күнге бойын үйретіп жатқаным бұл. Жаңыл күрсініп тыңдады. Өзен бойын өрлеп, аяндалап келеміз. Үн жоқ. Бар айтарымыз таусылтандай. Жаңыл сәлден кейін жолымды кесіп қарсы тұра қалды.

— Қасиеттім, қадірлім, тұн түнек осы айсыз қараңыда ел шетіне жау кіріп, халық басына екіталай құн туган

заманда антым — мен мәнғілік сендікпін. Жаным сен журген жерде. Журегім жүргіңмен бір,— ол мойныма асылды. Қыз қатты толқып тұр. Бірақ сол түнде тағдырдың басымызға қандай қынышылық тауқымет салмағын салатынын, өмірдің не сыйлайтынын біліппіз бе? Армансыз, мақсатсыз жастық болмайтыны қандай шындық болса бұл да, әрине...

«Бірлік» колхозының ер азаматы екі дүркін аттанды. Мен соңғы дүрмекпен кеттім. Сол күн, туған жерден алыс беймағлұм арпалыс даласына не өлім, не өмір деп аттанған сәт, тебіренген ата-ана, жаны пәк, көңілі от, сүйкті құрбы, кіндік қан тамған жер қазір де сондағы қалпында көз алдында. Нокатына дейін өшпей сақталған.

Көшіліфі салт атты, бірсыптырасы түйе, ат жеккен пірішкеге шөп салып жайғасқан. Әскери комиссариатқа баратын кесікті мерзім-ертеңгі сағат тоғыз. Қанша тығыздап асықтырганмен ауылдан аттану оңай болмады. Жағалай отырған уйден дәм татып, карт ата-ананың батасын алуудың өзі жарты күнге созылды. Ұбап-шұбап шойын жолға шығатын қасқа жолға беттегелі талай уақыт болған. Аңыраған ана, күрсінген ата, өксіген құрбы мен қимас жар, булықкан бала даусы қосыла сыңып күніреніп кетті. Байтақ дала аһлап-үйілеп дем алатын тәрізді Развезден колхоз аулы арасындағы Қарағанды жал үстіне қағылған мосы ағаштың түбіне жете тоқтағанбыз.

— Ұзай бермендер. Күн тұс ауды. Сиырдың түскі сауыны боп қалды. Ауылға қайтындар,— дейді жігіттер шығарып салған топқа.

— Қазір-ақ барамыз. Сәл ілгері жүріндер,— дегендерді кимелеп көреміз бе, көрмейміз бе, қараптарым,— деп кем-сендеп қоздерін сұрткен қарттар көнер емес. Топтала берді. Айтары таусылар емес, аманаты өз алдына. Осы ошарылған, үйездеген жылқыдай копті өзіне жалт қаратқан шешемнің даусы бұжолы әдеттегіден өктем шықты.

— Тоқта өңшең шуылдақ! Қайдағыны шығарып ботадай боздамай! Келмеске бара жатқан ұл жоқ. Жағадан

алған жаумен айқасқанның бәрі өлмейді. Ажалға кім араша тұрады. Ажал аулақ болсын сендерден бауыр етім, балаларым. Жортқанда жолдарың болсын! Қорықканға кос көрінеді. Батырдан ажал қашқан. Бәрің де батыр бол! Ерлік ел қасиеті, ел даңқы!— деп маған көзінің оты жарқылдаپ қараған анам.— Балам әкенің өсіетін есінде сақта. Өлер алдындағы өсіетін үмытсаң сен де бір шіріген жұмыртқасың. Эке даусын құлағында, сезін жүргегінде сақта. Сүм пәшестке лағынет! Ата-ана қарғысы, адал еңбек наласы атсын. Жеңіспен оралыңдар! Жарықтық. Өр аталарыңың әруағы қолдасын!— деді шаңқ-шашқ сөйлеген ол. Соңсоң өзі бастап ауылға бет бұрды. Жігіттер қозғала берген. Жылап-сықтаған қатын-бала үлкендер кейіндеп қалып барады.

Көзім **Жаңылдың** көзіне кезігіп қалғаны. Шаrasы жасқа толып, сырлы аяққа мәймұлдете құйылған кара судай тегілгелі тұр. Бүйрек беті ісініп, үстінгі қалындау ерні дір-дір. Қолында бүктелген ақ орамалдың шетін көрсетіп, ал деп ишара етті. Жөнеле бергенім сол еді, жұртқа белгісіз сырым ашылардай қысылдым. Жігіттер осы қысылтаяң қимас шақта жүйкесі босағандарын білдірмейін дегендей аттарына қамшы басып жүйткі жөнелген. Дүрмекке ере берген мен атымның басын қалай бұрып алғанымды өзім де аңғармай қалдым. Құнанынан тақымама басқан **Кектүйғының** сол жорғасын төгілтіп кеп **Жаңылдың** қолындағы орамалды іліп алдым. Ат басын тежеп, ып-ыстық, жібектей жұмсақ қолының сыртынан еңкейе беріп шөп сүйдім. Даусы құмыға шыққан **Жаңылдың** «Қош, жаным» дегені құлагыма анық шалынды. Тілдесіп тұрар мұрша жок. Бойым от болып ысып жүре бергем. Атымның басын босатып құйғыта шауып, жолдастарымнан едәуір оза бердім. Бұл менің әлі жария болмаған тұңғыш махаббатым екенін басқалар білді ме, білмеді ме үрлығы ашылар жандай ұялып, қысылам. Бетімді көрсеткім келмейді. Кектүйғының бар жорғасымен тенселе шайқалдым. Көзімнің алды тұманданып кеткен. **Жаңыл** берген

төрт бүктеулі жібек орамалды жазып қарадым. «Жаным, әлемдегі қасиеттім Қадырга — Жаңылдан» деген жазу қызыл жібек жіппен кестелеп өрілген. Орамалмен бірге тілдей хат жүр. Ат үстінде теңселип келе жатып, жүгірте оқыдым. «Тұнімен көз ілмей осыны өзіне арнап тіктім. Кезімдей көр, жоғалтпа. Сағынғанда мені есіне түсірерсің. Өзінді, тек сені мәңгілік сүйген — Жаңылың!»

— О, о, оңашалап сен өзің хат оқып келесің бе, ей? Ауылдан шықпай жатып хат алыш,— деген дауыска жалт қарадым. Жіңішке қамшыдай қатқан торы бестінің басымен алышқан — Тасбек. Оның мына сөзі жаныма шашшадай қадалса да ештеңе демедім. «Жәй әшейін» деп ескеру-сіз, елемеген сыңай аңғартқан болдым.

Тасбек менімен бір класта қатар оқыған ауыл баласы. Экесі Әбен колхоздың астық сарайында бірнеше жыл кілтші болған. Қалай болғанын қайдам, мойнына сақтық қордың астығы мініп, жауапқа тартылғанын білем. Содан кейін мектепті тастап кеткен Тасбек әкесінің сонысы бетіне шіркеу бола ма, басқаға таянбай өзінше жеке, саяқ жүре-тін, ашушаң, мінезі кіді, тез. Өз дегені болмаса, басқаның ымырасына көнбейтіп қызыры еді. Сол Тасбек мынадай қатерлі сапарға аттанар кездे мені қолайттап, қасымнан шықпай жүрген. Басқа жігіттерден бөліне жарылып, оңашалған маған жеткен, түрі бұл. Оның бетіңе жақтырманған сыңайда алара қарадым. Тұсі солғын. Өзі егіле жылаған ба, көзінің еті қызарып кетіпті. Маңдайына, көзіне түсіре ақ орамал байлад алған. Мына түрінде ат бәйгесіне шабатын бала тәрізді көрінген маған. Ол бір түрлі мұн басқан үнмен:

— Қадыр, осы аттарды кім алыш қайтады, бұл біздің атқа мінуіміздің соңы шығар. Туған жердің төсін дүбірге толтырып құйғытып алайынышы бір. Әне, жігіттер,— деген ол атының басын босата берді де, кекесін дауыспен бетіме алара қарап:

— Әлде Жаңылдың берген орамалын оңаша көріп, өзінше жетісіп мәз боп келесің бе? Ондай орамал мына

дәдәнде де бар. **Жалғыз** сенде ғана ма?— дегені. Тасбек қалтасынан шетіне қызыл кесте жүргізген орамал шығарып, шауып келе жатып, құстың қанатындаш шұбалта жазды. Мына сөз маған атқан өқтән кем тиген жоқ. «**Жаңыл** Тасбекке де ескерткіш орамал бергені ме? Оған да оюолап, жаным Тасбекке деп жазды ма екен». Аяқ астында бықсып, алай-дүлей түтінге тұншығып қалдым. Ағынан жарылып, «Сені мәңгілік сүйемін» деген ант ішкен, қол алысқан жаның екі жұзді болғаны ма? Опасыз! Мүмкін емес дейді желке тұсымнан біреу. Қайдан білесің мал аласы сыртында, адам аласы ішінде дегендей тағы біреу өзуерейді. Ат үстіне отыра алмай теңселіп кеттім. «Осындай екіталай заманда адам мінезі өзгере беретін болар. Әлде Тасбек өзінің Тасбектігін істеп бара ма? Жок, **Жаңыл** ондай опсыздықта бармайды. Әрине, Тасбекке ескерткіш орамал берген болса опасыз». Осы құдік жүрегімнің басында түйіншектеліп, шемен болып қатып қалды. Өзімді-озім қанша олай болуга тиісті емес деп иландырсам да, қызғаныш па, басқа ма, түйткіл, кесепат ой іші-бауырымды қара мысық болып аюдай тырнағымен осады кеп. **Жаңылға** деген сүйіспеншілік «олай емес» деп жекле-жекке шақырады. Тұндей тұнердім.

Көктүйғын басын сүзе алақашып дөңгеленіп келеді. Құлағымда анамның «Әкеңнің даусын ұмытпа!», **Жаңылдың** «Қош жаным!» деген үндері жаңырығады. Аттың екінінен қарсы алдыннан қоңыр жел үдей соқты. Көкжиекке сағым ойнаған далага қараймын. Кең жазық дариядай тасыған сүт сағымның құшағында толқынжай тулайды. Коктүйғын барын салып шайқалады. Оның бипыл жорғасы әкемнің қарагай домбырада шерткен күйін есіме түсірді. Асқақ күй, сахара аңызы бас пернеден төгіле шығып, төмендеген сайын, сағаққа барған сайын таңдайын қағып, тілге оралмас, ойда ғана сарқынды боп ұйыған ыстық әуенге ұласады. Баурап алып барады. Самғап шырқала түседі. Елге, жерге арналған тозбас, сарқылмас күй болып төғіледі. Кант боп қалқып, шабыт боп шалқиды. Күй сарыны бойым-

ды балқытты. Артыма бұрыла қарадым. Кейін қалған ауыл адамы топтала ұбақ-шұбақ жылжып қайткан. Қолдар бұлғанып, орамалдар желінеді. Ішім алау-жалау. Бірақ іле-шала таң-тамаша күйге көштім. Соңымнан кең дала, тау, ак иық адыр, орман қозғалып атойладап келеді. Атойладап емес-ау, бүкіл болмас бітімімен жүгіре жылжып ентелеп келеді. Өзім биігінде талай асыр салған Түйемойнақ, Үштаған, Жыланда белшесінен дарияға батып малшына жүгірген. Майданға аттанған азаматын қимас коңілмен шығарып салғалы үмтұлысқандай. Дала, бүкіл атырапқа жан бітіп қозғалған Қарғанды жалдың қара жол қасқайтқан аспанына қарай аңырата шапқан батырдың дұлығасындай Жыланды биігінің тәбесі қылт-қылт көрінеді. Жау қайдалап шапқан, батыр ма? — дерсің оны. Іші бауыры езіліп, біздің соңымыздан жалт-жалт қарап, ілгері басқан аяғы кері кетіп, көз жастарын көл етіп бара жатқан карттар, қызы-қырқын, әйел, балалар...

— Біздің туп атамыз — өр батыр. Есінде болсын ерлік, батырлық намыстан, адам бойында сарқылмас туа біткен қайсарлықтан өрбиді. Жеті атаға мұра болған қарағай сапты кек наиза аталар қолында талай мемменсіген дүшпанның өкпесін тескен. Өзі ізделп келген жауға қарсы шықпаған халықты, намысын қайрамаған ұлын кім деуғе болады?

Сарыарқаның кең жазығында үйдім-үйдім қорымдарды қалмақ қырылған атандырған ата-бабаға біз әмандада қарыздармыз... Олар елдігін сақтап кетті. Ол мұраны қастерлеу, қасиет түту үрпактың мәнғі борышы.

Сол батыр атаң бірде үзак жолаушы сапардан келе жатып несердің астында қалады. Шелектеп құйған жауын да бірде ана жерден, бірде мына жерден жарқ-жүрк ағып түскен жай жүргізбепті. Тұн мезгілі екен. Алдынан тәбелі тамы бар көп қорым кезіне береді. Не болса да жауын басылғанша тәбесі бітеу бүрмелі тамның біріне кіріп пана-ламақ болып, атынан түсіп ішіне еніп келеді. Осы кездे жарқ етін шағылған сіреккедей моланың ішін ағылжым

сәулеге толтырып жіберген найзагайдың жарығында төрден құшағын жайып қарсы ұмтылған зор денесін көзі шала-ды. Ойда жоқта кез болған мына сүмдиктан бойы дір етіп, жүргі шымырлаған батыр жөппелдемеде не істерін білмей қалт тұрып қалыпты. Әлгі керемет те бұны бірден тарпа бас сала алмай кідіре берген. Аспаны астан-кестен от шашып шелектен су төккен, бұлты жабағыдай үйисқан түнек түнде табалдырығын аттаған моладан кейін шегінбей нар тәуекел деп батыр қасқая қарап тұрыпты. Найзагай қайта бір жарқ ете қалғанда төрдегі сүмдік азыу сақылдап бұған тап береді. Екеуді жағаласа кетеді. Найза, қылыш қолданылар жер тар. Айдаһардай ірі тұлғалы дүлей дәңгелете үйіреді мұны. Кезек жығысып, жанталас-арпалыс кезінде қабірдің бет ағашы опырылып, дүшпан ошарылып төңкеріле құлайды. Жауын жұмарлап басқан палуан қаңжарын суыра бергенде, аспан күтірлеп, қақ жарылып қүйрықты жұлдыздай соргалған жай түседі. Кербілте сарғыш көгілдір сәулеге шағылысқан көкболаттың жүзі кенірдегіне төселе бергенін көрген алапат күш иесі тағай-дай тулас, устіндегі батырды тымақтай лақтырады. Жан-кешті дүшпанына бар қуатын жұмсал ұмтылған батырдың қолынан сынаптай сусыған ол заматта түн қойнына кіріп ғайып болады.

Өз көзімен көрген, моланың ішінде жан алып, жан беріп алысқан бірін-бірі ұнтарап тастауға ұмтылысқан таң-тамаша болып батыр отырып қала береді. Құн сабалап жауа береді. Биікте аспан күмбезінде беймағлұм дария тасып, кемерінен асып, қара жер қайдасың деп ағып кеп төғліп жатқан тәрізді. Сол ағыл-тегіл кек бұйра толқынның асыр салған жойқын судың қайда құйып жатқанын көргісі келгендей шырпысын сатыр-сұтыр сындыра шаққан кек сәулесінің тосын жарығына елтігендей мұлгіп отырып таң атырады. Құн шыға несер басылады. Телегей-теніз кек жазира сонда еріген қорғасында тұнып балбырап жатыпты. Қайдағы құм екенін нақты атап айтудың қысын. Әйтеуір, ата-мекендерінің биік шағылды көп құмның бірі екені ақиқат. Құмға су

тұрған ба. Бір тұн жауған жауын сұзы да құрдымға сіңген дариядай тартылып, дала қоныр желге желпінеді. Атына қонған батыр тұндегі жұмбаққүш иесін ұмыта алмай, наизағайдың сәулесінде ағып көлеңкедей боп кетіп бара жатқан бейнесін ойша бағымдаған сол бағытқа бет алады. Қоныр барқыт тақиядай бүйрарат төбелердің арасынан келе жатып нар бураның табанындаған мөрі құмға айқын басылған жат ізді көрді. Из әр жерден бір-ақ түскен. Адымы атылған жолбарыстай бұл неткен ғажап деп таңданған батыр бірте-бірте жаңарап түскен соны ізбен қалың қорыс қопаға кеп кіреді. Тал, жиде, қамыс, түбі қобсып қияқ есken қалыңға наизасын серт ұстап ене береді, ене береді. Әбден тузыраған ит тұмсығы өтпейтін қалыңды омырауы мен жарып келе жатқан батырдың тұлпары кенет осқырып, пыр-пырлап танауын тартып ілгері баспай жалтандай береді. Құн төбеге биіктеп қалған сәт екен. Мойнын созып алдына зер салған батыр өзінен әй дейтін жерде шалқасынан жатып қор-қор үйықтаған қап-қара сұмдық көріпті. Денесін қара ешкінің қылындағы түк басқан ол қаннен-қаперсіз үйінің төрінде жатқан байдың мырзасындағы қорылға батып жатады. Бабамыз нәмәрт болмаған «Қой, үйқыда жатқанда бас салсам қапы кеттім дер. Оным ердің ісі болмас, ездіктен тәңірім өзің сақта! Үйқыдағы да өлі. Не де болса оятып айқасайын», — деп наизасымен құс табанына тұртеді ғой. Орнынан атып тұрған әлгінің бойы ат үстіндегі батырмен теңесіп-ақ қалады. Шошынып қатты бақырып, дауыстап жібереді ол. Онысы не малдың, не адамның, үшқан құс, жүгірген аңың ешбірінің таныс дыбысына ұқсамапты. Жалт етіп үркे қараған жанары сексеуілдің шоғындағы маңдайына түскен шудадай қастың астында қып-қызыл боп, кірпігін қақпастан шегіне береді. Батырдың тұлпары айдаһар көргендей шұрқырап кісінеп жібереді. Атамыз наизасын оңтайлап тез шашып тастамақ боп үмтүлса аты ілгерілеу орнына шегініп, осқырып аяғын баспай қояды. Қалыңды жапырып түге тұлағандай, жолындағыны тапап қаша жөнелғен сұмдықты батыр тамашалап қала берген.

— Бойы атан түйедей, денесін жалпылдаған қап-қара жұн басқан, шашы иығына, сақалы кеудесіне түскен жалаң аяқ, арыстай кісі киік сүмдышқың сол пошымы жан шошырлық еді,— деп отырады екен батыр. Өмірімде еліммен қанша бетпе-бет айқасқа түсе жүре жүргегімнің шымыр етіп шошынғанын сонда бір рет қана сездім. Бірақ ол сүмдышқта белдесуге жарамай қаша жөнелді — депті.

Атын өкпеге теуіп бұған дейін көз көріп, құлақ естімеген құбыжықтың сырын білуғе, қолға түсіруді ниет қылған өр батыр кісі киікті күнімен қуады. Шагылданшағылға, биіктен-бійкке қолтықтағы жүндей үйысып өскен құм ішіндеғі тал мен қамыстың қалыңына тығылған түндей кара жалбыр жұн, жат үнді тіршілік иесін өкшелеп қанша қуса да жете алмайды. Аты болдырып, өзі титықтап шаршапты. Бар күшін сарқып артына жалт-жалт қарап батысқа бет алған құбыжықты өкшелей түседі батыр. Күн кешкіріп батуға таянады. Әбден терлең, үсті-басы сабалақтанған қаракерегедей биіктің басына шықкан әлгі ұлығын иттей, иуулаған қасқырдай, боздаған түйедей, мөніреген сиырдай әйтеуір түсініксіз үнмен сарнап бойына актық күшін жинағы ма, кім білсін, құстай ұшып, құйындей домалап зыта жөнеледі. Көзді ашып-жүмғанша жымжылас жоғалады. Аты болдырған батыр да сол биіктің басына, далаға түнеп келесі күні ғана аулына оралады. Сен-сөң тымақ киғендей жынысып түйе сіңір, түзген, басқа түрлі қалың шөп өскен сол төбе кейіп «Албасты қашқан» атанип кетті.

— Балам біліп қой. Біздің түпкі атамыз осындаі атақты жүрек жұтқан ер болатын. Әкемнің көтеріңкі даусы құлагымнан кетер емес. Көзіме құбыжықты бездіре қуган сауыт-сайманы жарқылдаған қарагай наизалы, алып денелі, бетінен түті шыққан бабам елестейді. Атының басымен алдың жау қайдалап салып ұрып бара жатады...

Тақымдай қысып, ат басын босатып өзара әзілдесіп ойнап келе жатқан жігіттерді қуып жеттім. Тағы Тасбек елден бұрын:

— Сен немене бұл, оңаіпалана бердің гой. **Жылағаннан** саумысың өзі,— деуі мүң екен.

— Рас, мына шіркіннің көзі шілдің артындағы қызырып кетінгі.

— Жаман қатын сияқты қорсылдауға ұялсайшы.

— Жалғыз сен бе, ей, майданға аттанған.

— М немені Бақтыбайдан туды. Батыр атағы бүкіл казақ, қалмақты дүр сілкіндірген ор бабамның ұрпағы дейді-ау! Тәйт!

— Сен үшін жаумен бір-ақ... қиналасаң осы жерден қайта ғой,— дейді Тасбек. Дүрдиіп кісімсіп алған. Намыстан ертene жаздадым. Көпке топырақ шашайын ба. Құрбы өзілі. Шыдадым. Сонда да қарап қалудың ретін таппай:

— Тасбауыр, жүрексіз, түйсіксіз, кешелер!— дедім, Жаудан қорқып келеді дейсіндер, ә! Жаным арымның садағасы. Топырағы торка, кіндік қаным тамған атамекенімді қимай қөнілім жарықшақ!.. Оның несі айып?

— Ойдойт деген, нәзік жүректім. Осы далада жалғыз Қадыр туыпты. Басқамыз... хе-хе-хе!— бәрі ду күліп шуылыдай қайта ортаға алды.

— Жаумен айқасар сәт келсе, мен ешқайсынан кем айқаспаймын. Соғыста не өлу, не өлтіру. Бәлки, бабам қолдан...

— Па шіркін. Баба жалғыз осыныкі! Кісі киік — албастымен алысып өмірі атамекен топырағын қайта баспайтындағы еткен күш атасын дербес иемденуге қақың жоқ!

— Бәсе десей. Көрпене қарап көсіл. Өзіне қарау керек адам. Сенің қолыңнан не келетінін біз білеміз,— Тасбек қыр соңыма түсін кекетіп,— әдемі қыз, сұлу мүсін үшін жаралған періште,— оның сөзіне жігіттер қарқылдаپ күлді. Сөйткенше, түйе, ат жеккен арбалыларды қуып жетіп қалдық. Құлкі соңын:

— **Жігіттер жолдарың болсын!**— деген Дайраның жайдары даусы бөлді.

— Элей болсын.

— Айтқаныңыз келсін, мырза аға!

— Жау жағадан алды деп батыр аулының баласы қыран бүркіттей дұр сілкініп аттанып барады. Жау албастыдан мықты емес шығар!

— Сөзіңе болайын; Дуалы сөз. Жорытқанда жолдарың болсын, батыр бабаларыңың әруагы қолдасын, файыперен гырық-шілтөн шылауларың да жүрсін! — Дайра аға батагей қарт тәрізденіп кетті..

Сейткенше аттанатын разъезге де келіп жеткенбіз...

* * *

Кімді көрсөн де тап-түйнақтай буынып, түйініп алған. Қынабынан шыққан қылыштай жанарынан жалт-жұлт от шашып, «Кәне жау қайдалап» түрғандай көрінеді олар маған. Күн артынан жылжып күн етіп жатыр. Уақыттынысы ма, әлде соғыс өртінің қысталанаң ма, етек-жені жиналған, көптің қимылынан әлдекайда асыққан қарбаластық аңғарылады. Ауылдан бір аттанған жігіттерден қашан, қалай ажырағанымды білмей де калдым. Бір колхоздан, бір ауданнан топ-топ болып қызыл вагонга отырган көптен Дайра аға ғана қасымда. Басқалар, не басқалар... Алғаның бірер алта алай-дүлейім шықты. Бөгде, бейтаныс жандар арасында елегзиміп. Бұрын мұндайды көрмеген басым зорға журмін. Елден ішкіңде шаңырақ артылған атандай талтаңталтаң басатын Дайра ағаны қазір сол кезге таныс жүрісі болмаса, бір түсті кімді шептің ішінен тану қыын. Басында өзі «нар қалпақ» дейтін пилотка, үсті-гимнастерка, күмпиген шалбар, белін қынамалап, тас буып тастаған. Аяқта балтырын шандымаған қалың табанды былғары бәтенке. Тұра шапса мыңдан оза жөнелетін жараған жүйріктей жұтынып түрған кейіп көзді қызықтырады. Жұбымыз жазылмайды. Өз бойы-басына қарап «бекерге олпы-солпымызды шығарып жүріппіз-ау. Жер қазсан да, мал бақсан да, жауға шапсан да мына кімнен жүзіктің көзінен

өтерсің», — дейді ол күле отырып. «Ықшам киім жарасар аңшы адамға» — деймін мен.

Біздің болім жері сусыған ақ құмық ауасы жұпар аңқыған, ойында кок шалғына белге оралған жыныс қалың орманды нудың ортасына орналасқан. Жонымызда тау жотасы сілемденіп заңғарында қыран қалықтаған бінктер тақаппар көрінеді. Етегінен жарыса есken қарағай, қайың, қыртысты емен шыңына өрлеп, бүйра толқындей бұлдырайды. Мұндай да жер сұлулы болады еken! — деп таңдаңады сәл тыныстаған үзіліс кезінде жан-жағына қызыға көз салған Дайра.

— Сәл қолқалт еткенде Дайра откеннен әңгіме қозғайды. Бірде:

— Біздің колхоздың бірінші председателі сенің әкен болды, — деп әңгіменің бетін ауыл жаққа бұрады. — Совет үкіметіне дейін байлардың ашса алаканында, жұмса жұдырығындағы кедейлер коллективті шаруашылықта үйимдесты. Аз жылда ғасырлар үстемдік еткен қайыршылық түрмис келмеске кетті, — деп шабыттана сөйлегендеге үні ашыла түседі. Көз алдында кешегі жоқшылықтан қорлық көрген, қамыт киген жандар туған даласымен бірге түлеп жайнап шығатын. Әсіресе Жандәulet Қарасуы мен Жақсының тузыраған қүйқалы табанына алғаш түрен салған көктемді есіне алғанда оның қысық көзі үлкейіп жайнап сала берер еді. — Сондағы соқаға жеккен көлігімізді айтсаншы. Трактор түсімізге енбекен кез fой. Кедейдің жалғыз-жалғыз сиыры, өмірі шыр бітпей ыңыршағы айналған бір-бір шолақ қыл қүйрық. «Ырысы таситынның раңы бидай болады, — деген шындық екен. Береке, болашақ молшылық ырысы шақырады ма, сінірі созылған кедейдің намысы қозды ма, жерге дән себетін күні ауылдың еңкейген кәрісінен бесіктегі баласына дейін егістікке барғаны есімде. Жарықтық Бақаң (менің әкемді айтады) соқа ма, тіс пе, жер жыртуға жарайтын ортаның бар қуралын дайындалап, көлігімізді жегіп, ал қане десе сендей қозғалып, бүйрық күткен көптің ішінен мені өзіне шақырады.

— Дайра, ақ жарқын жаңын адал, басқаға иненің жасуында қараулығың жоқ азамат едің. Көп кедейдің мәндай тері төгілгелі түрән осынау маң дала халықтың еншісіне берілген. Сол жерге бүтін түрен түсіп, дән себілгелі түр. Адамзат тарихында бұл жерге тұңғыш түскен түрен де, қауым болып бас қосқан ел де осы. Алғашқы тұқымдық дәнді сен сеп. Бүгінен бастап бригат бол,— демесі бар ма. Жаутаңдап жетім балаша бетіне қарай берсем керек. Және бригат дегенінің не екенін түсінбей тұрмын. Сәл сызқабақтанып түрді да, түсін жылтып:

— Әлде сен бригат деген не, оның міндетін білмей тұрган шыгарсың,— ол көпшілікке қарады.— О, халайық, тыңданыздар қазір себілётін тұқым бәрімізге болашақ ортақ несібіміз. Бітік егін, таусылмас береке бітсін жерімізге. Тұңғыш тұқым себуді Дайрага ұсынып отырмын. Қарсы емессіндер ме?

— Неге қарсы болайық, өзіміздің Дайра емес пе!

— Қолына береке дарысын! Тұлесін жеріміз!— деген ауылдастарыма:

— Ендеше осы Дайра бригат та болады. Бұл — менің ұсынысым.— Бақаңың қоңыр даусы естілді.

— Бригаттың міндеті оңай емес деді көпке түсіндірген Бақаң, ол ең алдымен бәріңе басшы, егінді егу, ору жұмыстарын үйимдастырады. Жетіспейтін құрал-саймандарды, үш-көлікті даярлайды. Бір сөзben айтқанда, диқан басы адам да сол деді.

— Е, Дайра диқан басы болса не терістігі бар,— деп көпшілік гүлдесіп кеткен. Мен сөйтіп алдымен бригадирі, ақырында диқан атанип кетсем бола ма? Көптің еңбегі жанды. Еғін бітік шықты. Жыл өткен сайын тәжірибе жинадықпа, алтын дән шекесі торсықтай тәлімі бидайға қырманымыз тасыды...

— Осыған дейін туған жер деген ұғымды тар түсініп кеппін... дейді ол күрсінін.

Дайраның әр сөзін қалт жібермей тыңдаймын. Ұйытып тастайды. Көзімді ашып, көп жайды білдіреді. Ол ерінбей,

сәл қол босап қалған демалыстың бәрінде де құрдасындағы сыр шертеді.

— Баласың, баласың ғой әлі, үлкендер ісіне жауапты, салмақты жұмыстарға араласып үлгерген де жоқсың. Осыдан үш-төрт жыл бұрын колхозға жерге ораластыруши инженер келді. Әкенің тірі кезі. Қуанғаның көрсөн со кісінің сонда. Қасынан бір елі қалмай өзі басқарып, ертіп жүрді. Айдан астам уақыт жатып, күні-түні көз майын тауысып сол инженер сызған жобаны көрсөн! Колхоздың бар болашағын білесің. Тіпті білу аз өз көзіңмен көресің. Жаңын рақат тауып, келешек дегеннің не екеніне сенесің.— Қазір де сол жобаны көріп отырғандай менен аса жогары қарап сөйлейді. Жаңа орталық, былайша, поселкі Жайынды судың батысындағы боз жазыққа салынбак. Түп-түзу оқтай көшелер. Орта мектеп, клуб, сауда әкімшілік, радио торабы, машина трактор шеберханасы дей ме, тамания енді, тамаша! Әлгі сабаздың шеберін айтам — болашақ «Бірлік» аулын қалай ерінбей, жалықпай қағаз бетіне түсірді екен. Аппақ-аппақ мәрмәр тәрізді ақ қыштан қалап шығыпты. Үй, гимараттың айналасы қоршалып, жеміс ағаштарына тұнып қалған. Жемісі жәудіреп тұр. Ал бар ғой,— деп аузын ашып, көзін жұмған Дайра,— әлгішің мәдениет сарайы деп көрсеткен колхоз клубы ауыл ортасында мен мұндалап көрінеді. Ондай үй Шам мен Мысырда да жок шығар. Енді ананы бар ғой сурет, сызық, жоба деп айтуға аузың бармайды. Үлкен тақтайдың бетіндегі жобаны айналдыра қараған Бақаң инженерге:

— Еспе сайын оқшau тіккен мұнараңызды түсіне алмай отырмын. Орталықтан сыртқары қалып жалғызырымайтын нәрсе болса,— деп сұраулы пішінде күлді. Бақаңың мына сөзіне жымып езу тартқан инженер жігіт:

— Бұны су тартатын башня немесе қазақша айтсақ бас құдық дейді. Осы құдықтан жер асты арқылы су құбыры тартылады. Былайша айтқанда — денеге тараған қан та-мыры тәрізді ол әр үйге жалғастырып су ағатын шұмектер орнатылады. Бұл іске қосылғанда иығына иін ағаш артып

шелегін сылдырлатып жүрген ешкімді көрмейсіз. Демек, емшек-шұмектен ағып әр үйге еспенің мөлдіреген тұщы сұзы өз аяғымен барады.

— Бәрекелді, көкейге конатын тірлік! — Бақанның өзі өз болып қуанғанынан орнынан үшіп кете жаздағанын көргенім осы.

— Жобалау смета документтері қазірдің өзінде дайын деуге болады. Сіздің колхоздың орталығы осы бесжылдықта салынып бітуге тиіс. Оның құрылышына екі, екі жарым миллион сом шамасында қаржы жұмсалмақшы. Бұны ғасырлар бойы құлазыған даラға тұңғыш ірге тебетін шағын қала десе болады. Электр жарығын беру мәселесі де көздеуде. Әрине, ол келешектің міндепті деді ойын нақтылаған инженер. Бақаң одан көз алмай қарап қалыпты. Кекшіл көзді кісі жымып күлді. Солай бауырым, солай. Сәл шыдаңыз, кереметтер алда — деді ол. Мына сөзден көңілденіп бетіне қаны ойнаған ол киіз үй кеңсенің есігі мен төріне ерсілді-қарсылы жүріп ойланған қалды. Екі қолы артында. Кестедей өрілген көп сзықты, жобаны аудара қараган инженер үнсіз, сыйыртып жазып отыр. «Біздің Бақаңа бәрі қаладағыдай болуы керек. Талғамы мол, қиялы жүйрік кісі» — деп басқармамды көтермелеп, осынша ғажайып болашақты көзге көрсеткен инженерге де қошамет сөз айтқым кеп, оңтайланған бергенім сол еді, осы кезде сиырны Battal кірін келмесі бар ма! Бақаңа әзілдей күлін, бірдене деді. Естімей қалдым.

— Дұрыс келдің Батеке, — деген председатель — көріп қойыңыз келешектегі колхозыңыз, міне. Енді аз жылда шым үйде отырмайсың деп еді. Жобага еңсеріле қараған ол түсінбей:

— Сонда айға үщамыз ба? Баланың ойыншығын, ертедегі бірденете мәз боп, — деп осқырып. Қөптен біздей жазы, қысы аңызақ пен аязға ұрынған жан емессің, мынадай қуыршақ үйге сен сыймасаң киімі қалың, сүйегі ойқышойқы мына мен маңайламаспын да! — деп кеңк-кеңк күлді.

— Олай деме, баяғыда колхоз болып, алдыңа ортақ-тасқан бес қашар тұсқенде, бұдан не шығады, бір ауылға мұның өнімі не болады деп шалғаяқтағаныңды ұмыттың, ә? Сол бес қашардан бір ферма өсіп шықты. Күніне мыңмың литр сүт, тонналаған май! Мыңғырған актылы қой, табын-табын жылқын анау. Егін жайын әр колхозшының еңбекке алған астығы айтады. Аз жылда миллионер, колхоз атанғалы отырысың,— деді Battalды сөзбен бір жола тұғырлатқан басқарма.

— Иә, иә, уәжді созге тоқтады ма, сасқалақтаған Батаң не айтарын білмей,— Сен өзі шындалап баrasыңғой. Айтқаныңың бәрі рас. Ондайымның болғанын мойын-дамаймын. Бірак мынауың дей беріп еді Бақаң:

— Ендеше анықтап қара мынаны,— деп жобаның қасына ертіп келді де — өз келешегін көзбен көргенге не жетсін. Мұны қуыршақ, әлдекалай баланың ойыншыны көрме. Ақиқаттың, адамның ізгі ойы, ақылы арқылы өрге асатынын біл, түсін!— деді әр қылы бейне белгілерге әдәуір түсінік беріп.

— Оның дұрыс-ау, жолдас басқарма бірақ менің көніліме қонбайтын бір нәрсе...— Battal қабағын оқыс түйін, күн шағылысқандай оң көзімен қолын қалқалай.— Солай-ақ болсын, бәрі бар дейік. Сонда май, сүт, берін жүртты қарқ қып жатқан ортаниң сиырының орны қайда? Отауың тамаша, шаңырағың қызыл сыр, оң жакта төсегің жоғы болмаса демекші — колхоз бастығына бұныма не айтар екенсің дегендей көзін сиғырайтып сынап қарады. Көзінде күмән, эй, осыңан не шығар дейсің дегендей екі талай кібіртік түйткіл ойнады Батаңның...

— Е, е, мұныңыз енді істің неғізіне жетпеген бос той-паң! Әрбір жоспар келешек сан олшенеді, сарапқа түседі. Ал инженер жолдас бұған жауапты сіз беріңіз, мұның іздегені — мал орны екен. Орынды да онысы — деп Бақаң жобалаушыға қарады.

— Ақсақал макеттен көріп тұрганыңыз колхоздың болашақ жаңа орталығы — тұрғын үй, мәдени тұрмыстық,

байланыс тағы басқа, түрлі мекемелері, ғимараттары. Сіз талап еткен мал фермасы орталықтан аулақ, Жыландыға қарай үш-төрт шақырым сыртқарылау түседі,— деді тәп-тиштей баяндаپ.

— Қосың онда, қолаңың мұнда, деп ыңыранып жақтырмай.

— Май мен сүттен қашады, соншама сыртқа теуіп...

— Неге олай дейсіз. Онша қашық жер емес. Ол кезде — дей берген инженер Battalғa таңдана күлді.

— Үш-төрт шақырым... онша қашық емес,— даусын қытыға созып түр.— Күздің қара суығы, қыстың аязы мен бораны... дәйеркелер дірдектеп жүреді екен де!— Инженерді үрып жіберетіндей түсі суып, жақ жүні үрпіп, мұрты тікірейіп кетті.

— Сіз түсінбей тұрсыз. Тіпті де олай болмайды. Орталықтан фермаға құн сайын, белғілі сағатта автобус жүріп тұрады. Ол кезде, сиырды қолмен емес, электрмен сауады,— десе:

— Өзің бостекі сәйлейтін қиялышыл бала болмасаң етті. Бір беттесе бекіре балықтай болмайтын Бақтыбаймен саз қосылған екенсің. Сиыр сауатын электр деген бірденені тағы шығарып тұрсың. Миыма бармайды,— сақал мұртын сипап ойлы қалпын бұзбай.— Жарайды айтқандарың болсын. Бұларың болатын іс болса, сөзсіз сол көтерем. Бірақ құні бұрын өтінішім бар, осы көп, қырышқартарың түбі үй болады ғой, өзі әйтеуір. Рас па?

— Рас,— екеуі бірдей, қосарлана жауап қатты.

— Сенбей тұрсыз, ә?— дейді балаң мінезді инженер жігіт.

— Сенейін ал,— Battalдың даусында әлі де күмән сазы бар.

— Біз үшін сенбенің, бірақ шындық қашан да мойын-датады. Біздің елімізде құр дауығы, жалған жоспар жок, Батеке,— деген Бақтыбайға сиырши:

— Онда өтінерім: маган үйді сиыр фермаға бір табан

жақын, Жыланды жақ шеттөн беріңіз. Жұмыс орнына таяу болсын,— деді.

— Құп! Мақұл, міне, өмірге бір табан жақындастың,— деді Бақтыбай.

— Экел қолды. Мыңғырған шаруашылықтың мың түрлі жұмысы бар. Үй бөлөтін кездे, қап, Батеке, есімнен шығып кетілті деп осы сезінді ұмытып жүрме. Уәде-құдай аты.— Баттал әкең сейтіп басқарманың қолынан мықтап ұстады. Сілкілеп жіберер емес. Ұмытасың сен, ұмытасың. Бүгін қай күн өзі,— деп жобалаушыға бір, маған бір қарап қалды.— Сендер куә болындар, міне уәде байластық,— деді арқа-жарқасы шығып.

Дайра үйқтап кеткендей көзін жұмып үнсіз отыр... Өз ауым... таныс жер, Жайындысудың батысындағы боз жазық. Көз алдында сағымға оранып мен мұндалап шыға келді. Жаңа поселке — колхоз орталығы екен деймін. Көшелері түзу тартылған зәулім үйлер... Жасыл желекті жапырағы тогілген ағаштар көкке бойлаган. Демалыс па, немесе клубтың маңы ығы-жығы жастар. Шат күлкі естіледі. Өзім бірдеңеге алаңдап, қоңылтақсып тұрған тәріздімін. Қызыл ала ғүлді көйлегін төгілте киген Жаңыл асығыс басып шықты мына тұстан. Мен оны дегбірім қалмай, тағатым таусыла тосам. Неге кешігіп келеді екен деп іштей назданып тұрғанымды ол қайдан білсін... Бітік құрағы, бойшаң қамысы үкілі тақия кигендей көк бүйра өзенде жағалатып Батаң сиырларды асығыс өргізіп барады. «Ой, былай! Қайтеді ей, мынау! Қараши өзінің қисая тартуын!» деп табынның шетінен шыға ауа жайылған сиырды жөңкілте қуды. Кең дала көк барқыт төсегендей созылып көкжиекке ұласып кетті.

Астында қысы-жазы жемін үзбей, баптап мінетін аспан көк ат, өзеннен көктей өтіп әкем үйге қарай беттеген. Ауылға таянғанын біле ме аты құлағын тігіп, қайышылап қара жердің шымдағын тесердей дүрсілдете басып, алды аяңдап, арты желіп келеді. Ой үстіндегі әкем, әдетінше алысқа көз жіберіп, мол бақыт қаптал шапанының омырау

түймесі салусыз ат үстінде жайбаракат отыр. Көзі алда, қиялы қайда болды екен?..

— Сонда Бақаң жарықтық,— деді үйқыдан оянғандай Дайра мені келтіріп,— колхоздың жана орталығы пайдалануға берілгендей қуанып еді. Ол болашаққа қатты сенетін. Жарқын келешектің адамы еді ғой,— ойымды үзіп алыста қалған ауылдан Орал тауының бауырына қайта алып келді,— расында, пәшестер кедергі жасады. Соғыс болмағанда ол жобаның қызығын көретін едік. Ой несія айтасың, қарағым Қадыр, бақыт әр үйдің төріне шығып, тірі жан иесі болса бауырласып, туысып кетін еді,— деген оның сөзін командирдің:

— Сапқа тұрыңдар!— деген әмірлі даусы бөлді. Сапта тұрсам да жаңағы әңгіме, сондағы көрініс көз алдыннан өшер емес. Қекірегім алау-жалау сағыныш, айдынына малшынып шыға алмай тұрмын. «Шіркіндерге не болды, неге хат жазбайды. Жаңылдікі не?» деймін іштей күйгелектеніп. Сапта тұрғанымды да ұмытыппын. Командирдің «онға» деген әмірін естімей қалдым. «Отставить Бақтыбаев! Что ты, оглох!»

Ымырт жабылып келеді. Қара көрпеге оранғандай орманның кешкі бояуы қоюлана түсken. Сарт-сұрт басқан сап казармаға қарай беттеген. Тау көшіріп, дүниені жаңырықтырган ән шалқып шыгады: «О... о... й, Га-а-ля, Гаяля молодая...»— жігерлі әні «Разойдись!»— таныс бүйрық. Қызыл барақтың табалдырығын аттай бергенім сол:

— Бақтыбаев биле! Саған хат,— деген дауыс шықты. Тұңғыш елден келген хатқа қуанышым қойныма сыймай жауырынымды қиқаңдатып, жер тепкілеп билеген боп ишара білдірдім. Хатты қолым дірілдеп зорга аштым. Тор көз дәптердің төрт бетіне маржандай тізілген жазу мени баурай жөнелді. «Сағынышты сәлем хат» деп басталыпты да: «Сүйіншілеп, желден жүйрік, күннен ыстық сағынышымды жеткізер осы хатым арқылы өзіңе батыр атаңың мұқалмас қайратын, түкті жүргегін, қайсар мінезін жаудың

үрейін алып жер мен жексен еткен қуатын тілеймін». Қандай ыстық сезім тулады денемде. Хаттан көз ала алмай қайта-қайта оқымын. Бар сөзі жадымда қалды. Оқыган сайын ләzzат алатын сияқтымын. Бойым балқып, жаным от бол барады. Мұншалық сөз тапқырлық қайдан келді бұған. Сөйлесе өзі шешен екен-ау деймін. Жаңыл жайында ойға шомып.

«Ауыл аңғал-саңғал қорасының тәбесіндегі жабындысымен шомының шірік сабанына дейін жалмап жеп кеткен жұт жылғы қыстау тәрізді. Қайда барсан азынаған сұық жел. Сүр қабақ, соғыс ызғары жеткен кәрі-күртаң, одан қалды ақ жаулықты әйел, Орталу мектептің жоғары қластары жабылды. Баставың қана оқиды. Мұғалім жетіспейді. Эрине, мұны саған білсін деп жай жазып отырмын. Ел біржола қаусап мұқап қалды деп ойлама, жасыма, уайымдама! Осы хатты жазып отырганда кеңсенің терезесінен көріп отырмын. Қыс қамытына қарбалас дайындық қызу жүріп жатыр. Қора жөндеушілер бригадасы мана таң қараңғысында аттанып кетсе, Жыландыдан шөп тартқандар бірінен соң бірі керуендей тізіліп кеп орталықтың маясын биіктетіп жатыр. Қатар түзеген маялар алыстан зәулім көк таулар тәрізденеді. Шөпшілер бригадасын сіздің үйдегі әже басқарады. «Өңшең шуылдақ! Күн жаманы кетеді. Аз күн қиындыққа дес бермендер. Ертең-ақ шалқып күндей күлесіндер. Балдар қу пәшистің желкесін қып келсінші», — деп шаңқылдал жүр. Аナン есіме түсіп бойым босап, денемде басқаша құбылыс пайда болғандай.

«Айтпақшы,— депті одан әрі,— ауданнан үәкіл келіп, Рәшиит ағаны басқарма сайлады. Колхоздың барлық естияр мүшелерінің бірін қалдырмай жинаған. Сонда байқағам, шал-кемпірден, жасөспірім балалардан өзге үркердей ғана келіншектер болмаса көзге түсер ешкім қалмапты. Рәшиит аға:

— Денсаулығым кем кісімін. Ауыр кезең қазір. Үлкен шаруашылықты басқару қолымнан келмейді,— деп бұлғақтап еді, үәкіл қабағын шытып:

— Жолдас Аронұлы, Отанымыздың батысы жау шабуылана үшырап, халқымыз «Отан үшін, Сталин үшін жан пида!»— деп тарихта болмаған құрбандыққа барып жатқанда...— деп еді. Сөз сыңайына тез түсінген Рәшиит аға:

— Макұл, макұл! Көпшілік сенім артса сөзімді қайтып алдым,— деп келісімін берді». Осындай тосын хабарға толы сағынышымен кокірек ашытар елдегі ауыр акуалды жеткізғен хатты екінші рет қайталап оқи бергенімде:

— Ой берекелді, елден хат келді ме? Кім жазыпты?— деп қуана дауыстаған Дайра ағаның бетіне жалт қарадым. Табиғатында жайсан, жаз мінезді кісі қолымдағы хатқа жаутаң-жаутаң қарап қалыпты. Елден үшып келген алғашқы қарлығаш қанатын пыр-пыр-қағып менің қолымда отырғандай, қыла, қимай жанашыр көзбен аялайды. Хатты Жаңыл жазыпты деп айта алмадым. Үрлігымның үстінен түскендей терлеп берекем кетті. «Не жаңалық хабар бар? Ел аман ба еken? Қазіргі халдері не күйде еken дейді»— деп ұстемелетін сұрақтар қойып жатыр. Мен мұғалім алдында емтихан тапсыратын шәкірттей жүрек-сініп жалтақтап отырмын. Ел хабарын, Рәшиит аға туралы естігендеге қозғалақтап кетті...

— Одан басқа елге басшы болар адам да қалған жоқ. Ескінің көзі фой ол. Елдің үйткысы, жердің берекесінің мелдектеп тасуына Рәшииттің қосқан үлесі аз емес. Бақаң жарықтықтың оң көзі, оң қолы. Өте терең адам. Қөріпкелі бар, сұңғұла. Колхоздың ана бұрышында кеше нендей жағымсыз іс болса, төбесінен түсіш үйде отырып айтып отырады. Ал жақсылықты жариялауға келгейнде тағы да шебер-ақ. Алғашқы елден келген хаттан осындай жаңа әңгіме сабактала бастады.

— Бірде колхоз кеңсесіне кіре қалдым. Бақаң-басқарма. Екеуі оңаша отыр еken. Менің келгенімे баланша қуанған Рәшиит:

— Деп келдің. Енді болмаса шақыртқалы отыр едік,— деді. Ештеңе түсінбеген мен екеуіне кезек қараймын. Олар

өзара бас изесті. Мезгіл қыс. Қар қалың. Шымыр аяз қақап тұрған, аппақ қар уыздай үйиған. Далада тұп-тұнық. Колхоздың жақсы атақ даңқы шығып дүрілдеп шаруасы шалқып, сол жылы миллионға жуық табысқа қол жеткен. Колхозшылар енбегіне қыруар ақша, астық бөлінген. Не керек шырқап тұрмыз. Егіс бригадирімнің Аузынан жалыны шығады дейтін, құлжаның сақасындай алша түсетін шағым емес пе. Тапсырма екі есе артығымен орындалып, абырайым асып түсті.

— Дайра, деді Аронрашит,— колхоздың астық қоймасын тексеруге комиссия құрғалы отырмыз. Эсіреле сақтық қорды түгендеу қажет. Өзің еккен, өзің орган, өзің қолыңмен сарайға құйған жауапты адамсың. Бір грамына дейін өлшеп не бар, не жоқ әр дәнді таразыдан өткізесің. Комиссияны басқаратын сен. Тапсырманы орындау мерзімі үш күн! Өзіме белгілі нәрсе.

— Оу, ақсақалдар, жұздеген тонна астықты үш күнде таразыдан өткізу қолдан келмейді,— дедім қыншылықты алдын ала ескертін кесім айттым.

— Келтір. Қалай да орындалсын! Бригадаңда адам жетеді,— деп Рәшит шегелеп сөзін қысқа түйді. Мұнысын колхоз басқармасына табанда бекіттірді. Бақаң басын изеп:

— Солай,— деп қолма-қол макұллады.

Тасбектің әкесінің со жылы мойнына екі тонна сақтық қордың астығы мінсін. Масқара болды да қалды,— деді ол сол қылмысты өзі істегендей Дайра казір де қысылып, бусанып терлең қоя берді. Мен Тасбектің атын естігендег су тиген қара құрттай жиырылдым да қалдым. Ауылдан аттанардағы анада мені кекеткеніне ме, әлде ондай орамал мына «дәденде бар» дегенінен бе, әйтеуір суханым жаратпай, тырыстым да қалдым. Дайра аға да әңгімесін үзген. Қисайып қырынан жатыр. Біраздан кейін:

— Аронрашидтің сұңғылалығын сонда білдім. Әлі ойран-асырмын. Эбенниң сүйек қолды болып жүргенін қайдан білді екен? Ол ма ол терең ақыл иесі ғой,— деп басын риза болған сыңайда изеді де, Рәшит жайында қызықты

әңгіме көп. Бірде толығырақ айтармын. Кәртәйіп қалмаса, ел басқару қолынан келеді оның. Ондай қариясы бар ауыл бақытты ғой. Елді аздырмайды ол. Мықты кісі,— деді көңілі жайланған үнмен. Екеуміздің казармадағы орнымыз да қатар. Елден хат келгелі Дайра аға бұрынғыдан әлде-қайда жадырап, көңілді болып алды. Сонызына бағып мені түртіп өзіне қаратты.

— Бәрі жайнап, дәл қасымда тұрғандай жәудіретіл кетті-ау. Қалай ғана ойламассың. Көз алдыңа келіп ерік-сіз сағындырады ел-жүрт. Сарыарқаның самалы есіп, Сарысудың көк шалғыны жапырылған бидайықты табаныңың салқыны бетімді шарпуын қарашы. Кемерден шұбыра шаңдата құлаған жылқы, Баттал қарт қайырған сиыр табаны, Тәпел мен Қарасайдың бойындағы ферма аулы таяқ тастам, әй дейтін жер жанымда тұр, міне! Атын тепең-деп Батаң кетіп барады...

Биылғы бітік егін-ай, шіркін! Бойы менің кеудеме жетіп, бойлап кетіп еді. Ұыз тартып, дән бойлап, сабағы сыйдыр қағып майыса теңселеді. Басын зорға көтереді, әне! Егін жайдағы құс үні құлағыма ән болып естіледі. Көңіл құсым қүйқылжып, шар тараңқа самғағым кеп кеткені-ай,— Дайра қатты күрсініп, демін қинала алды.

Жаңылдың хатын тағы іштей қайталап оқыдым. Неге айтпай отырмын. Дайра агадан сүйінші сұрауы керек емес пе? Ойланып жатпадым:

— Дайра аға, Сағынбегініз оқу озаты болыпты. Сүйінші! дедім, оның төсегінен қалай атып тұрғанын байқай алмадым.

— Ал, ал! Сүйінші сенікі,— қатты қобалжып дегбіреді. Сүйінші сұраган аузынан айналайын, даусынан айналайын. Біздің үйден де бір азамат атагымызды көтеріпти де! Көп жаса! Жұқарған жүйкені қайта шираттың. Елге жеңіспен орал! Жеңіспен! Ал сүйіншінді үйге барған соң аларсың,— деп екі бетімнен кезек-кезек құшырлана сүйді. Сомадай жігітті үп-ұлкен ересек кісінің бас жоқ, көз жоқ

тарпа бас сап сүйгені қандай ынғайсыз еді. Күтпеген жәйтім. Өзім ес білгелі иә, ес білгелі...

Енді қайтейін болары болды... Шіркін, бала қандай құдыреттен жарапты екен. Менің әкем де қашан көзін жұмғанша бар мейірім ықыласын аямай төгіп кетіп еді-ау! Даусынды аңсадым-ау, әке! Дайра ағаның бетіне ұрлана көз тастадым. Нарттай боп қызырып, кулімдеп отыр. Жүргі тулас мейірленген түрі қандай әдемі еді. Бетімде ыстық лебі қалған тәрізді. Демі ып-ыстық. Ұяттан кірер тесік таппадым, бетім дүйлдап қоя берді.

Ағымнан жарылсам, ақыл тоқтатқалы бұл бетіме бөгде жанның ерінің екінші тиуі. «Иә, сондағы Жаңылдың да демі осында болатын. Жаңыл от жалыны сыртына тепкен осы Дайра ағадан жарапты ғой» деймін іштей. Алабұртып он саққа жүгірген осы қысталада шақта:

— Осы ұлым,— он ұшке толғанда жұрт айта жүретіндей ұлан-асыр той жасасам деп армандаушы едім. Көрмейсің бе, соғыстың...

— Соғыстан тірі оралсам Сағынбекімді өзім болдым дегенше қытартмын-ау! Көзімнің қараашығындағы құлыншағым, қазіргі сәтте не істеп отыр екен, а?— деп Дайра аға маған сұраулы пішінде қарады.

Бірде түсте үзіліс кезі еді. Дайра аға мені өзінің тұстас қатар теңіндей көріп әңгіме айта беретін әдетімен:

— Бала деді тамағын кенеп: Адам, шіркін, басына түсіндеғана өмірдің ашы-түщісін ажыратса керек. Жақсы мен жаманды көзбен көрмей кім түсінген,— деп ырғала қозгалды.— Әлі осы күнгі өмірінің қадір-қасиетін есінде алып, жалындаған жастық шағында замандастарыңмен дүрілдептіп өткен күндерінді сағынатын кездерің болады. Мұндай дәуірдің, заманың тағдыры үшін, бүкіл еңбекші адам баласының келешегі үшін болған қиян-кескі алапат майданың жауынгері, тіпті тұтас жатқан кезеңнің, болашақтың қамын жеген қаһарманы болудан асқан жауапты, қасиетті абыройлы міндет кімнің маңдайына жазылған. Ойласам, осы мына біз Октябрь таңын қорғауға аттанған

екенбіз. Қазір алдында сайрап отырган ағаң кім еді. Сен меші білемісің өзі? — деп сұрады. Аң-таң бетіне қарадым,— әрине, білмейсің. Өзім айтайын.

— Менің онға толған кезім. Соның алдында гана шешем өкпе ауруынан опат болған. Не жазғанын қайдан білейін. Алты-жеті жастагы Салиқа қасыма жүгіріп келіп:

— Эй, Дайла, сенің әкенді байлап жатый атамдай — деді. Өзі жылағалы тұр. Тұра жүгірдім. Қар үшқындал, күн сұтының алышты. Құздің кара сұығы. Бай өзі бастан үш-төрт үр да жық әумесері бар, барлығы әкемді етпетінен салып, төрт жағынан қағылған қазыққа керіп тастапты. Үстінде тігісінен қақыраған ескі түйе жүні шекпені арт бойынан бөлініп жыртылған.

— Бай-екеу жазығым не? Ең болмаса күнәмді мойныма қойып сосын-ақ жазаңды бермеймісің, — деген әкемнің ашы даусы шықты.

— Мен сенің күнәнді есепке алыш жүрген мәңкір-нұнқур деп пе ең, қасиетсіз! — деп ақырған бай әкемді қамшының астына ала берді. Жалпақ жауырыны жарқыраған оның етіп тиген қамшының ізі көкпенбек болып өлген жыландаған иретіле қалды. Ысқырған қамшы әлденеше рет бар пәрменімен кеп осып кеткенде денеден қан шып-шып шықты. Бақырып жылағаным есімде. Араша түскім келіп үмтыхала бергенімде жуан бай бір тартып:

— Кет шошқаның күшігі, — деп жаман шапанымның жағасынан алыш тымақтай лақтырды. Ұшып түсіп қайта жүгірдім. Аңыраған мен:

Ата, Ататай үймашы! — деп шарылдан әкемнің үстінен етпеттей құлаған Салиқаны көрдім. Өз баласы қайдан үрсын. Бай қолындағы қамшысын лактырып жіберді де, көзі қанталап тұлымшағы желбіреген қызына кіжніп, тіл қатпастан үйге еніп кетті. Байдың ызғарынан қорықкан басқа ұрдажықтар қасқырдан ыққан иттей бет-бетімен тарап жоқ болды. Шіркін-ау, бір адам, тірі жан ракым етсейші. Шырылдан қазыққа байланған әкемнің қолын

шеше алмай көзім бұлаудай болып, мықшыңдап жатырмын.
Әкемнің өлі-тірісі белгісіз.

— Ма, Дайла — дегенге жалт қарадым. Тағы Салиқа екен. Қолындағы жез мойнақ ақ пышақ,— Мынамен кес!— деп ұсына берді. Әкем жарықтық көпке дейін орнынан тұра алмай ыңыранып көп жатты. Бүрісіп басында отырымын. Адамнан төзімді, ит жанды мықтыны кім көрген. Сүйретіліп тұрды-ау, бір кезде. Ала бұлт аспан тесік туырлықтай азынап, күн сұыта түсті. Лашықтың есігін зорға ашқан әкем, от көзін көсеп, қашан көмгенін қайдам, қоламта да қызыл шоқ боп жатқан қиға от тұтатты. Басы салбырап ыңырысып қояды. Сақал мұрты өскен, талай азапты бастан кешкен ол қу сүйектей аппақ еді. Мен от басына бұк түсіп жатып үйқтап кетінпін.

— Балам, балам Дайраш тұр, тұршы!— деген дауыстан қалтақтап атып тұрдым. Әкем бауырына қысып діріл қақты. Әдепкіде тоңып отыр ма дегем. Жоқ, жылап отыр екен. Бар айтқаны:

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер»,— дейді.
Өлең айтып мені әлдилегені сияқтанып та кеткен. Сол күні таң атқанша көз ілмейді:

— Найсан, Асқар! Өй оңбаған, шық былай! Мал иесіз кетті өріске,— деген байдын даусы естілді күн шыға. Әкем жауап бермеді. Бай лашықтың есігін серпе ашып,— керен болғыр, неге үндемейсің. Өлсен, мал соңында өл! Сенен ақсақ тоқтым артық! Тұр жаныңың барында!— деп төне ақырды. Бай маған жан алғыш әзірейлдей көрінді. Жүрегім жарылардай шошына қорықтым.
Дайра аға басын шайқап.

— Е, сондай қорлықты де көрдік-ау, бала. Міне, ол азапты өмірден құтқарған дәүір үшін кім жанын аяйды. Ал Сағымбек пен Жаңылдың шешесі сол әкем жарықтықты әкесі сабап жатқанда қарлығаштай қанаты мен су сеуіп араша түсетін Салиқа — ол өз алдына бір қызық дастан. Тағы да бір кезі келгенде айтармын. Мендей тұл жетімнің

көзін ашқан, адам қызықты әңгімені бастайтындаі көрінген. Әттең сол дастанды аяқтамағаны-ай...

Батысқа бағыт алған поезд тоқтамай заулағалы міне, үшінші тәулік. Анда-санда ентігін баса алмаған қарттардай үлкен станцияларға сәл кідіріп пыс-пыс дем алып, түкірінген паравоз даусын созып, боздатып алады да дүрілдетіп алға жүйткі жөнеледі.

Балғаны жалықпай тақ-түк соққан ұстадай доңғалақтың дыбысы бір тынбайды. Жұлдыздай акқан поезд талай орманды жарып өтіп, талай жазықты артта қалдырды. Өрімдей кіл жас. Бес қару бойында. Вагон іші мерекедегідей ән-күй. Алдағы қатер, ертеңгі апат бірінің ойына кіріп шығар емес. Сырнай, гитара, мондалина, скрипка, домбыра да осында. Дайра аға әншілігін поезд үстінде танытты.

Ашық қоңыр даусын еркін қалқытып, сорғалата созады, Халықтың қөкейтесті әндерінің бірі «Елім-айды» төгілте шырқайды. Әннің өзі де, сөзі де қөкейді жарып, сай сүйегімді сырқыратқан елге, жерге бағышталған мәңгі маҳаббат болп құйылады сонда. Ән сазында мұн, налаға аралас қекке суарылған мұқалмас құдышет халық қуаты болып, тот баспайтын алмастай жарқырайды. Басқа үлт өкілдері осынау асқақ әнге таң-тамаша қала тыңдай отырып, коярда-қоймай «Елім-айды» өз тілінде ұғынуға тәржімалатып жатады. Ол бір халықтың қасиеті, бол майданға бірге аттанды сонда. Қарулас достары Дайра ағаның әншілігіне риза бол:

— Шалғапинше шырқайды.
— Қандай ашық, ақаусыз үн еді.
— Операның дайын шебері екен,— дегендерді бөлген орыс жігіті,— сахара адамы осындаі болар. Қазақ даласы қандай кең болса, оның ән өнері де сондай, асқақ, мүкістен таза, шалқып, шығады. Аты есімде қалмапты. Шалғайды қазақ аулында бір қарапайым әншінің есімі шығар, тыңдағаным бар. Бұл — табиғатында ақын, әнші халық. Маған қазірге дейін кең байтақ жазира ән салып тұрғандай болады да тұрады — деп қазақ ән өнері жайында әңгімелеп көп-

шілікті тәнті етті. Бәрі Дайра ағаға қарай береді. Қайта-қайта қол сөгүп бірнеше тың ән айтқызыды. Қай әнді орындаса да ырғағына, махымына кепіл әнші көп көңілінен шығып таң-тамаша қалдырган.

Аспанды торлаған қоңыр түбіттей бұлт қоюлана түс-кен. Ұмырт жабылар шақ. Қалың орманды қақырата жарып, тік салған темір жол аланқайға шыға бергені сол еді. Қайдан сап ете қалғанын кім білсін, жау самолеті шүйіліп, жем ілетін құстай құйыла берді. Домбыраның қос ішегіндей тартылған темір жолдың екі қапталына ысқыра кеп түскен бомба бүрк-бүрк жарылады кеп. Аспан азан-қазан. Ұңыранған үнге толды. Біздің зенитканың гүрслі құлак тұндырады. Сонда жау самолеті арылдан келіп, арқырап көкке қайқая самғайды. Ұсқыра суылдан бомба төғілуде. Әр шүйілгені ажал. Поезд жылдамдығын еселеп, жұлдыздай ағып келді. Жау құзғындары нысананы ала алмай жанталас үстінде. Зенитка біреуіп ғана құлатты. Тұтінде жанып, лапылдан орманның ішіне барып түсті.

— Бәрекелді! — деп шу етіп қуанып қалған. Бірақ осы мезетте поездың орта тұсына түскен бомба бүрк етіп жарылған еді. Одан әрі дүние қаңбақтай дәңгелеп бара жатты. Сатыр-сұтыр, шакұр-шұқыр егелген, сынған ағаш па, темір ме, бажылдаған, ыңыранған адам ба, төңірегім ың-жың болды да кетті. Бір кезде тұрып-жығылып журмін. От лапылдан анадайда көлеңке қашады... Өзіме-өзім келіп біршама уақыттан кейін ес жидым. Арада қанша мезгіл өткенін білмеймін. Әлде есірікпін бе, екі құлагым ысқыра шулайды. Поезд ойдым-ойдым алахаудан орманға ене беріп бомбаға ұрыныпты. Вагондар бірінің үстінде бірі шығып ошарыла құлаған. Сауынан қирағаны көп. Адам да сондай. Дені саулар жаралыларға да жәрдем беріп, қым-куыт біреуді-біреу біліп болар емес. «Оу, Дайра аға қайда? «Есім орнына енді келген. Жүрегім аузыма тығылып бір сүмдікты сезгендей өрекпіл жанталастым. Түн тунере түсті. Вагоныма келдім. Күл-күл. «Дайра аға! Дайра аға бармысын? Қайдасын дыбыс бер». Тілім күрмеле береді. Талай

боздақ қыршын кетіпті. Өліммен бетпе-бет кездесіп түрмyn. Ажал аузын жалмауыздай ашып, аяmas көршeңгелін салған. Маңайымнан мұңкіген иіс шығады. Қан иісі! Қан! Қан қандай қасіретті ауыр еді. Жан деген не бұл?! Сұмдықты мұндай кім көрген! Тағдыр неткен рақымсыз едің! Миымды осып-осып өткен осы сөздер әзірелі тәрізденеді. Әр сөз тәнімді қарып барады. Айқайлап жылағым келеді. «Дайра аға, тірі бармысың?» Табылды-ау әйтеуір. Кеспекке салған тірі балықтай бірінің үстіне бірі үмар-жұмар құлаған топтың астында қалыпты. Өлдім-талдым дегенде алып шықтым-ау. Ауыр жаралы Дайраны оңаша жатқызғанбыз. Ыңырысиды. Аузын кеңірек ашып, қысылып зорлана дем алады. Көзін ашуға да дәрмені аз. Ол жаралы кеудесін сипады. Ауыр жаралыларды медсанбатқа жөнелтуге даярлап асығыс жұмыс жүріп жатыр. Таң құлаңеңктеніп келеді. Аспан шежімдей бозарған. Мен Дайра ағаның қасында отырмын.

— Қадыр! Қа-ады-ыр! — сыйырлап әлсіз естілді, — бері таяншы, деп күшін жинап сарқа тыныс алғандай кідіріп, — Тәнірдің таңы атып келеді. Мына атқан таң, шығар күн сенікі. — Танауы құсырылып, қалың түкті қабагы түйіліп, — Қош бол! Мениң... санаулы... ғана өмірім қалды. Әттең дүние не керек, жаумен ең болмаса бір айқасып кетпедім-ау! Ел-жүртқа сәлем айт. Арманда кетті де. Сағыбейімді саған тапсырдым. Жаңылды... — Үні сыйырлап естілмей қалды. Ол содан соң тіл қатқан жоқ. Шалқасынан жатқан. Аппак болып атқан бозала таңда оның жүзі тым айбарлы еді. Маған әлі де бірдене айтатында мойынын ұмысина созып, қадала қарап қалған күйі кірпігі қағылмайды. Көзін-дегі от сәулесі өшіп, жанары сұрғылт шыны моншақтай қимылсыз. Лезде мандайы мұздап, қолы суып қоя берді.

— Дайра аға! Дайра аға! — Үнсіз. Солқылдан жылап. жібердім... Бауырым езіліп барады. Жүгіріп келген мед-сестра взвод командиріне «скончался» дегенін құлағым шалды. Ауылдан бірге аттанған, бірге болған, ақылшы қамқорым, анамның бөлесі, дүниедегі ең жаныма жақын

Жаңылымның әкесі... Көзімнің жасы бүршақтай төғілді. Менің ... ең қимас адамым жау оғынан опат болды. Қолымда, иығыма асылып отырып, мәңгіге үйіктап кетті. Бұл менің өлген адамды бірінші рет көргенім. Сондықым болар, Дайра ағаның қабағын да жапаппын. Әлі өкінемін, ол көзі ашық күйінде аттанды-ау өмірден. Оның жаудыраған жанары қазірде маған қарап тұрғандай көрінеді.

Көзімнің жасы көл болып әкемдей жақын, шешеммен боле Дайра ағаны қара жердің қойнына өз қолыммен тапсырдым. Басына қойылған тақтайға «Қазақстан, Сарысу өзені, «Бірлік» колхозы, Дайра Аскарұлы 1942 жыл 20 августа» деп жаздым. Сол ойдым-ойдым жыртық көрпедей орман арасында жыптыраған көп қабірдің арасында қалды. «Қош бауырлар» деп бірнеше дүркін аспанға оқ атқан бөлім ілгері жол тартты. Дайра ағаны қалдыраған мен де өзегім өртеніп артыма жалт-жалт қарап, егілін кете бардым. Қайтейін... Қадірлі жанның тіршілік сапары үзілгенінің күәсі болудан өзге не шарам бар еді.

* * *

Қара жер асты-үстіне шығып, бүрк-бүрк біресе ана жерін, біресе мына жерін жұлып лақтырады кеп. Бар пәрменімен өзін-өзі аямай ұntап үн боп үгітіледі.

Тас ұшып, шаң қопарылып, тіршілікті тулақтай сілкілеп алай-түлей, әлемді мұнар, күйген иіс жайлаган. Аспан аспан емес, жер жер емес, тозақ. Шудаланған көк бүйра туғтін, бүркыраған шаң, отқа араласқан қоймалжың қара барқын удай ацы иіс боп, кіреукедей көзді түмшалап, езіп, тұншықтырып барады.

Таң қылан бере жау артиллериясынан төгілген снаряд бекініске дәп түсіп, ұрып тұр. Тозған шым үйдің қабырғасында траншея шұрқ-шұрқ, опырыла жалп-жалп құлайды. Ескі тондай пана болар түрі жоқ. Әр снаряд солқ ете түсіп, өзін-өзі ұntап, мыңға белінің, бүршақша шашылады. Әр жарықшак жан-жаққа жаналғыш әзірейлі боп, көзге

көрінбес жылдамдықпен кезе жөнеледі. Ажал аласұрып, ұрынарга қара таппай, алшаң басып, «Ер болсаң басынды қөтер!» деп тыр жалаңаш бір өзі мың жалмауыз бол өсіріл алған. Қылт еткен бас жұлынып, қыбыр еткен жан тапсырып жатыр.

— Танк!— Взвод командирі Сергей Осиповтың даусы дәл құлағымның түбінен шықты.— Асықпаңдар! оның қаралы даусы траншеяға түгел естілді. Мен танкіге қарсы атылатын зеңбіректің оқтаушысымын. Бәрі дайын. Кірпік қақпай қадала алға қараймыз. Қара тажал қаптап келеді. Үні жер солқылдатып, оқ төгіп, қатарын түзеген. Бір, екі,.. он... санап үлгермедім. Қасқырдың күшігіндей бол шұбырған сүр киімді жау, танкілер соңынан ілесе жүгіреді. Зеңбірегінің аузы үңірейіп, от құсқан танк ентелей кеп тақап қалды. Тағатым таусылып, маңдайымнан шып-шып тер шықты. Мұндайда уақыттың тегершігі...

— Атындар!— жалғыз ауыз сез траншеяны дүр сілкінті. Снаряд дөп тиген, мінбелеп, шөпке таянып қалған ең алдыңғы танк айналма болған малдай бір орнында шыр көбелек айнала берді де, лап ете түсті. Қара тажалдар әр жерден-әр жерге түтіндең, атыс күшейіп кеткен. Осы киын-қыстау сәтте алдыма қараймын. Лап қойған жау солдаттары мұзға тайған қойдай жалп-жалп құлап, арты кейін шегіне қашып барады. Тұн жамылған моладай өртенген танкілер үңіреје қарауытады... Сәл тыныс алған сияқтымыз. Жау шабуылға қайта шықты. Жаңа ғана ұшқындан тұрған қар алай-түлей төгіп кеткен. Аппак қар қырышқтары да қара жерге биқтен қорғалап зорға қонатын тәрізді, Өзі торғайбас-торғайбас ірі, сондықтан ба, құйыла төгіледі. Әлгіден де көп тың күшпен жанталаса ұмтылған дұшпан өршелене түсті. Қуатты тегеурін кері итерді. Екі жақ та теке-тірес, өліспей беріспек емес...

Басын таңып алған жаralы аға лейтенант Сергей Осипов ентігіп жетті қасыма. Құлағының түбінен сорғалған қан білінеді.

— Бақтыбаев, екінші расчетты да сен...— сезінің артын

айтуға үлгермей — Тез! Олар жаравы деп траншеяны жағалап жүгіріп бара жатты. Мен бұйрықты орындауда үмтүлдым. Дайын жатырмын.

— Огоң! — Сергейдің даусымен қоса шыққан снаряд жау танкісін тапжылтпай тастады. Оқ шынжыр табанын сөгіп жіберсе керек, кенет үстіндегі қақпағы ашылып, атып шыққан жау солдаты артына жалт-жалт қарап, сәйгел тиғен сиырдай зытсын кеп. Оқ нөсері толастар емес. Жанұшырып пулеметті тез қайта оқтадым. Жау тобыры құзғындағы қаптап оқ бората ентелей жүгірген. Қол созым жердегі пулемет қақалып сөне берді. Жалт қараганымда, пулеметші жігіттің траншеяға құлап бара жатқанын көрдім. Осиповта байқап қалған екен.

— Бақтыбаев пулеметке! — жалт қарадым. Жау лап койған. Бекініске енді болмаса баса көктеп кеп қалды. Көзім тұнып кетті. Гашетканы барынша басып, оқ селін боратып жібердім. Ораққа түскен пішендей жапрылған жау құлап жатыр. Сонда да арты үзілер емес. Әлден уақытта барып өрттей серпілді.

— Дайра ағаның кегі үшін! — де айқайлаганым есімде. Сол жағымнан шаң бүрк ете түсті. Ақиқат жарылған снаряд. Одан арғысы тұман, бұлышыры... Есімді көшпелі госпитальда жидым. Ауыр жаараланғаным үш ай болыпты. Сол аяқ, сол қолым орнында жоқ. Іздеймін кеп. Оң қолыммен бар мүшемді сипаймын. Сол қол... сол аяқ... жоқ! Жаным шығардай тығырыққа тығылды. Шығырып бар даусыммен айқай салдым. Зат емес, басқа емес, өз денесін тәңір жаратқан жоғалтудан ауыр не қасірет бар. Өзімді-өзім тексерем. Рас мен Кадірмін бе? Бәлки бұ дуниеде емес шығармын! Басыма түскен сүмдүк апат салмағы езіп барады. Есім орнында ма?.. Құні кеше, ие күні кеше... Аргы жагын ойлауға, айтуға қасірет тасы тамағыма түйіншектеліп тұрды да қалды. Демім — жалын, денем — жоқ. Көзімнен жас, жүрөгімнен қан сорғалап, бірнеше күн аузыма ас алмай тез өліп кетуді тіледім. Бұл түріммен, ел бетіне қалай көрінем! Жаңыл... Иә, Жаңылым менің не дер? Анам сорлының не жаны

қалады. Ендігі күні не болады?.. Он сегізден жаңа асқан қыршын жасымда қатығез тағдыр мұнша бақытсыздықты басымға неге үйе салды екен. У ішіл өлсем! Қайдан табам оны? Жоқ асылып өлуім керек. Мұсәпір! Кембагал боп өмір суре алмаймын. Бәрін тәрік еттім. Өлем! Өлем!.. Әл-қуат азайып, тіршілік шырағы сөнөр шақ таянған тәрізді еді. Сол күні әбден қалжырағандығым бар, талықсып жатып үйқұтап кетіппін...

«Мың күн ұжмақтан бір күн тіршілік артық»,— деген халық даналығын естімеп пе едің?!

— Ей жас жігіт намысың қайда? Адамдық сана, парасат өмірғе сүйіспеншіліктен тұрады. Райдан қайт. Өмірді сүй. Біздің еліміз-ізгілік елі. Қор болмайсың. Өмірден өз орнынды табасың,— деп мәндайымнан қарт дәрігер лездеде әкем боп кетті. Қараша үйдің алдында шешем тұр. Тұрі жүдеу. Ауыздығын қарш-қарш шайнаған аспанкөк. Әкем бір жақтан жолаушылап келген бе, немесе енді жүргелі тұрма, бетіме ашулы қарады. Қолындағы тобылғы сапты қамшысын өрімімен қоса ұстап сермелеп тұрып:

— Ой, тумай туа шеккір! Атаңың әруағынан садаға кет! Садаға кеткір! Соншама бүгіліп, қол аяғынды борышыңа беріп пе ең?! Отан үшін замандастың жан беріп жатқанда, бастан құлақ садақа! Тірі қалдың, болды. Енді астындағы атың жүйрік емес, иығындағы басың жүйрік болсын! Айыр ұстап, шөп маялап, қүрек ұстап жер қазбасаң да адал болсаң еліңе етер еңбек көп! Болғанға болаттай болу — азаматтық! Бу белінді!— деп ақырып, айқай салды. Экешешемнен бетімнен отым шыға үялам, баяғы. Бетімді басым жүгіре жөнелдім. Мұрттай үштым. Тасыр-тұсырдан палатадағы он адам түгел басын көтерген. Мен төсегімнің алдында домалап жатырмын. **Жаутаң-жаутаң жан-жағыма дәрменсіз аң-таң қараймын.** Жаңа ғана қасымда тұрған дәрігерді, шешемді, туған әкемді іздеймін. Сөйтсем, бәрі түсім екен. Өкіріп ессіз баладай еғіліп жыладым кеп. Өзімді тоқтата алмай түншығам. Экемнің «Тумай туа шеккір! Ата аруағынан садаға кет!»— деген даусы қулағымнан кетер

емес. Жаңа ғана қасыма кеп бар даусымен айқай сап айтты
емес пе! Тірісіндеңгідей-ау, тірісіндеңгідей, даусы да тірі.
Оның үні құлағымда жаңғырығып тұрып алды.

«Балам адам бойындағы қасиетте шек болмайды»,—
деген әкемнің елер алдындағы соңғы өсietі...— жақын
досың — ақыл, ұстамдылық...» Қайран әке! **Жалғызыңың**
осыншылық қиналарын қайдан білдің! Коріпкелің бар әулие
ме едің? Тағдыр бар базарымды қор ететінін, сең соққан
балықтай боларымды да сездің бе екен! Әкемнің абын
даусы құлағымнан кетер емес. Іші-бауырым алау-жалау
боп, бетімді ыстық жас сыза береді. Күн ыстығынан еріген
көлеңкедегі мұздай тамылжып сорғаладым. Ұшы-қырысыз
кең әлемге өзінді, қарақан басынды, сыйғыза алмаудан
асқан қорлықты кім көрген. Неткен бақытсыз жан едім.
Көзімді тарс жұмып тұңғиыққа шымырлап батам. Қазір
ешбір тілге келтірмей, тірі жанға көрсетпей тажал қылғып
жіберсе армансыз болар тәріздімін. Шым-шытырық бәтуа-
сыз сандалыс. Сонда... «Атаңың әруағынан садаға кет!»
деп дауыстаған әкемнің үні қайта естіледі. Бұрынғыдан
да қаһарлы, өктем шығады. **Жауынан** тұщы тәніне қанша
жарақат алса да, кегі тулас ыңқ демеген, берілмеген батыр
бабамды есіме салғаны ма? Апыр-ау солай болды, солай...
Бүкіл тәнім шымырлап қоя береді. Сүйегім ысып, орны
қалған қол-аяғым қайта қалпына келгендей сезім билейді.

Сонда... Сол сәтте желке тұсымнан әкем жарықтық
көз алмай қарап тұрған тәрізденеді. Өзімнен өзім қыпыш-
далап қысылам. **Жонарқам** терлеп қоя береді. Эйтеуір не-
ғылса да жаным талқыға түскен. Әр нәрсенің ақырын қут
деп сыйырлайма-ау, шаршап талықсып кетем.

Дәл осы күннен бастап, ие, дәл сол күннен бастап
деймін-ау, эйтеуір басымды қара тұман торлаған қарғыс
атқан көп күндердің бірі. Тап басып айта алмаймын, бойыма
төтен қайрат сенім күші, батыр атам мәрттегі тәрізді тың
куат құйылады ма, өзіме өзім келе бастадым. Козімді
жұмсам «Болғанға болаттай бол! Бу! белінді!»— деп әкем
қасымда отырады. «Бұ қалай?» аң-таң күй кешем. Емдеуші

дәрігерімді көнілденіп, арқамнан қагады. Шағын кісі. Әзілдеп құлдіріп жүреді. Тұздай көк көзі мейірім-шапағат төгіп, іші бауырыңа кіріп алады. «Қалындығың бар шығар?»— деп сұрады бірде. «Бар» десем де, кенет мұнайғанымды аңғарған ол: «Адал махабbat азбайды, махабbat құдыреттің құдыреті. Оның тәнірі — жүрек. Қалындығыңың жүргегі мықты болсын»,— деді күліп. Менің Жаңылымды Сіз білмейсіз ғой. Ол ма, ол... ойым ілгешектеніп әрі жалғаспады. Менің қалындық туралы әңгіме осылай бастап, Жаңылдың мен дегенде жаны ғана басқа деп айтқым келген еди. Тіліме ол сөздер оралмады...

Бір күні ойда-жокта палатының ішіне күн шуағындей бол құйқылжыған күй төгілсе бола ма. Басымды жастығымнан қалай жұлып алғанымды білмеймін. Жанымды арбап, тұла бойымды еріте жөнелді. Ынта-ықыласым үзіліп, тағатым таусылып үздігіп барам. Бар аңсарымды жаулаған сорғалаған әуен құдыреті көзіме еріксіз жас үйіре ме, немене. Мына түрімде радиоқабылдағышқа еріп кететінмін. Көкірегім ашылып, жұпар жұтқандай бойым сергіп сала бергені. Қазақ әуенін естімегелі не заман! Бұлақ сұындағы мөлдіреген сарын тамылжып құйылады көп. Бар демімді ішіме тартып, мұлгіп, үйіп қалдым. Қыбыр етсем асыл саз үзіліп кетердей жаным қыл үстінде. Әттең дүние! Тәнірім-ау, мынау... тіліме көкейімдегі сөзімді жеткізер үтірлұ сөз оралмай санама шым-шым үйыған киелі әсерге малтығып, тұтыға берем...

Көз алдымға дала, сағым тұнған атырап айқара ашылып, керегесі жазыла берді. Жаным рақат көкжиегі көлбектеген өзім туралы өлкे... Сарнаған мазасыз жел соға ма, будақ-будақ үйтқыған құйын ойнай ма, аламан тасыр үрейлі дабыр емістейді. Сол бұлыңғыр арсында, мұхиттай жазықта жалғыз қара сенделеді. Сағым дариясына бір батып, бір шығып, қылт-қылт көрініп жоғалып қайта шығады. Асқақ үн өрлей тулады. Бар күш қуатын, қанатын қырқып дәрменсіздік матаган бейбақтың жаны ма шыңғырган?! Үңышранады. Өксиді. Шегін тартып, көкірегін жарып ах ұрады,

өрекпіл арқырайды. Онды-солды бүйірін алқына соққан көкті шер шығар жол таптай күніренеді. Бір орында шиыршық атып, көкке шапшып кең даланы қақыратып шығардай бұлқынады. Дір-дір өксік аза бойымды өртеп барады.

Бір ғана нәрсе, қанша өзімді зорлап құштесем де, қолымнан келмеді. Елге хат жазбадым. Жазбадым демеймін, жаза алмадым. Қолыма қанша рет қалам алсам да жанымды жеген қасірет бұлты торлар шыға келеді. Дәрмен-сіздік пе, басқа ма, озіме белгісіз бірдеңе дел-салымды шығарады. Мүмкін пенделігім шығар. Жүргімнің басында бір түйткіл шемен боп қатып, мойным жар бермей қойды. Сан өзімді-өзім желкелегендей зарлап та көрдім. Қолыма қалам тисе болды, денем су боп аға жонеледі. Қысылам. Қөкіретімді қарыс айырған сұмдық «Ей, неңе жетісіп, қай бетінмен, қай түрінмен тірімін дейсің, кембағал сорлы»— деп табалап шыға келеді. Сылқ етіп құлай кетем. Қойши, не керек, бәрі сол өзімнің күйрек, болмайтынға болдырған әлсіздігімнен болды. Мен жазатын хат орнына қара қағаз кепті. Сөйтіп мен кескілескен қан майданда ерлікпен қаза тапқан боздақтар қатарынан орын алғанымды кейін, тіпті кейіп білдім...

1943 жылдың ақпан айы. Туған жердің кең жазығына домбыраның ішегіндей тартылған болат жол өзім майданға аттанған разъезге қайта жеткізді. Ағаш аяқты беріштей қатқан сұр жолдың қарына шықыр-шықыр тіреп түстім-ау поездан. Жанымды жеген бар азапты, өткен күндер үлесіне тапсырып. «Нар тәуекел тағдырым, ұстадым сениң асау жалынан»— деп, туған жер топырағын жалғыз аяқпен бастым...

Ызғырық жел аңқылдалап, желеңге соғып тұр. Қатты қардың бетін жонған жаяу борасын бұрқырап, жыландај жорғалайды. Ирелендеп ұзай тұсіп, басын көтерін жанжагыма тілін сумандатып ысқырып-ысқырып алатын тәрізді. Бар болғаны торт-бес барактан тұратын разъездің кезекші бөлмесінен өлеусіреген шамның жарығы сығыраяды. Солай беттеп балдағыма салмағымды салып қозгала

бергенімде, арт жағымнан самбырлаған дауыс, пысқырған аттың даусы шықты. Екі адам өзара дауыстап сөйлеп келеді. Жол үстінде қарақшыдай боп тұрган маған таяна кеп, басыммен алсызып жүріп келе жатқан ат жүрісін бәсендете берді. Алдында отырған көшір мені көрді ме:

— Эй, бу қайсың, жол үстінде ербіп тұрган? Былай!— деп даусын теріп, бишікпен атты «Но» деп тартып жіберді. Сырғып ала жөнелген қашауа шананың қорабында қарайып отырған кісі:

— Тоқта! Тоқташы! Анау өзі балдаққа сүйенген біреу фой. Әлгі поездан түспесін,— деп әмәр ете дауыстады. Ат басын тартты ма, шана сықырлап тоқтады. Таныс дауыс. Кім болды екен деп ойлағанымша, шанадан домалай түсіп қасыма келді.

— Кімсің-ей. Неге үндемейсің?— деп қасыма келуін келсе де, шошынғандай состиып сәл тұрып қалды. Бірден таныдым. Аронрәшит аға. Сау сүйегім үгліп бара жатқандай көнілім босаپ, қолтығымдағы балдаққа сүйеніп зорға құламай қалдым. Бас салып құшақтап, бауырына кіріп бар даусыммен ышқына жылағым келді. Өзімді зорға тежедім. «Тек ойтіп масқара болма!» деп жағымды қарыстырдым. Тым қыын сәт еді.

— Кім болсаң да колхозға баратын шығарсың жүр, ана шанаға отыр. Жүре сөйлесейік. Тұн сұық. Оқтай жел сүйектен өтіп барады. Кийімінде — шинелінде не жылу бар дейсін. Батеке, көлігінді бұрып, шанаңды бері таянтшы,— деп өзі сау қолтығыма жармасты. «Батеке деп тұрганы менім атам фой, анау!» Бірақ мына кембагал түріммен өзімді: «Қадірмін»,— деп қалай айтармын. Тіл күрмелген. Аузымды ашсам, шыбын жаным қоса шығардай.

Аплак қар жамылған дала дөңгелене жөнелді. Не де болса ауылға барғанша тіл қатбасқа бекіндім. Бейшара болған күйімді өздері бірақ көрсін деймін тістеніп. Бар болғаны кеңірек тыныстап, тұған жердің тұнгі сұық ауасымен құшырлана дем алдым. Ішімдегі қайғы-қасірет, жегідей жеген азап оттай қызу сұыкпен араласып, біріне-бірі

басытқы сияқтанады. Аронрәшиттің жалғанның жартысындағы қара тұлыбының бір өңірі маган да тиғен. Ат барын салып, оқтын-оқтын пысқырып қойып, қақ жолдың сүр қарын қарш-қарш басып жұлдыздай ағып келеді. Ақ тұнжыр дала маган қазір түпсіз терең шыңырау тәрізді. Обып тартып барады. Өзім сол тұнғиғиққа батып бара жатқандаймын. Тұн түнекке қарлы дала толқыны аспанға атқан көк теңіз сияқты. Өңірде көзге шалынар инедей ештеме жок. Шана табанының сықыры құйқаны шымырлатқан азалы ән боп ызындейдьы. Бебеулеп, онсыз да тозған жүйкені шабақтай, сай-сүйегімді кеміріп, жарты денені егелейді-ай кеп. Оған қосылып сұық жел қуа соғып сүйреткендей әуенін соза түседі. Разъезд басында азғана тұрса да едәуір тоңып қалыппын. Қаны кеткен, қонторғай дene сұыққа төзөр емес. Бір-екі рет тіл қататындағы, бірдене айтқысы келіп, маган мойнын созып бар денесімен бұрылған Аронрәшит жақ ашпады. Үндемесе еken, әзірге жөн сұрамаса еken деп келем. Колхозды ауылға да таяп кеп қалдық. Жерді танып отырмын. Ат айдаушы Батаң қолдан илеген сен-сен тонының жағасын көтеріп, бар денесімен артына бұрылды.

— Басқарма, үндемес ойнағандай бұл жолаушының жөнін де сұрамадық. Кім еkenін де білмедік. Өзі қайда барады еken? Қай үйге,— дегенде ғана:

— Ауылға, келе жатқан жоқ па? Адаспаған болар. Жөнін өзі айттар. Мына сұықпен сұық боп,— деп ол озіне біткен табиғи салмақты мінезіне бағып, қысқа жауап қатты.

— Сонда да, міне ауылға да кеп қалдық,— деген Батаң күңкілдеп атын айдай түскен күйі одан әрі сөзді созған жоқ.

Әкемнен үзенгілес, өкшелес атқа мінін, қатар жүрген Аронрәшит ағаның үні құлағыма майдай жағып барады. Асықпайтын, саспайтын мінезі әкемді есіме түсірді. «Қалай еліктейді. Аумаған әкемнің мінезі. Бақ ауысады, ырыс жұғысады» деген осы ма, көп жыл бірге жүргендігі шығар.

Әкемді қатты сағынып та кетіппін. Жарым көңілімде шырғалаң туды. Қар басып, пештерінің мұржасы қылтиған ауылға екнінде желген ат шана ене берді. Өз үйімнің тұсына жеткенде, манадан жағым қарысып, жанымды жеп зорға шыдап келе жатқан мен:

— Осы жерде қалайын,— дедім. Шанага отырғалы жағымды ашқаным осы. Кенет тіл қатқанымға таңданды ма, екеуі де қоса жамырап:

— Қай үйге? Қай баласың өзің? Сені қинамайық деп,— жарыса қауқалақ қақты.

— Мен... Мен,— кеңірдегіме тас тұрып қалғандай өз үніме қақалып,— мен Қа-Қа-Қадірмін гой,— деп атымды кекеш адамдай бөліп-бөліп зорға атадым. Жастары егде тартқан, бір елдің бірегей ақсақалдарының осы сәттегі қимылдары да басқаша болды.

— Не дейді? Кім? Бауырым-ау, құлыным-ау! Бақаңнан қалған жалғыз түяқ тірі!— Үндері де оқыстап бақырып шықты. Екеуі қатарынан ұмтылып кеп, құшағына ала берді. Қалың киім ыңғай бермей, иліктірмей, сонда да арбақ-арбақ етіп, мұз қатқан сұп-сұзық сақал мұртымен бетімді аймалай жатты. Бір мезгіл екі қарттың жауырындары булкілдеп, мені босатпай кеуделеріне қысып, мауқын басып барып, кейін шегінген. Сасқаннан етегін басқан екі қарт үйге қарай қатарласа жүгірді. Қуанған да бір, қорыққан да бір деген осы да. Тірлігіме мәз. Нем қалғанын қайдан білсін. Ішімнен күйініп кетсем де мынадай айқара ашылған жүрек жарды қуаныш еңсемді бірден көтеріп таставды. Біздің үйдің есігін екі жақтап сабалап жүріп зорға ашқан. Ар жақтан ақ бұрыыл шашы дода-дода боп, жауулығын жүре салып, сүріне қабына есік ашқан анамды құшақтай алған Рашит:

— Сүйінші, өшкенің жанып, өлғенің тірілді! Қадірің келді, Қадірің-ің!— дегенде:

— Рас па?.. Қайда?— деп үні шықпай дәрмені таусылған анам құшағын аша ұмтылды маган. Бетімді, екі бетімді өліп-өшіп сүйе берді, сүйе берді. Демі от боп тиеді. Бізді

ешкім ажыратқан жок. Әбден мауқын бассын. Баласының тірілігіне көзі жетсін дейтін тәрізді. Едәуір уақыттан соң манадан аймалап ыстық көкіргіне қысып, солығы басылған анам мені босатқан. Бәрі үнсіз. Осы шындық па дегендей көз алмай маған қарап қалған. Жылаулы жанарлар мені кезек-кезек ішіп-жейді. Анам байтұстың көзінен сорғалаған жасы тыйылар емес. Әлден уақытта өзіне-өзі келді ме:

— Тағдырга өкпем жок. Жер шұқып қалған шығармын деп едім,— анам өз қуанышын қарттарға сөйлеп білдірді.— Ер басына күн туса, етегімен су кешер, ат басына күн туса ауыздықпен су ішер. Жаудан жарапты қайтқан ар емес. Майдан әлі біткен жок. Жан шыққанша жаумен алысу ердің ісі. Кекті батырдың текті бабаның тұяғы едің!— деді ол мені қайрап. Анамның қуаныштан жүрегі жарыла жаздады. Баттал ата, Рәшит аға: «Мұндай да болады еken, ә» деп айта береді. Тамсанып бастарын шайқайды. «Уш ұйықтасам енді көрем деп...»

Тұн ішінде біреуден-біреу құлақтанып, ауылдың бар адамы біздің үйге думеді. Кете алар емес, қия алар емес. Бәрі маған таңырқай, қызыға қарайды. Онысы кейде менің жарапты жаңымды қинап, жүргімді сыйздатып жіберді. Бірақ білдірмеуге тырысамын. Пұшық мұрнын жасырып бетін басқан бейшара тәріздімін. Бірақ көніп келгенімді әлі бір адам аңғармаған сияқты. Білсе де білмеген, көрсө де көрмеген болады бәрі. «Халқым сенің дархан жүргіңнен айналдым. Қайтейін құрбаным болып-ақ кетуім керек еken. Тағдыр осылай етсе. Тірі жүрсем, қабагыңды шытқызы-баспын», дедім ішімнен жаңым риза болып сол түнде. Қолға түскен ұрыдай қысылып терлеп отырмын.

— О, тәуба, жарты дене бүтін жаңда. Бақаңның қоламтасына аман-есен жеткізді,— деді Рашид аға. «Бүтін жанды», «Аман-есен» деген сөздерге мән бере даусын көтере айтты. Кептің ойын дөп басып, көкейіндегіні тауып отыр. Олар үнсіз бастаратын изеді.

«Мұнша жасық болармын ба? Өзімнен өзім қорланып қашшама, иә, қашшама ай госпитальда жатып, бір хат

жазбадым. Қайран анам-ай, сені осыншама қинаған екем-ау. Не деген каныпезер жан едім. Аяманпын», — деймін шешемнің күлдіреуштей бүгілген беліне қарап. Бір кездегі шалқасынан тұған айдай жарқырап тұратын анам қатты бүгіліп қалыпты. «Жаңыл... Жаңыл қайда екен?» сөзімнің сағыныш оты жылтылдаш сәүле шашады алыстан. Ауылда жоқ шығар. Тааяу жерде болса мына көптің ішінен көрінсе керек еді фой...»

Бәрін кейін білдім. Біздін үйдің есігін қара қағаз бұзып ашыпты. Есікті қағып тұрмалты да. Мен мына мен «Отан үшін Н қаласы түбінде жаумен болған қиян-кескі ұрыста ерлікпен қаза тауыппын». Сол өлі адам жарты денесін сүйретіп тұған еліне келіп отыр. Ойлағанда будан асқан сүмдық болар ма? Тұған ана, туыс, бауыр, жанашыр жақын, сүйген жар үшін оның ауыртпалық қияметі не тұрады. Сол Отан үшін сұрапыл майданда ерлікпен «қаза болған», бір-ак жарты дене, тірі менің қыр соңымнан қалмай, қайда барсам да жарық ала қуып, артымнан тосып, жүрген сүмпайы өлімнен де сүмдық барын мен ол күндері біліппін бе? Күн сайын жаныңды жеген. Сөйтсем өлімнің екі түрі: тән өлімі мен жан өлімі деген болатынын мен бейбақ білмейді екем. Әсіреле рухани олімнің тақсіретін кім тартқан!

Күн емес әр сағат зіл салмағымен езе түсті. Екі иығымнан басқан азап батпандап өсе берді. Шынтағыма дейін кесілген сол қол, тізеден жоғары сол аяқ шымырлап шанышады. Қак сүйегім қақсан ауырады. «Тірі бармысың» деп текстергені сияқты мені. Ішқұса боп, от басында сарғайып жатырмын. Анам жұмыстан қолы босаса болды, сөзге шақырып майдан өмірінен суыртпақтан әңгіме сұрайды. Мені ермекке шақырады. Онысы менің тіршілікten опық жеген мұсәпір көңілімді сергітпек болғандағысы. «Азамат басына не келмейді», — дейді сондай сөз арасында.

Күн артынан күн өте берді. Қыс қаһарына мінген. Терезені сабалаған боран шық-шықтың астына алған жаудай елестейді көзіме.

— Үйде жалғыз отырған адам қиялшыл болады. Қадыр

бекерден-бекер бала тербеткен әйелдей от басында отыра берме. Сенің қолыңнан келетін жеңіл желпі жұмыс колхозда жетерлік. Жұмыс істе,— деді Рашит аға бір күн інір қараңғысында үйге соғып.

«Бала тербеткен әйелдей» деген сөзі оңменіме оқтай қадалды. Әрине, Рашит бұл сөзді зілмен айтып отырмaganы өзіме аяң. Соңда да бусанып, қысылып терлеп кеттім.

— Мынау болмаса... Мен бүйтіп отырмас та едім. Майданда қатарыммен...

— Жасық болмасаң не қылсын. Асылдың сынығы ма десем!— деді, ол ажырайып.— Болат қанша сынса да түйіріне дейін өз қасиетін сақтайды. Қасиетінді сақта!— деп шегір көзін үлкейтіп бетіме бұған не дейсің дегендей тесіле қарады.

Аронрашит атанған кісінің дидарына зейін аударып көз салғаным осы еді. Жұні қырқылып түбіттенген тұлкі тымагын басынан алып, жанына қойды. Қырынан қисайған. Төбесінде түje жабагысы — тақия, Ағы дендеген селдір мұрт, сұйық сақал, ұзын кірпік, қалың қасты, бет сүйегі томпайған ат жақты сұр кісі. Ыстығы бар ма, еріндегі жарылып, тілім-тілім боп кезерген.

— Қарағым,— менен көзін алмай,— қазіргі аламантасырлы қаһарлы уақыттың аузында екі-ак сөз бар. «Өмір не өлім». Осы сөздер жер шарына күндей күркіреп, «Отан үшін, Сталин үшіп жан пида!» деген құдыретті ұранға ұласты. Осы ұранмен кешеғана от кешін, уыз тәнінді оқтесіп, жарты денендей майдан даласында қалдырып келдін,— Ол бірталай уақыт сөзін үзіп, үндемей қалғыған кісідей көзін жұмып отырды. Ұзын кірпігі шаш тарақтың жүзіндей төгіліп, әдемі көрінеді екен. Қалғып кеткен сыңайы бар тәрізді еді, тез қозғалып тіктеліп отырды.— Соғыс әлі журіп жатыр. Москва мен Сталинград іргесінде талқаны шықкан жау құтырына түсті. Атыстан толас бір минут жоқ. Отанымыздың бүкіл батысы — орт, қып-қызыл қан. Сен коріп келдің, мен алдыңғы шептеп пәлен мың шақырым қазақ сахаrasында болсам да сол майданың дәл ортасында

жүрмін. Ұрыста қарап тұрыс жоқ. Соғыс алдында 200-ден астам жігіт еңбек көрігін басқанда, кеше анау, бүгін мынау орындалмады деп басқарма мәжілісінде ауызben от көсеуші едік. Бүгін сол жігіттер майданда. Ботасына қараған түйе арық деген бар. Олардан бізге келер қазір көмек жоқ. Сол ерлердің ұрандап жауға арыстандай атылғанда арқа сүйері біз!

— Мына түріммен...

— Тек, тек тәйір алғыр, кеудесінде жалыны, бойында намысы бар адамға со да,— деп мені сөйлетпей,— бас намыс көрігін, кеуде де жүрек соғып тұрғанда! Ездікке емес, ерлікке еңсе көтер!— шала сауатты шалым төске өрлең барады...

«Менен не шығады деп отыр. Жарты дене... «Рухани күйзелісімді тағы да тап басты.

— Бақаң жарықтық: «Батыр атамыз жаудан тәніме жара түссе, сүйегімнен от шығып, қуатым артып, алдында айдаһар жатса да бетім қайтқан емес. Жаралы жанды жаққа саба ма, басқа саба. Дүшпаннан кек алмаған бас бас емес. Жер жастансын дейді екен»,— деп кейде шаруашылықта орын алған олқылықты қарсыласына теңеуші еди. Ей, сен сол асылдың сынығы емессің бе?! Қазір тәжікениң уақыты емес. Сөғыс уақыты. Колхозға комәндір мен, сен солдатсың. Бұйрық ертең 9-да кенседе бол!— Рәшиит өрнинан екі-үш ұмтылып, белі шойырылғандай әрең көтерілген...

Тандайлап қоғадан тоқып жапқан үйдің төбесіне қарап шалқамнан жатырмын. Қап-қара ыс. Бұрыштардағы өрмекшінің ұсыс тор қалта сияқты. Ұзақ уақыт ағартылмаған қабыргалар бедірейіп ұрысқа дайындалған шайпау әйелдің бетіндегі сұп-сұр. Еденнен сыз ісі бұрқырайды. Қазандық пештің ауызында кекпек, баялыш, қи, тезек қалдықтары ыбырсиды. Әйнегі жамаулы терезеден күннің күнгірт сәулесі ұяла сыйалаған көңілсіздік ортаға алғалы қашан! «Рәшиит аға маган не істеткелі жүр. Кемнің аты кем ғой» деп торыған. Әрине, жаным арымның садағасы дейтін ба-

бамның мәрттіғін ол бекер айтқан жоқ. Қекірегіме намыс отын жаққандағы әрекеті. Әлде... Есіме марқұм Дайра ағаның: «Рәшитті халық Аронрәшит дейді, олай атауының тамаша сыры бар»,— дегені оралды. Сол жұмбак есімді басқарма колхоздың кәмәндірі... Мейлі нар тәуекел. Аяйтын нем бар. Бойдағы қалған қуатты қаузап көрейін!

...Колхоз кеңесінде жұмыс істей бастағаныма да біраз болған. Жұмыс бастан асады. Есепшот қағуды Рәшит аға өзі үйретті. Ол — ұстаз, мен — шәкірт. Уақыт тауып күніне бір сағат кеңседе менімен отырады. Кобіне ат үстінде, бірде төменгі, бірде жоғарғы ауыл, ана ферма, мына қыстак! Әйтеуір дамыл көрмейді. Бір тыным алмайтын жансебіл жан.

Сол қолдан қалған жүрнаққа магнитті былғары қолғап кигізілген. Ол қалаған кезінде сол қолтығыма темір негелі ағаш балдақты тап еткізеді. Аягыма мініп, қалқайып тұра жөнелем. Адам «Үш күннен кейін дозаққа да үренеді» демекші, бұл омірім өзіме әбден етene болған. Кеңседе көп отыратын екі-ак жанбыз. Бірі — Сағынбек. Мен оған іштей жанашаырдың бірімін. Әкесінің Дайраның қаза болардағы өзіме тапсыран аманатын ол қайдан білсін. Менен қандай шапағат тиеді бұған. Жабулы қазан жабулы қала берсін. Дайраның... аманатын кім естін түр. Осы оймен өзімді-өзім жегідей жеймін. Дәрменім азайып, қалжыраганымды білдірмеуге, тіс жармауга тырысам. Адам ішінде арыстан ойнап жатқаны кімнің көзіне көрінген. Сағынбек күн санап ашылып, әкесі сияқты ақжарқын, есті жігіт болып өсіп келе жатты. Менен жасырап оның ешбір сырғы жоқ. Кейде балалық аңғалдығы да бар. Бір күні:

— Апам бүгін Жаңылға қатты ұрысты. Оңдырмады,— дегені. Бетіне жалт қараппын. Менің өзгерісіме, қымылым таңданған күйден тез сергіген ол мені сендергісі келгендей:

— Рас айтам. Оңбағансың,— деді.— Қадырға барып, амандасып, әкеңнің тағдырын сұрамайсың ба? Бірге кетті, бірге болды. Майданға да бірге аттанды. Әкеңнің өлі-тірі-

сін, хабарын Қадыр ғана біледі,— деп апам жылады, көп жылады.— Сосын Қадырға көрінбейтіндегі саған не бәле ұшырады,— деп көзі іскенше өксіді. Маған бірге отырсың. Мениң жаулығымды жалпылдатпай сен неғе білмейсің. Неге сұрамайсың. Бақаң үйіне бірнеше әдейілеп-ак бардым. Қадыр көргенді...— Бала кідіріп сасқалақтан шешесінің не дегенін тап басып айтпай кідірді,— аузымнан сөз шықпады. Эрине, оның «жарты дene жарымжан түрін аяп» дегені сезсіз гой. Бірақ менен Сағынбек ол сөзді ақиқат жасырды. Біреудің өзінді мүсіркегені жаңынды жейді екен. Қөнілім су сепкендей болғаны. Мен осы халді тілеп алдым ба? Сағынбектің шешесінің сөзі, өз аузынан естімесем де ойымша топшылап отырмын. Мені тулактай бір сілкін өтті. Ләм демедім. Жүрегімде азап оты лапылдан жаңып, өзімнен өзім іштей өртеніп отырмын. Сол құні ас ішпедім. Мең-зен қүй кешіп, тәбетім алмайды. Тұнді де өте жайсыз, үйқысыз көз ілмей өткіздім.

Колхоздың айлық отчетын Рәшиит басқарма мушелерімен отырып талқылайды екен. Оны мұқият дайындау — әр ферманың айлық есебін алу менің басты міндетім.

— Қазір соғыс уақыты. Сондықтан тылда да соғыс тәртібі, жеңіс мұддесін қорғау керек. Осы мақсат талабынан ауытқыған кімде-кім болса да жасына, дәрежесіне қарамастан қатаң жазаланады. Уақыт әмірі осы. Балалық істеп, есеп жұмысында солқылдаққа жол берме,— Рәшиит оңаша отырсақ та бұл сөздерді қанын ішіне тартып, түсін сұтып айтты. Онысы маған кемшілікке кешірім жоқ болып естілген.

— Құп, сөзіңіз екі болмайды,— дедім мен даусымды неғұрлым байсалды, орнықты шығаруға тырысып.

— Түсін бала, бұл ойымнан шығарған менің сөзім емес. Коммунистік партияның Отан үкімі, Сталин сөзі,— деді. Әлгіден де гөрі үнінде салмақтылық ызғарын молайтып. Кейін ойласам, колхоз председателі сонда менен қызмет бабында адал, істе әділ болуға азаматтық уәде алған екен.

Сағынбек қашырдай аласа, жал құйрығы сұйық, жоны

жұмыр сары-бауыр атқа шана жегіп келген. Өл бір жағынан менің көмекшім, қолқанатым тәрізді. Басқарма бекіткен график бойынша сиыр фермасынан айлық қорытынды есеп алғалы келеміз. Жаңыл осы фермада. Оны ойласам болды жүргім тулас төбеме дейін ток үрғандай, шымырлап қоя береді. Жарымжан деп корсына ма, канша ой жүгіртіп басқадай себеп таба алмаймын. Бір кездे бір сағат көрмесе, тұра алмайтын шығар да жаны басқа елгезек жаның бүл мінезі көп таңдандырады. Күн өткен сайын оған деғен құштарлығым артып, сағынышым молая түскен. Бүгін соны көрем. Қозіне лажсыз түсем. Өл да бір жаққа тығылып, әлде қашып кетпесе кездеспеске лажы жоқ. Колхоз орталығынан ферма жеті-сегіз шакырым. Тактайдан қақ жол. Сары-бауыр бұлк-бұлк желеңді. Тұнгі жауған кілегей ақша қар табанағына жабысып, жалп-жалп ұшады. Күн ашық. Аспанда піскен сүттің бетіне тұрған қаймақтай жүқалаң бұлт сарғайып көрінеді. Ақ шапаны мол денесін қымтаған далаға ашық күнде көптен көз салғаным осы еді. Әппақ жұқа жібек оранған, ұйқыдан тұрған маңғаз сұлудай керіледі. Қазір көкжиекке дейін көз жүгіртем. Бір тұс, бір бояу. Жыбыр еткен жел жоқ. Тың-тыңдаң не болар екен деп байсалды қалпын сақтаған ауыз мінез, салмақты бейнесін аңғартады. Өзің сыр ашпасаң, ол жақ ашпайтын жұмбак сыңайы бар. Адам мінезі де табиғатқа тарта маекен деп ойға шомам. Болмаса Жаңылдың...

Ала қанат сауысқан манадан қатарласа қалмай ұшып, бірсесе ана бұтаға, бірсесе мына бұтаға қонып қырық-қырық бәйіз таппай қойды. Қызыл іздей ме, мойнын қылт-қылт қозғап енді өзенге қарай бауырлай самғады. Сауысқан қан ісін сезбесе ұшпайды дегенді естігеним бар. Мен:— Бұ дәйіс не іздеп жүр?— деймін қасымдағы Сағынбекке. Өзімен өзі боп келе жатқан ол:

— Нени айтасыз, Қадыр аға?— бетіме қарады.

— Сауысқанды айтам.

— Оның өлекседен басқа не арманы бар дейсіз. Сұғанақ құс өзі. «Сұғанақтың арманы — құлқыны», Сағынбек

Бала емес көпті көрген көнедей көрінді маған. Толымды қауап. Менің ойымда болмаған түсінік. Мына сөзі кекейіме қонып, ойга салдырыды. «Сұғанақтың арманы — құлқыны...» Сиыр фермасы он бес-он алты үй. Сауыншы, құзетші, бақташылар. Ауыл кеше жауған ақша қардан ба, тап-газа жинақы көрінді. Не істесе де жөніне келтірін, ақау қалдырмай, әрбір шаруаның ығытын тапқан елді аңғардым. Шашау жатқан ештеме жок. Бәрі орын-орнында. Сырты үктелген ферма қорасының қабырғасына «Бәрі майдан үшін! Бәрі женіс үшін! деген үран жазылыпты. Өрелі сез үтой салып тұр...

— Жолдастар! Сіздердің жан қиярлық еңбектеріңіз ғамаша жемісін беруде,— Рәшиттің даусы котеріңкі шықты,— Мал басы өлім-жітім шығыны өткен жылдағыдан әлдеқайда кемісе, өнімділігі әдәуір өсті. Колхоз жыл қорытындысында миллионға жуық пайдамен шықты. Өткен қылғы бір мың екі жұз ірі қара, бір мың бес жұз, он мың сой он бес мыңға, бес жұз жылқы сегіз жұзге, жиырма үйе отызға жетті. Ал құс-тауық өсіру жұмыртқа алу әкордтық көрсеткішке ие! Ендігі максат осы түліктерді өсіре отырып, қол жеткен табысты молайта беру ол майдан талабы, женіс мұддесі. Үстіміздегі жылы сауылатын әр сиырдан орта есеппен қырық килограмм қорытылған май әр қойдан үш килограмм жұн, оның сыртында майдан үшін жүзделген тонна семіз ет тапсыру міндеті тағы бар. Бұны орындау абырайлы борыш. Ақ қар, көк мұз жастаңып, толарсақтан саз кешін, күндіз күлкі, түнде үйкесіз қатығез жаумен арпалыстағы ерлерге комекті еселеп арттыру — әрбір колхоз мүшесінің азаматтың міндеті. Женіске дейін аз үйықтап, балаларымыз бен ерлеріміз үшін табысты еңбек етейік! Бәрі майдан үшін! Бәрі женіс үшін!

Рәшиттың бұл сөзі — колхоз жоспары болып бекіді, қағазға түсті. Ду етін жамырай қоштап сөйлеген колхозшылар:

— Мал шығындармайды, өнімі көбейеді.

- Майдандағы азаматтардан жан артық емес!
- Көтереміз аз күнгі ауырлықты.
- Кеше ғана қара қағаз келген Қадыр тірі келді ғой.
Көзіміз көріп тұр.
- Ертең-ақ азаматтар салып ұрып женіс туын желбіретіп жетіп келеді,— деген көшілік сөйлеп алсын деді ме Рәшиит ешкімді тоқтатпады. Жетілік шамның көмескілеу жарығында қара көлеңкелеу көптің арасынан көз жүгіртіп:
 - Осы жиналысқа Тасбек тагы келмей қалды ма? О, шіркінге не болды,— деді Рәшиит. Арт жақтан:
 - Жер мойны қашық. Жете алмай... Келет те,— деді таныс дауыс.

«Тасбек! Тасбек!» іздейді. Үстімнен біреу мұздай су құйып жібергендей денем мұздап кетті. «Қашан келді екен?» Қалай естімедім. Өзі жасырынып жүрген жоқ па. Осында бір құпия... Жаңылдың көрінбей жүргені... Осы екі арада бір құпия, бөгде сыр жатқан сияқты ма? Елден майданға аттанып, шойын жолға беттеп бара жатқанда, ат үстіндегі. «Ой, ондайың мына бізде де бар» деп дәл Жаңылдың өзіме ұсынған шеті кестеленген ак жібек орамалындай орамалды көлеңдетіп көзіме көрсеткені ойыма сап ете қалғаны. Сондағы құпті болған әлденендей күмән, қызығаныш па аузымның дәмін алған жылымшы сезім қайта тұтана бастағаны. Тасбектің есімі атаулының өзі-ақ менің алай-тулейімді шығарды. Сонда...

— Әбеке, олай демеңіз, бәрін тәртіп шешеді. Бұл тәртіңсіздік!— Рәшииттің даусы қатқыл ашулы естілді.— Осы колхоздағы жасы үлкеніміз мына Батекен — Баттал! Таңның атысы, күннің батысы дамылы бар ма? Кім ушін дедектеп жүр! Неге жар құлағы жастық көрмей кетті. Ер басына күн туса етегімен су кешер деген сол. Жолдастар темір тәртіп керек! Әркім өзіне берілген жұмыста жауынгерміп, солдатпын, өзін майдандамын деп санасын. Біз еңбек майданындамыз, жолдастар!

— Каймақ сұйылып кетті. Қоюлау жібер.— Бұл сүт пункті бастығы Салиқаның даусы.

— Айша тез тапсыр сүтінді. Артында басқа жұрт тосып тұр.

— Міне, боп қалды,— дейді ол сепаратордың үлкен тегершігіндегі шараға сүт құйып жатып,— сәл сабыр етініздер.

— Бүғін күндегіден сүт көп келді. Эй, бұзауды тым қақтап жіберген жоқсындар ма?— дейді тағы Салиқа.

Мал қора. Құнес беті ық, қолдың саласындағы етіп тоқылған тал шарбақ — ақыр. Оның іші бозқонақ, бидай-бас сары, көк, ақ гүлі үгітілген сұлы дәнді бидайық, қияқ, майқара тұқымдас насыбайдан көкбенбек жусан ба, әйтеуір түрлі шөпке толыпты. Кекіренің уатылған қара бұрыштай иісі бұрқырайды. Суаттан екі әйел бір топ сиырды жалғыз аяқ жолмен қайтқан қаздай тізілте бері айдайды. Әукелері жер сзызып, желіні санын соққан сиырлар ақырдағы шөпке бас қойып, қаз-катар тұра қалған. Бұралап асан, қарбытып-ақ жатыр.

— Еңбектеріңіз рақатты болсын,— деймін мен қарап тұра алмай, беті тотығып, мейіздей қатқан жеңгем Айшага.

— Рақмет, қайнам, еңбек рақаты жеңіспен бекісін,— дейді ол іле жауап катып. Бұл Сапарбайдың жұбайы. Оң жақ бетінде жүгерідей ғана қап-қара мең бар. Тұнық қара көзді, сопактау, томпақ беті ақ құба талдырмаш келіншек. Күпәйке шалбар киіпті. Аяғында басы қайқиған қара пима. Үстіндегі киімінің бәрі қоңыр. Сапарбайға қосылған соң бір айдан кейін соғыс басталған. Жар құшағы, қызыу лап-лап жанып, махаббаттың бал дәмі таңдайды жұлып, ақ шымылдыққа сзыыла кіріп, үзіле шығып жүрген күндері еді сол. Сол жеңешем мынау. Қөзінің оты жарқ-жүрк ойнап, өкшесінен оралады. Қымылы ширақ. Іске ынта береке танытады.

Сапарбай —«Бірлік» ауылынан шыққан алғашқы оқындардың бірі. Қызылорда қаласындағы малдәрігерлік техникумды бітірген. Иықты, ортадан биік бойлы, жауырыны қақпақтай сұлу жігіт. Батаңа тартқан кең мандалы

тік қабақтау, өткір қой көзді, дөнгелек бет пішінді көрікті жас. Киімді де таңдап, талғап киеді. Басқаларда жоқ қара кок пенжек, сықырлаган қара бәтенке келісті галстук тағып жүреді. Зиялы оқығандығы әр кимыл, ісінен бай-қалатын Сапарбай қекеме ауыл адамдары ілтипатпен қарайды, құрмет етеді. Келешегіне зор үмітпен қарайтын. Ол колхоздың мал дәрігері боп енді енбек жолын бастаған-ды. Айша жеңешем — Қызылорда жерінің қызы. Әке-шешесі оқыған кіслер екен. Техникумның алғашқы класында оқып жүріп, Сапарбай қекеммен қосылады. Қөрмеген, білмеген жер, бейтаныс, ата-бабасы белгісіз ел деп Сапарбай қекеме тұрмысқа шығуға әке-шешесі келісім бермейді. Бірақ адамды отқа салатын құдыреттердің бірі — сүйіспеншілік бәрін жеңеді. Тәйт деп бір күні қекемнің етегінен үстап «Бірлік» аулынан бір-ақ шығады. Айша түскендегі той талайдың аузының сүйін тауысқан. Ат бәйге, жаяу бәйге, палуандар қүресі, бала жарыс, теңге алмақ, қөкпар, желкетартыс, беташар, жігіт пен қыз айтысы, не керек бар қызық сонда болған. Сол асыл жеңгем қазір мөлдіреген қара көзінен нұры тулас, жан-жағына жайдары қарайды. Елгезек.

— Мыналардың бәрі сауын сиыр ма? — деймін сөзге тартып.

— Мұнда үш сауыншының сиыры. Келесі қорада, одан әрі де үш-үштен, — дейді ол бізге түсіндіріп.

— Барлығы ферма бойынша қалай?

— Үш жұз.

— Жақсы екен.

— Жақсысы жақсы. Сүт берсе, — деген Айша ойланып, — мен осы фермадағы ага сауыншымын. Мына жарықтықтардың сырына жақында түсінсем бола ма? Халықта: «сиырдың сүті тілінде» дейтін қанатты сөз бар. Оны сиыршы атам көп айтатын. — Сиыршы атасы — Баттал. — Шөп мынау, өзің жеп қойғың келеді, кора жылы, күтімде мін жоқ. Бірақ сүт аз. Сөйтсек, бұл жануарлар суға қанбай, қаталап жүреді екен ғой.

— Сонымен?

— Сонымен сүт қазір ағыл-тегіл,— деп Айша қуана күлді, маған наздана қарап.— Сенің ағаңа ғашық болып міне, сарыала етек сауыншы атаным. Саспа, мұны да жеңеміз. Соғыс бітсін Сапам келгесін бе, келгесін көреміз. Бар бақыт алда, қайным! Солдат қайным дейінші, енді сені,— деп сықылықтап күледі. Күлкісі сәбидің күлкісіндей сүйкімді шықты.

Қасында екі әйел, әй дейтін жердегі маядан Battal атам шанаға шөп артып жатыр. Қолында күміс қасықтай жалтыраған темір жұтпа. Маяның бүйіріне бойлата сұңғітіп, күшак-күшак шөпті бүркүратса суырады. Дода-дода көкпенбек тішенді екі әйел бірі жерден берсе, екіншісі шананың үстіне жайлайды. Қарттың суырган шебін артып үлгере алмай маңдайларынан тері моншактап үзіледі.

— Қатша, Зура қарақтарым, жарап бір тұнге. Тезірек апарып қонағасыға бүркүратып бере қойындар,— дейді Battal апай төс кеудесін шалқақ керіп, белін жазып жатып. Самал желге тозаңы көтерілген көк шөп иісі саумалдай бүркүрады. Күн кешке айналған. Тоқал үй үстіндегі пештің мұржаларынан көкке көтерілген тұтіні будақтады. Тік шаншыла көтерілін, тымық ауада ешкінің үйисін қылышығындай түтіле қобырап, ымырт қараңғылығына үласқан. Шашыраған шоқтай аспан көгіне жұлдыздар шегедей жарқырай шықты.

Battal ата мен Saparbaidың отауы — қарсы есік. Екі үйдің сыртқы албары ортақ. Ымырт жабылғалы не заман. Ферма еңбеккерлері әлі тізе бүккен жоқ. Бір жұмыстан соң шектей шұбатылған екінші жұмыс. Шетіне шығам деп олар зыр қағуда. Бүгінгіні өртөнгө қалдыру — бұларға жат. Түннің бір мезгілі. Battal қарияның қақырынып, албарда сөйлеген даусы естілді.

— Айша, Айшажан! — түбі түскен шелектей даңғырлап бүкіл албарды басына көтерді, — қызыл қасқа сиыр туғалы жатыр. Тағы да бір екеуі шуын шұбатып, таяу тұр,— Айшаның жауабын күтпеген ол,— қолың бос па, төл қабыл-

дауға? деп асығыс қайта жөнелді. Қолындағы фонарь жарығы қараңғыда шайқала қозғалады.

— Май қорытып жатыр ем. Енді бір қолымды қалай екі етем. Әлде әлгі,— деп қара қазанда шымырлай қайнап, тортасы бетіне көбіктене берген майға қарады,— оның көзі енді ғана ілініп еді. Лаж жоқ, деп үстіндеі халатының шынтағына дейін тұрулі жеңін асығыс босатып жатып:

— Қайным, солдат қайным, басыңды сәл көтерші. Қазанның түбіне тым жалпылдатпай, тамызықтап қана от жаға тұршы. Соңіп қалмасын, қатты лапылдап жанбасын. Қазан түбі күйсе, май күйгені. Онда сапасын жояды. Мен ұшып барып, қазір ұшып келем. Жаңа атамның сезін естідің. Хатша мен Зураны оятып жіберейін,— деп сөзінің соңын есіктің сыртында аяқтап жүгіре жонелғен. Үш жеңешемнің қорасы бір еді.

Жалғыз жамбасына жантайып пештің аузында отырмын. Жанган қидың қышқылтым іісі қөңірсіfen май іісімен араласып, үйдің ішін жайланаған. Жалын жұтқан ки шоғы лезде қызара бөртіп күлгін тартады да, угілін кетеді. Ол менің бір кездегі жалын атқан арманымды, қазіргі мүшкіл халімді көз алдыма келтіреді. Ауылдың қазіргі отыны — тезек, койдың қызы. Қиды қолдан тоқылған қапқа толтырып әкеліпті. Әбден кепкен сап-сары қыштай қидың әрбір көсегін отқа есеппен тастаймын. Ұзақ жанса, шоқ болып жайнап сөнбесе деп тілеймін... Адам өмірі де кейде жанған от тәрізді ме, қалай? Шіркін, өмірде маздағанға не жетсін! Батаң үйге сөйлей кірді.

— Балам, ақыры май қорытып, от жағып жатсаң, шешендей мазаламай-ақ бірер кесе шайды Сапарбайдікінен іше салсам қайтеді?— дейді өтінген үнмен.

— Болады ата. Жоғары төрлетіңіз. Сол шайыңыз қайнап дайын тұр,— деген Айша атасына төрге көрпе төсеп те үлгерді. Өз баласының есімін мактана мәртебе тута атағаны ол. Оны да өзінше ырым көреді. Жоралғы жақсы ниет санайды. Сапарбай Батталдың жалғызы. Көп баладан тірі қалғаны сол. Сұрапыл соғыс алдында

ғана үйлендіріп шалқытып той жасап менің де шаңырағым егіз болсын деп отау тігіп, бөлек шығарған. «Жалғыз баланы неге бөлектейсіз. Кемпірің екеуін шошайып қалай отырасың екі жерде»— деғендерге: «Ей, өз алдына Отан болғанын көрейін. Өлсем көрім бөлек емес пе. Эке қолындағы бала кеш ер жетеді. Сапарымнан үмітім көп. Халық ортасында емеспін бе?»— депті. Жайшылықта да сөзуар, от ауызды, орақ тісті Battal үйге жар басына еңкейе шыққан емендей бүкіре耶 кірді. Өз белін өзі сипап, әлі сөйлеп отыр.

— Қадыр, шырағым, мен адамнан мықтыны қөрмедім. Арқасына салмақты сала берсең, қайқаңдал көтере береді. Соғыстан бұрын жігіттер жабылып зорға тындыратын жұмысынды кемпір-шал, қыз-келіншек, бала-шаға қаңбақтай ойнатып алақанында көтеріп, дүрілдетіп кетті. Құш тасып бара жатқан жоқ сонда. Байқасам кеfi тасыпты. «Жаралы батырдың жанына тиме, арына ти»— деп халық бекер айтпаған. Әлгі ата жау-пәшест дей ме, қанқүйлы өлім мен ойранға құмар қарақшы мен бастыры жетпістегі мен болып айқасқа шығыпты. Еңкейген кәрі мен еңбектеген баласы бақытын қорғап сапқа түрган халықтың сағын сындыратын күш жоқ,— қарт даусы қарагайдың безін шапқан шапашоттай шақ-шақ естілген еді. Қапсағай ұзын бойлы, жазық маңдайлы, қой көзді, қыран тұмсық, мойны ыргайдай ол сақал мұртына жабысқан мұздақты жіптен моншак суырғандай алып тастап отыр. Қалың қасты тас шегендей шүңірек көзінен от ұшқынданап, жалт-жұлт ойнайды. Жанары жетпіstemін деп отырган жоқ. Үнемі жел қағып жүргендіғі ме, ұзын мойны қыздырылған баланың шыт-шыт борбайындағы қып-қызыл. Күре тамыры білеудей. Желке шұқырына бір шәйнек су сиятындағы шүйдесі түйенің тұмсығындағы боп бөлек жатыр.

— Мына лағынет соғыс басталғалы бел шешіп, бой жазған емеспін. Жеңіс дабылы қағылған күні,— қарт үні қарқылданып, суға сұңғіп шыққан кісідегі басын шайқап,— айра-жайрам шығып енді дем аламын балалар деп атой-

лармын. Айқайға басамын сонда. Тәнірі сол күнге жеткіз-генше ажалға сабыр, бейнетке рақат берсін. Батагөйі көре ме, әлде Алатауы мен бе, өз беттерінше шаруасын ұлгіртін әкете алмай ма, осы пәрменің қыбыр еткен адамы. «Қане, ата, жұмысты неден, қалай бастайық»— деп тұрганы. Мен көпті жауға қарсы бастаған қас батырдай тұра жүгірдім. Онда ширап кетем. Дәл жиырма бесім қайта оралғандай болам. О, құдауанда, мактандып отыр деме атаңды. Бәтуалы сөз берекелі істің арасы қол созым. Көрсөң, сенесің...

Сол күні ферма аулы бір мызып көз шырымын алды да, әдеттегідей таң біліне қайта оянды. Күн көтерілгенше сиыр сауылып, сепаратор тартылды. Оты қанған табын суат басына қарай шұбыра қозғалған еді. Сауырына киіз жабу жапқан атын тал шарбақты қорадан алып шығып жеңіл шана жеккен Батаң:

— Айша шырағым, мен-ақ келе қояйын. Тәменгі колхоздың өнімін жинаған май алушы жаңа ғана өтті. Кеңсеге барам, сонда тосамын,— деді. Әлгідей болған жоқ он бес фляга шанаға артылып дайын тұрды. Оның бәрі май.

— Мұның қанша? Нәклатнай жазбауышы ма ең?— деген Батаңа:

— Соңғы он күннің өнімі. Жарты тоннага сәл жетпей түр. Накладнойы міне,— дейді Айша.

— Ендігіде ол межеден асырасың ғой. Оның капи-танциясын толтырың ба?— дейді қаудырлап алғашқы ойын қайталаған қарт.

— Міне ата...

Қаракер ауыл арасының үйреншікті жолымен құйрығын бір сипаң еткізіп, бүлкектеп желе жөнелді. Шананың алдында жас жігіттей секіріп мінген карт тамағының құлағы желпендей кетіп барады. Фермаға оралысымен өзі мен «петаминоңқа» атандырған шағын бас қосуға шақырып алды бәрін.

— Балдар Отан қорғау қорына бар жиган-тергенімді берем.

— Е, оныңды осылармен ақылдасып беруші ме едің? Сенің жиган тергенінде жұрттың несі бар,— деп кейуана мәселенің бетін ашып тастанды.

— Ақымак,— шеғен қабақтың тереңінде шағылған шырпының сәулесіндей көзінің оты үшқан карт,— эр нәрсенің бастауы болады. Бір адамның ісін көп қолдаса не болатының білемісің сен! Көп қосылса — көл, көл қосылса — дария, дариядан теңіз!

Тоқталма ендеше! Сапарбайыннан артық па сенің жиган-тергенің! Сол жүрген жерге баратын болса ештеменде аяма, бер! Бер!

— Берсем, бердім. Соңғы үш жылғы еңбек күнге тиғен 15 мыңды салдым, Отан корғауға!— ал сендер не дейсіңдер дегендей отырғандарды тінте қарап бір өткен.

Осы Отан корғау қорына қаржы беру «Бірлік» аулында Батталдың бастамасы деп аталағы кеткен. Тез арада бүкіл ауданға, одан облыстың барлық жеріне тараған. Халық қолдаған жомарттық қорытындысы мың емес миллиондармен есептелген. Біреулер қияли, біреулер сақы, біреулер тапқыр атаған қарт фермадагы барлық қыз-келіншектің басын қосып бір мұны:

— Қарақтарым сендер де бір өз беттеріңше неге ойланбайсындар. Сонау батыска оқ жұтып, жалын құшып, ақ қар көк мұз, жауын-шашиң, ыстық-сұық демей рақымсыз жаумен айқасқан бауырларың тоңбай ма? Олар сендерді сағынғандағой,— әдейі келіндеріне қарап сөйлеп отыр,— жүректері езіліп жүр. Бірақ жауды жеңбей қайта алмайды. Сол ерлерге сендерден барған сәлем-сауқаттың қандай құдырыет пен күш беретінін білсендерші...

Ата айтты, болды. Ешкім сөзін екі етпеді. Арада аз күн өткенде Сапарбай Батталов соғысып жүрген алдыңғы шептегі полк командирі атына екі жәшік аманат жөнелтілген еді. Дәл соның жауабындағы фермадагы қыз-келіншектің атына үшбұрышты хат жаусын кеп. Бәрінен полк командирінің «Қымбатты Ұранбаевтар семьясы! Қадірлі Баттал ата, Аяулы шеше, сүйікті Айша,— деп басталатын хатты

бүкіл колхоз жаттап алған шығар. Хаттың әр сөзі жүрек тербейді. «Сағынышы сел, сүйіспеншілігі көл болған майдангерден жалынды сәлем!» «Сіздер жолдаған аманат толық бізге жетті. Екі жұз жауынгер жылы шұлық, қолғап кестелі орамал сәлемдемеге ие болды. Шексіз жауынгер ракыметіміз бен алғысымызды айтамыз. Ел сәлемі қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан полк фрицтерді желкелеп қызып барады. Жау зыта қашып, ақырғы күшін сарқа жұмсауда. «Өлтөтін бала молага жүгіреді» демекші фашистер өз зиратына қарай ұмтылып қаша соғысада. Сіздердің ұлдарыңыз Сапарбай жақсы соғысып жүр. Озат жауынгерлердің бірі. Женіспен жолыққанша! полк командирі Иванов»,— деп хат соцында қол қойылған.

Мазмұны жан тербеген осы хат келген күні Баттал ата үйінде соғыс басталғалы бұл ауылда болмаған тамаша ойын-сауық өтті.

— Кемпір, бүгін жылы жұмсақ Сапарбайыңа сактағанынды қазаныңа сал. Сақтағанынды берсөң, сағынғаның келеді. Мұндай қуанышты, төл аттың көзіндей хабар үшін, ауыл жастарының басын қосып, тойға бергісіз қызық өткізейік. Жастар ән шырқасын бір. Еңсесін көтерсінші бір,— деген Батаң. Баладай елпендереп сол күні ауылдың бар адамын өзі жүріп шақырады.

— Балдар,— деді даусын көтерген ол,— күнде келетін қазиттен қанша оқып айтсандар да, көңіл, шіркін, май ішкендей бола беруші еді. Ал мына майданнан келген хат,— колынан тастантын емес, бойтумардай мұқият бүктеп төс қалтасына салып алыпты,— кемәндірдің шешелерін маған, Айшага жазғаны, айымды — онымнан, жұлдызымды — солынан туғызды. Кәрі жүрек өмірге келер сәбидей бұлқына тулат, кеудемді жарып шығуға аз-ақ түр. Бұл — қуаныш, Ұлы Женістің алды сүйиши басы болсын! Емін-еркін отырып көңіл көтеріндерші. Айша қарағым, Сапарбайыңың хатын оқыдың. Гүлдей жайнашы жаным, әдемі шырқап әуелет әнінді,— деген. «Шіркін, абзал, жаны —

жаз, дарқан — дидар екем-ай» демеген ауыл жасы жоқ еді сонда.

Тұн бойы бірінен соң бірі кезектесе, кейде қосылып шырқаған ән ауыл үстін қалықтап үшқан. Ән қыза келе карттың өзі кемпіріне қолқа салып, қазір ұмыт бола бастаған жастар біле бермейтін халық әндерінің бірін тарғыл даусымен созған. Атанаң ән салғаны жастарды біржола шаттыққа бөлеп жіберген. Айша, Қатща, Зура қосылып шырқаған әнді көп сүйсінін тыңдаған еді.

Сол күнгі қызық тамаша, таң бозарып атқанша шырқалған ән Батаңың төбесіне қамыспен жапқан жатаған үйі, қазандық пеш, жетілік шам, жыртық терезе, ыс басқан қабырғалар... жадымда өшпей қалған.

Ойымнан жанымды жегідей жеген «Жаңыл қайда?» деген сұрақ күні-туін бір кететін емес. Бір ферманың кәріжасы осында. Шешесі — Салиқа, жалғыз інісі де. Оны ойласам, астан-кестеңім шығады. Жақ ашып басқа біреуден сұрай да алмаймын. Ішім удай ашиды. Бүкіл ауыл майданнан хат алып мәре-сәре, мен болсам сыртым — бүтін, ішім — түтін. Жарты жан сияғыма пана таппай күйзелем. «Әй, кемдік ит, алтын басымды қор еттің. Шырағы сөнген үйде жалғыз қалған бақсыдай күніренем. Бәрін естіп, біліп сай күнімде сүйғен, күйген. Енді міне не қылсын... мені... Элде, көзіне көрініп, жаралы жанын азаптамайын, бәрібір оған қосылып жатқан мен жоқ,— дейтін шығар. Мейлі...

* * *

Күн күнге жылжып, жыл өтіп жатты.

Рәшит басқарма мәжілісі протоколын жазып отырған Сагынбекке бұрылып: «Тасбекті шақыр»— деді. Үстінде күпәйке, шалбар, аяғында мақпалдай қара пима, басында қызыл масаты тысты тұлқі құлақшын. Мойнында түбіт бекебай. Бұлдіргелі тобылғы сапты қамшы ұстаған Тасбек еркін басып енді үйге. Басқаны менсініп, не именіп тұрган

тау маңдайының терісін қатпарлап қасын керді. «От кешін, оқ жұтып келген майдангерге не істейсіңдер»— дей ме, танауы желпілдеп бойын ашу кернеген.

— Баяғы байдың мырзасы. Тұлға пішінінде мін жоқ. Айнымай қалыпты,— деген Рәшит օған алара қарады.

— Ақсақал, байқап сөйлеңіз. «Байдың мырзасы...»— кекетіп қабағын түйген Тасбек,— Отан үшін қан теккен қызыл әскер деуге аузыңыз бармай ма? Мына қолға мен әдейілеп темір тығып алғам жоқ. Пәщестің оғы тиғен,— деп саусактары сіңірі «тартылып» бүгілген сол жақ қолын жеңінен шығарды. Бас бармағын, сұқ саусағы мен шынашағын қозғап, сыртынан терісі бұж-бұж біткен жұдьрығын түйіп,— Міне, деп мұрны жырық атандай бақырып жіберген оның тез-тез қимылдаған сұқ саусағы мен шынашағы арасынан бас бармағы бәлеғат шығарып тұрғандай көрінді маган. Біржола жаубеттеніп түтігіп алған.

— Оныңды сідет қылма. Ол қолдың да сырды ашылар...— Қатша ашулы сөйледі. Тасбекті тұрған жерінде түтіп тастайтындағы күйінгөн,— жұрт жанын беріп. Отан үшін өмірден баз кешіп жатыр. Ал сен сол қолыңда шегір қадалды деп, тас қып жұмып, зарланасың,— деп барып зорға басылды. Әлі де айтары көп тәрізді. Бірақ үлкендерден имене ме жалтақтай берді. Ойындағысын сарқып айта алмайды. Қатшаны қуаттағандай Рәшит:

— Осы қолыңды жігітім, бірақ жерге де жұмсан жүрсің-ау, дей берін еді.

— Арым да, қолым да таза,— деді тұлданған Тасбек.

— Таза емессің,— Рәшиттің даусы тым қатты шыққан. Орынсыз көп ашуға бармайтын адам қайта-қайта орнынан қозғалақтағаны,— басқаны қойып, өзіңе сенің тапсырған мемлекет жұмысына қалай қарап жүргеніңді айта алар маекенсің,— дегендеге тағы жұлып алғандай бақыраң-бақыраң еткен Тасбек:

— Айтпағанда ше! Көздерінді бақырайтып қойып айтам,— қанына қарайған кісінше ернін жаланып ентіге түсті.

— Дұрыс, айтсаң айтарсың. Оның жөн-жөн. Өзі айтар деп сеніп отырмыз. Ал айтсаң, осыдан уш күн бұрын қос каракерге жегілген шананың үстінде не болғанын ағынан жарылып баяндарсың ә, Тасбек?— Колхоз председателі бетіне ыстың темір басқандай оның қоңыр тартқан жүзінен шып-шып тер білінді. Сылқ етіп отыра кетті де, тақымына шеге кіргендей қайта атып тұрған.

— Не дейсің Рәшит? Не дейсің? Опыр-ай. Әбен әулетінен,— тілін тістеп алғандай,— не сүмдүк тағы?— Батаң шыж-быж.

— Не екенін өзің айт. Сол қадірлі жұкті түсіруге мен қатыспасам да көзім көріп тұрды. «Көзім»— деген сөзге дауыс екпінін қойып, мәнерлеп айтты,— Айқайлауға, аттандауға өз аулыңың адамы. Сырттан келген ұры емес, жауапты кісі. Кімнің ары барады. Арың да қолың таза екен. Енді өзің бәрін айта гой.— Тасбекте үн жоқ. Аузына су толтырығандай тысырайған күйі. Басқалар да тым-тырыс. Дәл төбесінен түсіп, не жақсы, жаманды көзімен көріп, қолымен қойғандай тапжылтпай тастамаса халық алдында білгір, көріпкел атанар ма бұл.

— Соғыс кезі қазір. Кімде-кім мейлі ол майданда,— мейлі тылда қылмыс жасаса, оған кешірім жасалуға тиісті емес.— Басқарма председателі ақшулан мұртын одан соң төбесіне қарай қасқа жолдай шашы түрілген басын ала-қанымен терісін сыптырадай сипап түніле сөйлемді.

— Егер қылмыскер өз айыбын мойындал кешірім сұраса ше,— деп еді басқарма мүшесінің біреуі, өзіне жанашыр тапқандай Тасбектің қан көрген сиырдай өкірген даусының барылданап қоса шығып кеткені.

— Ке-ке-еш... Кешіріңіздер. Ме-ен қара бет боп, қара бет боп,— деп баладай мұрнын қос-қос тартып, солқ-солқ жыласын кеп.

— Тұр!— деп айқай салды, Батаң.— Байы өлген қатын да бүйтіп бақырмайды. Ер басыңмен. О несі! Онан да мерт жігіт болсан, сал ортаға барынды. Ақтар сырынды,— деген.

— Иә, жөні сол,— деді басқалар қарттың мына пікірін жабыла қолдап. Тасбек қалтасынан шеті кестелі ақ жібек орамал шығарып көзі-басын сұртінді. Делбе болған малдай ентігіп, екі буйірінен дем алып отыр. Орамал көзімे оттай басылды. Қызығаныштан ба жаңымды қояр жер таппадым. Іші-бауырым араласып кеткендей қарал отырып аласұрдым. Бірдене деп жақ ашуға үлкендерден именем. «Япыр-ау әскерге аттанарда: «Ей, ондай орамалың бізде де бар. Жалғыз сенде...» деп көлбектетін орамал фой мынау. Гап езі. Жазбай танып отырмын. Жүргім шымырлап, төмен тартқандай құлағыма Жаңылдың «Сенбек оған. Бәрі жалған. Мен орамал сыйлағам жоқ»— деген уні шалынғандай болып, алып үшам. Не дермін. Дыбысым шығып кетер ме деп тілімді тістеп мелциіп отырып калдым. Тасбек салы суға кеткен, әлі таусылған жандай теңселін тұр. Ешкімнің бетіне тіктеп қарамайды, көзінен жер шұқып пимасының тұмсығымен едендегі қоқысты олай бір, бұлай бір қозғайды. Онысы не істерін білмей далбасалаған адамның сыйқытын танытқан.

— Тасбек ер адамсың. Кешегі майдангерсің. Қолға түскен немістің обері құсан, неге тілің курмелек қалды. Өз ана тілінде сөйлеп отырмын. Қане айт,— деді Қатша. Нығарлап әр сезін қадап батыра айтты. «Осы иттің балаларына сондай әңгімені неге айттым екен. Қараши тақылдауын. Қолға түскен обер сияқтанып дейді. Қерер ем қолға түссен, бәлем. Өз сезім өзіме оқ болып...» деп ойлаған Тасбектің маңдайынан ацы тер бұрқырап акты. Көзі қызырып қанталаған. Жағының бұлшық еті бұлтылдан тісін қайрай береді.

— О, Тасбек, не істегенінді өзің айтасың ба, әлде мен айтайын ба?— Бұл Рәшиттің қоңыр даусы. Жәй шықса да Тасбектің денесін дір еткізді.

— Қорінкел әулие емессің бе, айта бер,— сыйпайлықтан анайылыққа, Сізден Тасбек сенге көшті,— қалғаны сол еді, балаңмен алыс! Әкемді ол...

— Сен баламын деме, Тасбек, бәлемін де! Қылмыста сақал болмайды. Оны істеуші жас-кәрісіне қарамас. Рәшит ойланып бөгеле берді де сезін әрі созды.— Шеттей балашаға әскер семьяларының ептең не ауыртпалық болса да көтеріп отыр. Ең болмаса солардан үлсан әтті. Рәшиттің сезіз таусылды ма тергеушідей үстіне, саяул қойып, Тасбекті сөзбен жетелеген мұрындықты тайлақтай жедірді.

— Шанадағы жүк бірнеше жылдан ту қөксір емес пе?— Өкпесіне қандауырдай қадалған мына сұрақтан жалтара алмаған Тасбек:

— Иә,— оның үні отырғандарға зорға естілді.

— Сары қамыс айдынының бергі басындағы кең ойыққа табын кеп құлады гой. Күн кешкүрим кез еді,— колхоздардан мемлекетке тапсырылатын майды жинаушы көрген-білгенін Рәшитке айтқан. Жағасын устаган: «Үйдегі боп семірген ту сиырмен жағаласқан Тасбекке таянуға қорықтым. Ана түрінде ештемеден тайынар емес. Өз малындай тап бір» деген. Жазып беріпті. Басқарманың алдында жатыр.

— Иә...

— Қос қаракер шанағымен қалың қамыстың ішінде қаңтарылып тұрды. Осым жалған ба?— Тасбек басын изеді. Онысы не макұлдағаны, не теріске шығарғаны белгісіз. Бірақ көз алдымда ол шөгіп, өзінен-өзі жер болып енжүргасы түсіп бара жатты. Қара тер бетін жуып кеткен.

— Сиыршы байқұстың ойында ештеме жоқ. Табынды әлгіде өзі дайындаған суатқа беттетіп, аулына бұрылды гой, ә?

— Бұрылса қайтейін, бұрылды,— деп бақжаң ете қалды. Алқымын сипады. Бұлығып тұншығып дем алады.

— Суға емін-еркін қанып нар қамыстың күн бетіне күйіс қайырып тұрган көк сиырдың мүйізіне бұғалық лақтырдың. Ондайды көрмеген жануар ала жөнелді. Сен қорғасындағы басып босатпады.

— Аш қасқырша алған екен де кенірдектен,— Қатша шегі түйілғенше күліп мәз болды да қалды.

— Артқы аяғы алдыңғы аяғына жетпей семіздіктен ырғала қозғалған көк сиыр сенің арам ниетінді мал болса да сезді-ау шамасы, көп тулап ырқыңа қенбей-ақ бақты. Бірақ күшің, айлан асқан сен қақпалап, итектеп діттеген жеріңе ақыры жеткіздің: **Жар** тұбінен аспай-саспай ойық ойдың. Рас, бой-бойың шықты. Эрине, аятындағы үстінде мына мырза киімің жок еді. Кигенің әкен Әбеннің жыртық қара тоны.— Рәшит қара тон деп даусын созып әдейі қасақана сөз тастады.— **Аяғыңда** керзі етік. Өтірік деші?

— Рас,— көк сиырды ұстауға өзі қатысқандай Тасбек-ті Рәшит бұлтартпады. **Колма-қол** мойнына мелдіретіп қойып отыр.

— Бір тұма нарды өркешінен тістеп лақтырган жолбарыстай жануарды алып соғып, алқымын орып жібергенінде үстінді қан жуып кетті. Сенің бар әрекетінді сыртыңнан баққан көз де қас-қақпаған. Қолына түскенін жәукемдеп, жылы-жұмсаққа көзі басына дейін тығып, обыға асап жатқан көкшолақ арлан қасқыр тәрізді көрініп едің сен оған. Қасыңа баруға сескенді. Қоғам малына пышақ жұмсаған адам оған үрелі, әрі неден де болса тайынбайтын қатерлі болып көрінеді. **Жануар** көк сиыр құйрығы шошаңдалап, бүкіл денесі дірілдеп жаны шығып бара жатқанда саған жалт-жалт қараған, ол атына мінген. Бұған не айтасың?— Тасбектің бетінің түгі қалыңдап кетті. Қазіргі қалпы ерт сөндіргендей.

— Ортаның малы түгел болса не шаруаң бар, өзім жауап берем. Соңшама соңыма жарық алып түсетіндей мен әкенді өлтірдім бе?— Тура ұмтылардай **жұдырығын** түйіп Рәшитке ежірейе қарады.

— Мына ісің әкемді өлтіргеннең кем емес,— басқарма қатты ақырып дауыстады,— халықтың ақысын сен сияқты арамзага жегізбеймін. Бар сырың — мәлім. Өткен жылы қанша бұзауды есепке бермей қалдың?

— Ол сенің жұмысың емес!— Тасбек манағыдан қатайып бойын бекітіп алды. Міз бағатын сынай байқататын емес. Бетке шап-шап етеді.

— Жұмысым болғанда қандай! Мен колхоз басқармасынын.

— Мен ферма бастығымын! Ол үрлік емес, күні-түні жар құлағым жастық көрмей жүрген еңбегім,— Тасбек уәж тапқысы келіп енді тәжікеге көшкен.

— Тасбек десе, Тасбек — тас бұл!— Қатшаның анынған даусы.— Мал деген не бұған. Адамның арын талтап, абыройын айрандай төккен сұмырай. Әскер семьясы, бұлдіршіндегі қызды ел бетіне қарағысыз еткен қара жүрек! Tipi өлік боп, беті күйген он екіде бір гүлі ашылмаған қыздың обалы кімге, қара бет! Көзінен төгілген жасы — Жаңылдың екі қолы сенің жағанда!— ол айқай салып, алдындағы бетінің тақтайы тозған столды салып-салып қалды.

Жансыз столды емес, менің басымнан оңдырмай үрғандай екі құлағым шуылдал, қаным шекемді теуіп шыға келді. «Не дейді мынау? Не сұмдық? Жаңылдың абыройын төккен? Жаңылдың?.. «Құлағым у-шу. Қотанда қой жа-мырағандай азан-қазан. Ақыл-есімді қас қағымда ойрандал кетті мына сөз. Балдағыма сүйеніп, Тасбекке беттедім. Ойым жалғыз қолмен жағадан алып, кеңірдегіне азуымды бір бассам...

Басымда басқа ештеңе жоқ. Тенселе қозғалдым.

— Қадыр, отыр!— Рәшиит аға иығымнан басып орныма қайта отырғызыды.

— Әттең!— деді кіжіпген Қатша даусы тарғылданып,— тек Жаңылға жасаған озбырлығың ушін ұры иттей дарға асып, немесе пәршалап өлтірсе... болар еді. Ондай заң біздің елімізде жоқ. Менің ұсынысым — ісі сотқа берілсін. Ұры деп берілсін. Қиянатшыл, адамды жәбірлегені үшін қоса айыпталсын!..

Бір адам тіс жармады. Жиналас мана тараған. Баттал ата мен Рәшиит қана қалыпты. Екеуі де мен-зен тәрізді. Әлде өзім сондаймын ба, ойына ұмытқаны оралғандай Рәшиитке қараған Батаң:

— Дарханға соға кетейікші, деді. Әлгі айтыс-тартыс, менің опай-топайымды шығарған сүмдүк азалы сөз жайында бірдеңе айта ма деген ойыма жауап таппадым. Олар өзара ләм демеген қүйі ұстаханаға бұрылған. Салым суға кеткен мен сол қүйі үйге зорға жеттім: Өзім үшін қиямет-қайым ауыр құндер басталғаның мен білдім бе сонда? Ой азабы мәндеп, жегідей жеп, мұжіп ала жөнелген. Сүйегім сырқырап, бір жағынан жаралы жаным аяқ-қол удай аштынды шығарған. Күн санап сарғайып, әлім азайып жілік майым таусылып жатқан тәрізді. Сонда ойымды алты қыр асыратын жанымды көмірдей қарайтатын бір гана — Жаңыл. Кез алдынан бір сәт кетпейді-ау, кетпейді. Санамда от болып жанады да тұрады. Қара көзі мөлдіреп ылғи жылайды кеп алдыма. Пішеншілер аулы, Жыланды бауыры, кек бөстек жаңа шабылған пішен, шөмеле, былшылдаған саз табан... жұпардай шыралжын мен жусанның бүркүраған жас іісі... Айлы түн. Жайынды су басында сұхбат кештері... Майданға аттанып бара жатқандағы қимас елжіреген отты жанар... Ақ жібек кестелі орамал. Оның шетіндегі «Мен өмірлік сендікпін» деген жазу... Мені ұмыттың ба! Мен оңалмас бақытсызыққа ұшырадым. Қара шашым жоқ. Әкем — жанашыр қорғаным болса, арамза Тасбек басынар ма еді! Улы тырнағы тәнімді пәршалап, сорғалаған қаным, мынау! Енді қайттім!» болып естілген зар даусы ақыл-парасатымды быт-шыт ұнтайды кеп...

...Ысқырып кеп жарылған бомба. Жұлдыздай ағып, жұмыр жерді дөңгелетіп, зулаған. Қираған, бірінің үстінен бірі шыққан вагондар... Аппак болып, кірпігі зорға қымылдалап, актық демін қинала алған Дайра: «Қош, Қадыр, Жаңылым мен Сағынбегімді саған тапсырдым. Елге сәлем айт менен...» Кез алдында өмірден үздіге кеткен есіл ер, азамат бейнесі... Арман бейнесі... Құлағымда енесінен адасқан жетім лақ үні. Санамда аяғын әлтек-тәлтек басқан сол қорғансыз, әлсіз тіршілік иесі. Денем қызулатап, бұл құндері ыстығым бір төмендеген емес.

Әлі де мен **Жаңылдың** басына түскен қасіреттен бейхабар едім. Бар естігенім — Қатшаның сол қысқа ғана, жұмбақ хабары. Онда да басқарма мәжілісінде ашу үстінде аузынан ағат шыққан сөз. Сағынбек бірде: «Апам **Жаңылға** ұрысты, қатты кейіді. Қадырга неге барып сәлемдеспей-сің» деді, деғені жадымда. Менен неге қашқақтайды. Неге жасырынады. Адам мұншалықты оңғақ опасыз болушы маеді. Берген серт, алысқан қол... Осында бөтен сыр бар-ау», — деп жүргенімде естігенім — **Жаңылдың** арын таптадың қара бет!..»

Ауа райы құрт бұзылған. Март. Көктемнің алғашқы айы сүйктан басталды. Ай шалқасынан туған. Үлкендер «өзіне жайлы, шаруага қолайсыз болмағай» деп қауіп шақырған. Сабалап бір түн қара жаңбыр төгіп тұрады да, арты қарға ұласты. Қыс бойы түскен қалың қарды көксоқталап таптап, бетін көктемір мұзбен қаптады. Ықсанлан сүйк жел. Қар төпелей жауып, көз берер түрі жоқ. Торғай бас, торғай бас іп-ірі болып төгіліп тұрып алды. Мандайы қырс-қырс әжім терендеңеп, кеңсеге сөйлеп енген Рәшиит:

— Қолдағы шаруаның түғі қисаймайды. Бір жарым айлық шөп бар. Қорасы сай, адамы да жеткілікті. Әйтеүір бірдене етер... Ал даладағы жылқының халі не болды екен. **Жалғыз** Сәлен. **Жаңбыр** анау, қар мынау, мұзың тағы,— Кеңсені бәйіз таптай шаршылап, ерсілі-қарсылы кезеді — Қадыр, Батаңа айтарсың мұндағы шаруага өздерің басалқа бола беріндер. Мен жылқы өрісіне кеттім.— Ол шұғыл қозғалды. Сыртқа менде ере шықтым. Аспан көк ауыздығын қарш-қарш шайнап, жалт-жалт көзі жайнап тұр. Бұл — колхоз председателінің қыс мінетін сенімді көлігі, осындай қиын асуға арналған жарамды белді жылқы. Асыққан Рәшиит үйіне де кірмеді. Сағынбекті жүгіртіп, мол арқа тонын алдырып, артына бөктерген. Түйе жүні күпісінің пүшпақ жағасы қырқылыпты. Терісі жарғақтанып көрінеді. Белін мықтал буган. Атына міне беріп:

— Сағынбек, соңғы күндері малды ауылдарға сирек барып жүрсің-ау, осы? Ескі баздағылар соңғы хабарды

естімедік, импарбюро не деп жатыр? Майдан шебі қайда? Майдан шебі қайда жетті деп сұрақ жаудырды маған. Халықтың құлағы — майданда. Майданнан жеткен жақсы хабар — ел шабыты. Міндетінді адаптация. Қазиттің, картас (географиялық картаны айтады) қалтаңнан қалмасын. Қадыр, сен де осы жағына қолың тисе зер салшы,— деген атын сипай қамшылап жөнеле берген ол.

Рәшит — қызық кісі. Беймаза — алакулік. Құні-туні ат устінде өмірі өтіп келе жатқан ол маған осы сәтте биіктің басына шығып алып, қас қақпай колхозды ауылда не болып, не қойғанын бағып отырған кісі тәрізденіп кеткен еді. Кім қай жерде аяғын қалай басты, не тындырды, қай жұмыс журмей жатыр, ертең не істеу керек — бәрі алақанында. «Рәшит жермен тілдеседі. Жер құлағы бар, хабаршысы жел десе, жүрттың бір тобы» үйіміздегі қақ пен кебеже түбіндегі тары-талқан, жалғыз омыртқада оның есебінде дейді.— Шаршаған мен шалдыққаның, еңбек қазанында қайнаганың, қайғы мен қасірет шеккеннің, қуанышы тасығаның қасында. Рәшит тірі түрганда «Бірлік» аулына не қам бар» деседі тағы бір жағы. Осы тар заман, киын-қыстау құндерде ауыл басшысына халықтың сенімі бұрынғыдан да еселеп арта түсті. Өзіне сенім артқан көптің көкейіне толайын, ойынан шығайын дей ме екен, әлде уақыт үкімі солай ма, маған ол қас қағып, кірпік ілмейтін жан болып көрінеді. Құні-туні киял басты — ой, ауыл тұрмысы, ертенгі міндетке толып тұратын тәрізді еді.

Қашыр қаракерді шанаға жегіп Сағынбек екеуміз сиырлы ауылға тартып келеміз. Сағынбек — үгітші бала. Оны коре қалған көп, қамалап ортага алады. Кора демейді, мая, албар басқа демейді, сәл тізе бүгетін жерге картасын жайғызып жатқаны. Сағынбектің сүйкімді жұмсақ үні домбырадан естілген асқақ күй тәрізді. Бәрі үйіп тындағы, беріле құлақ түреді. Мұндайда шыдамсыз Зура әзілге басып:

— Қайным картанды қабыргаға ілши. Еңкейіп өтіміз ауымызға құйылды. Мойнымыз талды. Міне, былай,— деп сиыр сауатын қораның қабыргасына картаны ілін,— қолыңа

мына тобылғыны ал, көрсеткіш болсын. Сайраши енді, сәби мұғалім,— дейді жұртты ду құлдіріп. Сәл әбіржіп, қысылған Сағынбек бетіне қан жүгіріп:

— Мына қызыл сыйық — байыры еліміз шекарасы. Біздің әскер қазір Венгрия, Польша, Чехословакия жеріне отіп, оларды азат етіп, Берлинге бет алған қарқынды тегеу-рінді шабуылға шықты. Одер жағалауына жетті:

— Қадамыңа нұр жаусын — дейді Батаң.

Ауыл адамдары бір жасап қалды. Бәрінің жүзінде шаттық ойнаған. Бірақ «Бірлік» аулына әзірше Тасбек пен менен басқа (оның есімі ойға оралса, әлдебіреу атай қалса кек желкем қылыш тиғендей ашып, кежегем кейін тартады. Анадағы Қатшадан естігенім өкпемді тескен, орны удай ашиды) ешкім майданнан келмей түр.

Мана үйге қайтқалы тұрганымда Айша: «Бұғін қонып кет. Соғыс бітуге жақын. Қашанғы жалтақтай береміз. Көңіл көтерейікші бір. Ауыл жастары біздікіне бас қоспақ, бірге бол»— деген. Сапарбай көкемнен көптен хат-хабар болмай тұрган. Содан ба, жеңгемнің ажары сынық. Соғыс кезінде кімнің жүрегі күпті болмаған. Үйреншікті көрініс. Көңілін қимадым. Қонып қалдым. Өзіме таныс үй. Ағаның үйі — ақ жайлай. Қарсы есікте Battal әкем үйі. Әкемнен ауыл жастары именбейді. Ол өзі ойын-сауықтың, тамашаның адамы. «Базарыңың барында ойна да құл, мына жалған дүние болады тұл»— деп Батаң ылғы ыңылдан ән салып жүреді. Сол мінезін білетін жастар, келін-кепшік «Әке, бір ән шырқайықшы» деп бас қоса қалатын. Клубы, қызыл бүршіші жоқ ауылды сөйтіп, Батаң думанға өзі бастайтын. Әлдеқалай қабақ шытқан, жалықкан біреуді көре қалса, тек аспанда күн тұрганда, жердегі саған не болды? Аш қабағынды, шаршасаң, қарның ашса ән сал. Таңасқан тұлпардай жайнандаш шыға келесің. Ән бар жерде өмірде мән бар»,— деп ақыл айттар еді. Сол қадірлі атаның отау үйінде ән шырқалып, әзіл қызды. Сағынбек екеумізді ортага алған Айша, Зура, Қатша үшесін кезек-кезек орамал тастап, өлең айтқызды. Сағынбектің даусы жіңішке бійкке

шырқап кетеді. Домбыра тартқанымыз жоқ. Сонда да Сапарбайдың сегіз пернелі қоңыр домбырасы бәрімізді бір жағалап шықкан. Түннің ортасы ауып, кеткелі қашан.

— Ертеңгі жұмысты да ойландар, шырактарым,— деп ескертті Батан үйіндегі әжем. Жатуга дайындалып, тысқа шығып келуге есікке беттей бергенімде Зура:

— Қайнам-ай,— деп күрсінді. Мен оның бетіне таңдана қарадым. Кірпігін жіңі қағып, екі қасының арасы қосыла берді де:

— Неменеге айтып тұр деме. Айналайын, сендердің бар сырың Айша мен екеумізден жасырын болған жері жоқ. Сен айтпасаң да— деп мөлдірей қарады.— Әйтеуір, шамдана көрме,— онысы мені, жаңы жаражы азаматты қапа етіп алмайын дегені болып естілді маған.— Айтпасыма болмай тұр. Әлемде сени жалғыз күніндей көретін бір ғана, сол еді, сол — Зура құлағыма аузын таяп сыйырлап — Жаңылдың сен дегендеге жаңы басқа еді. Қор боп қалды ғой. Елге көрінер беті жоқ, бейбақтың деді,— Шыдамай морт сындым:

— Не жұмбак осы? Анада басқарма жиналышында,— деп аузыма соz түспей кідіріп барып,— жүрек жарылса да, не де болса айт»,— дегенімді қимылымнан таныттым. Бұл менің Жаңыл жайындағы өзімнің шынайы адал сезімімді женгем алдында ешбір жасырынсыз ақиқат мойындауым еді.

— Қайтесің, сорлы боп, беті күйген бейбақ жан ол,— Зураның даусы жарықшақтанып, ойындағысын тойпаңдап айта алмай ма күмілжіп,— бейшара қыз «сені қалай көрем. Бетін көруге дәтім жетпейді»— деп жылаған да етегі толады,— деді.

— Солдат қайнам, өзін былай отыршы,— Қатша еркін сейлейтін әдетімен омыраулап,— отырып тында. О қыздың зарын естігің келсе, мен-ақ айтайын. Шыдамың жетпес бірақ,— деп Айша мен Зурага кέзек қарады.

— Құрысыншы сол әңгімесі, Баланың басын шат-паши, миын аштып, онсыз да жаңы жаражы адам,—

деген Айша жеңгемнің сыйырлаған үні құлағыма шашшудай қадалды. «Өмір, менің сенен күткенім бұл емес еді. Тағдыр талайыма салған соң, не лажым бар! Күні кеше сүйріктей өсіш бойлап келе жатқанымды көзі көрген жеңгелер мыналар. Мұсіркейді енді. Мұсіркеудің, кейде жаншудың қорлау екенін бұлар қайдан білсін. Ширығып ашу ма, ыза ма, алайтүлейім шықты. Қысылғанымда қаным таситын болған. Екі шекем зырқылдан, құлағым шуылдан қоя берді.

— Бос сөзді койындаршы. Экесі өлгенді де естіртеді. Естійінші не болып қалды сол қызға. Беті қүйіп елге көрінбейтін қандай күйе еді ол!— қатар отырған үш жеңгем біріне-бірі қарады. Сен баста дей ме, өзара тілдері күрмеліп, ашып айтуга бөгеліп кеп отырды.

— Сонымен Жаңыл біткен қызы. Қайтсін енді. Өлуғе сәлғана қалған екен. Асылып жатқан үстінен түстім. Қасқағым болғанда о дуниеге тіл тартпай аттанар еді. Сагат бойы талып жатып, есін әрең-әрең жиды,— деді Зура.— Үйіміздің қарсы есік болғаны ғой, әйтпесе...

— ...Тасбек со күні тобынан адасқан қарғадай бақыра келді ауылға. Бастық бол келген беті. Шу дегеннен ашыны қуырып, берекені алып қара бура айбат шегіп, көпірді кеп, әй-шайға қаратпак емес. «Ферманың мал басының түгелдігіне күмәнім бар, «военное положение» ертең жауапқа ілігіп сottы боларым жоқ. Дайранова есепшісің бе? Есепшісің! Менімен бірге сенде жауап бересің. Жаупты адамсың. Әнен, ат ерттетіп қойдым. күзектегі бойдақ ірі қараны барып санаймыз. Көзбен көру керек. Жұр, басқа сөз жоқ, жұр-жұрдің астына алып қадалған. Тасбектің бетіне о кезде кім қарсы келген. Олар тез аттанып та кеткен еді. Былай ауылдан ұзасымен-ақ, ойдойт дейсің сықыртып неше түрлі етірікті шындаі, ақсақты тындаі етіп әңгімені соғады кеп. Соғыста ол істемеген ерлік қалмайды. «Бір шабуыл кезінде Қадырға ұшырасып қалдым. Шегініп келе жатыр екен, әбден жүдеген. Киімі алым-жұлым. Аяп кеттім. Өр батырдың тұқымы, тірі бармысың? Шегінуге болмайды. Алға, кәне алға кеттік деп ұрандан құмырсқадай қаптаған

жауға өз взводымды көтеріп, шабуылдай жөнелдім. Қанша айтқанмен батырдың түкімі гой, басқалар тайсақтаса да ол соңымнан ере жүгірді. Уралап оқты автоматтан төгіп келем. Дұшпан шілдей бытырап, қаша жөнелген. Сойтсек, сүм жаудың екінші жасырын шебіне кеп қаптыз. Оқ төбемізге бүршакша жаусын. Өз жауынгерлерімді шабуылға бастаған мен алға, тек алға үмтүлудамын. Ондайда жанжағына қараудың өзі қиямет. Екі көзім алда. «Тас-с-бе-е-к!» деген біреудің жан даусы жетті құлағыма. Орыстар меші Тарас Болба» дейтін. Бұ кім? Артыма жандәрмен бұрыла қарадым. Бауырым, өз бауырым Қадыр шекелеп құлап бара жатыр екен. Қалай жеткенімді қайдам. Жан даусым шыққан мен оны қолтығынан демеп құшқатай бердім. Талықсып барады. Жаудың оғы кеуде тұсынан тиген. Бір емес, екі оқ. Соғысы қатерлі көрінеді. Күртесін дереу шешіп, ак мәрлімен таңдым. Қаны сорғалап тыйылмады. Әйтеуір қолымнан бар келгені мәрліні аяйын ба, қайта-қайта орап мықтап байлап бердім. Бірақ ол кез көз алдымда қайта-қайта тала берді. Соғыс толастар емес. Атыс манағыдан да үдеп кеткен. Әбден әлсіреген Қадыр бір кездे даусы болар-болмас естіліп:» Бауырым, қош, қош, бол. Елге, анама! — деп аз жатты. Ойын аяқтай алмай, сосын елге тірі барсан, Жаңылды озіне тапсырдым,— деғен. Есіл боздақ мәңгіге көз жұмды, Дон өзенінің батысында үйиса осқен аққайының түбіне оз қолымнан жерледім. Сабаз өзі де әдемі еді-ау! Жер қойнына окпем суырылып, әзер қидым. Не істерсің. Соғыс қасіреті ғой бәріне кінәлі. Қалтасынан документтін алдым, осы сөзім Жаңылға қалай әсер етті екен дегендей Тасбек сыйнай қарап біразга дейін үнсіз қалады.

- Ол документтері қайда — деген Жаңылға:
- Командирге тапсырдым. Соғыста қатаң тәртіп ол. Соңан соң қара қағаз келіпті ғой үйіне,— дейді түк білмегендей мүләйімсіген Тасбек.
- Иә, солдат қайным, бұл сені каза болды деген қара қағаз келген күндер еді. Сол сүмдүк сұмық хабардан Тасбек

ку үш ай бұрын келді ғой елге. Тұғі жоқ-ау, тұғі де қыңыр-аймаған. Сол қолының алақанының ортасында болмашы тыртық қана бар. Сонда да саусағын бұғіп, өмірі жазбайды,— дейді Қатша ыза болып.

— Әдей! сөйтеді де қу емес пе! Оның кім екенін енді біліп жатырмыз,— дейді Зура ашынған дауыспен,— қойши сонымен,— деп көзінің жасын төге отырып әңгімесін одан әрі жалғады. Айша мен Қатша қоса егіледі,— күн кешкіріп қалса керек. Ең шеткі кезектегі ауылдан аттаныпты. Кудың арамдығы ішінде екенін ол қайдан білсін. Айналдырган екеу табынды тез санап бітсе де, не болса соны өзектеп әңгімелеп отырып алады. Жолда жагасына қалың жыңғыл өскен, табанында жылдар бойы тузыраган шабыны жапырылған өзекке келген Тасбек атынан түседі. «Аз ғана көлік шалдырайық»— деп бейғам тұрган Жаңылдың шылауына жабысады. Тұр әлпетінен секем алған қызы шошып, айқай салады. Бірақ қанша жалынса да босатпайды. Ең ақырында «мен саған ғашықпын. Сенсіз маған өмір жоқ. Білем Қадырмен сөзің болған. Қайтесің өлген артынан өлмек жоқ. Марқұм Отан үшін оқта үшты. Сүйегі баяғыда майдан даласында қурап қалған Бақтыбайдың баласын енді іздеме. Сенің ендігі жердегі байың мен! Басқаны қоя тұрып алдымен пәктігінді дәлелде! Қызыбысың, әлде?..— деп қоян алған қасқырдай бейшара қызды жұмарлайды.

Сүмдығы мен азабы жаңымды жеген Жаңыл хикаясын әңгімелеген, әңгімелеген емес-ау азадай естірткен. Бәлки сол күндердегі өз тағдырлары, майдандағы ерлері тағдыры қабырғаларын қайстырды ма, үш женгем Айша, Зура, Қатша қосылып ағыл-тегіл жыласын кеп. Басым зеңіп көз алдымағының бәрі шыр айналып мәңгіріп отырмын. Не істедім?— дей берем ішімнен. Асылым, алтыным көмір, өзім темірге айналдым. О, рақымсыз қатыгез тағдыр, енді менде қандай алашағың қалды? Айма, қалған зар, запыран уынды шаш! Өрте қалған жарты тәнімді. Бір кезде аузымнан:

— Жаңыл қайда қазір?— деген сөздің қалай шық-

канын өзім де білмей қалдым. Даусым қатты естілді ме, женгелерім:

— Қалада. Қалаға кеткен,— деп қысыла жауап қатқан.

— Онда не жұмысы бар еді? — ойым әлем тапырық. Дәл көңіліме түйгенімді айта алмай, бұлдыр сұрақ қойып отырмын. Үш женгем таңдана ма бетіме қарай береді. Жай емес үңіле қарайды. Сыртымда не бар, ішімдегіні қайдан білсін. Өтті, кетті. Жау тәнімді жарапады, өлгем жоқ. Бірақ өлмегеніммен қара жер мәңгілік қор етті. Жанымдай жақсы көретін женешем Айшага ашулы қөзімді қадап:

— Қалаға неге кетті деп отырмын мен саған? — дедім.

— Солдат қайнам-ау. Оның несін қазбалай бердің. Біздің тілімізді байлаған сүмдыштың өзі сол кетісте жатыр ғой. Қазір жайдан-жай қыдыратын заман ба, — деп даусы жасып шықты. Тойпаңдаған тамағына түйіншектелген тағы да бір аңы сырды айта алмай қиналып отыр.

— Менен әлі де жасырған тағы бірденелерің бар сияқты, — тамағым құргап, үнім шықпай қиналып қалдым.

— Сонша неге қазымырлана бердің. Аузы құрғыр бармай отыр ғой. — Жаңыл жүкті болып қалды қой сорлап, со жолдан, — дегенде тәбемнен біреу қайнаған су құйып жібергендей лап ете түстім. Бой-бой терлеп, тұншығып демім бітіп үнсіз қалдым. Үстіме тау құлап, астында жанышылып, сүйегім уатылып кеткен тәрізді. Көрі құзар, жақпарлар іргесінен сөгіліп, аударылып жатыр ма, басымың іші сатыр-сұтыр. Құлағымда ду-ду дыбыс. Әлем астын-үстін болған тәрізді.

— Қыз байғұс «мені қойындаршы, мен бір шіріген жұмыртқамын. Қадырым, не күй, не хал кешер еken. Жағалы жаны жұқаған жүйке, жүргегін сыздатар-ак. Өлсем де көрінбей өлейін қөзіне. Азаптамайын дедім. Өзіммен кетсін қырсығым!» — деп еді. Рас болды-ау, солдат қайнам, түндей тунерме. Екеуің де жассың, «өмір, ізғілік озады, жамандық, пасықтық тозады». «Ақыл — қанат, қапастан шығарады, уайым — апат, отқа салады». Не айтайық,

ендігісін өзің біл. Ер адамсың, азаматсың. Ажалды женғен жаның, әлі де талай асудан асырапар,— деді Қатша...

Келесі күні қажып, жүдеп тұрдым. Тұнімен көз ілмегем. Екі иығымнан басқан дәрменсіздік, кембағалдық қара тас боп, батпан боп тапжылтпай басады. «Қайран гүл шағым, солғаның ба?» Аһ ұрам. Кейде жанымды қояр жер таппаймын. Мойнын бұлғақтатып, басын екі бүйіріне кезек соққан тілі байлаулы Әбенниң қара нарындей күніренем. Мен де басқаға сыр айттар, ашылар тіл жоқ. «Елім-айды бар даусымен шырқап, соргалата қайырган Дайра аға: «Қадырым-ау, Жаңылымды саған тапсырган жоқ па едім?»— дейді қабағын сәл шытып. Ойым елес. Әйтсе де қасымда тұрғандай дуниеден өтердегі сол түрі... Қазір-ақ барып Жаңылымды, енді кімім дейін, сүйіктімді қасірет теңізінен суырып алғым-ақ келеді. Тәуекелге белімді мың буам. Баутағар шешуші сәтте... Иә, шешуші сәтте азу тісі ақсіған қабандай Тасбек қасқая қарсы шыға келеді. Табанда салым қайтып, тауым шағылып, жүйкелеп қалам.

...Колхоз аулы ақ шуақ көңілді. Совинформбюроның күнделік хабары жақалық үстінен жақалық, қуаныш үстінен қуаныш жеткізуде. «Қызыл эскер жауды желкелеп, тықсыра қойдай қуып барады. Европаның талай елі фашистік құлдықтан азат болған. Дүшпанның біржола ойран болып, шаңырағы ортасына түсетін күн жақын». Әр колхозшының аузында осы сөз. Әр үйде гу-гу қуанышты осы әңгіме.

Қыс сал аурудай созылып жатып алды. Тајауда болған айтулы, апта бойы соққан ақ мылтық боран талай шаруаны шайқалтып, есендіретін кеткен. Рәшит ауыргалы да бірнеше күн. Быстығы көтеріле берген. Соның салдары ма сандырақтап, сөйлеумен жатыр. Қасында күндіз көбіне Сагынбек пен мен, кемпірі ғана. Басқа ауыл адамының қолы бос емес. Жұмыс басында.

Колхоз басқармасы осылай ай бойы әл үстінде ауыр күй кешкен. Ауданнан кезекпе-кезек дәрігерлер із сүйтпай кеп, шұғыл емдеген. Науқасы — сүзек. Бірақ кесел Рәшиттен тез жеңілді. Айыға бастаған ол аз күнде әлденіш, аяғы-

на да мінген еді. Өзіне-өзі келгенде аузынан шыққан сөз:

— Жылқы аман ба? Сәлен қайда? — болды. Батаң карт:

— Бәрі дін аман, уайым — тек өзің, — деғенде:

— Мен бір ғана адаммын. Менің не оқам бар. Ең алдымен халық, сосын қогам малы аман болсын, — деп соңғы бір айдың ішінде тіл қатып жадыраған еді.

«Кеп мұддесі үшін, қогам үшін берілғендік те ерлік-ау». Халық үшін жанын пида ету деген осы да. Соғыс! Қезім көрген сұрапыл ше? Мұнда соғыс жоқ, бірақ жанқиярлық соғыстағыдан кем бе? — Шашы селдіреп, құйқасы көрінген, сақал мұрты әдеуір есіп, өні сут құйған шөлмектей ағарған, бет-аузын әжім айғыздаған Рәшиит ағага таңдана қарадым. Бойымды бұған дейін өзім де болмаған шаттық па, мақтаныш па, әлде сенім қуаты ма, басқаша тың күш билеп бара жатты. Үйден көңілім көтеріліп шықтым. Балдағымды қолтығыма қыса туспіп, колхоз кенсесіне беттедім...

Сол құндерде аз дем алғып, аз ұйықтауға, өнімді еңбек етуге біржола көндігіп, дағыланған адамдар арасында болудың өзі ерекше бақыт еді. Адам күші қайнар боп тасып жатқандай көрінетін. Со жылы ферманың айлық есебін жасап үлгере алмай сиырлы ауылға қонып қалды.

Сапарбай көкем үйі. Айша жеңешем сиыр сауу, сепараторға сүт тарту, май қозғау, оны қайнатып тортасынан айыру, от басы қүйбенінен ұзак қүнге тізе бүклемеген. Жетілік аспа шам тіреуге жабысып, қызара әлсірей жанады. Жеңешемнің жұмысы әлі таусылатын емес. Түннің бір уағы болғаны қашан. Далаға шыққам. Ықсқаяқ жүрдек жел қатты қарды түрлідей егер, сұрып тұр. Жұлдыздар шанжау-шанжау бійкке шығып алған. Аспан сұп-сұр. Денем түршігіп, тоқып көп жаттым. Қатты ұйықтап кетішпін. Бөгде дыбыстап шошып оянғаным.

— Солдат қайным, тұршы басынды көтерші, — Айшаның жалынышты үні. Ұйқынікі ме, мен-зен қүйде бетіне қарадым. Шамның қызығылт көмескі сәулесінде маңдайынан шыққан тер шатырдай жылт-жылт етеді. «Бір жері ауырып

отыр ма?— көзі шоқтанып, екі беті нарттай қып-қызыл алау. Болар-болмас білінген ақ бұғағы, акқудай иілген мойны үлбіреп көзіме әдемі шалынды. Балбырап отыр. Шиедей қызыл ернінде көзге шалынар-шалынбас болмашы діріл бар.

— Мынаң қараши!— қара тұлыпты иығынан түсірін, маған қарай серпе тастанды.— Осыдан ағаның іісі бүркырап шығады, бүркырап! Пейіштен шыққан ііс қой, шіркін!— даусы дірілдеп,— Ер іісі пейіштен жаратылған! Оған тең келер...— деп бір тоқтады. Терең күрсінш,— не бар?— Желпіп лақтырған соң ба, мұрныма темекінің іісі, әлде насыбайдың ба, тердің бе, ажыратта болмас қолқага жеткен қышқылтым ііс келді. Жеңгеме қараймын. Мұндайда көзі сұлу адамның жанарына түсуден қын ештene болмаса керек. Тұнық, мөлдір қара көзі ішіш-жеп барады. Оның жасында от жай айтуға ғана! Нұр төғіп, алау шашып, дүниедегі барлық көркемдікті, адам жаны ләzzат алар тәттілікті екі қарашибына тұндырып алған. Шағырмакта шалқалап көтерілген мөлдірі тап-таза қара су сияқты. Оны қалқалаған кірпіктері нұрга боялған гауһар талшығы тәрізді тарамдалған, өскелең. Қазір оның көзі жай айдындағы құракты қөлді есіме түсірді. Ол бұл қалыпта көп отырмады. Жаралы акқудың көгілдіріндей мойнын аппақ төсіне басып, солқылданап кеп жылады. Өксігін баса алмай қиналады. Жұмыр, былқылдаған жұмсақ дene, бұлшық еттері қозғала булкілдеп, безгек тиғендей қалтырайды. Астан-кестенмін. Бауырым, егізімнің сынары Сапарбай көкемнің... іісі! «Ер іісі пейіштен шыққан!» бұл не сөз? Аға тоны алдында төңкерілген қара қазандай бол жатыр. Ол қазір көкем бол түрекелетін тәрізденіп те кетеді. Жеңгем екеуміздің ортамызда бүк түсіп тың тыңданап жатқан сияқты. Бірде ол наиза жетпес құз бол биіктеп, лезде шөгіп, жападай жапырылады. «Қадырым, қанатым, атаңа, аналарыңа, жеңешене, елдегі барлық кемпір-шалға, бала-шағаға бас көз бол. Ақылың бар еді. Ажал аулақ болсын. Міне жеңіс таңы да қылаңданап атып

келеді. Жақында біз де барамыз елге»— деп тіл қатады маған. Күні кеше келген хат сөзі құлағымда аға болып сейлеп, сырласып отыр. Ойым — алыста, көзім — тонда. Ар жағында қолаң шашы иығына төгіліп, оқ тиген ақмаралдай бүгілген жеңем өксігін баса алмай солқылдан әлі отыр. Ол басын оқыс көтерді.

— Солдат қайным түршы, өліп барам!— Айшаның аянышты мұнды өксік жеңген жалынышты үні орнынан тез тұрғызыған. Екі көзім әлі де жеңгемде. Басына ақ түбіт шәлі, үстіне көкемнің мана маған қарай серпе лақтырған қара тұлышын жамылған, аяғында калош. Көзінде кәзір жас жок. Қанын ішіне тартқан, беті қуқыл. Өлдім ғой,— деп тістене қатты дем алды да,— өлтірдің ғой... тірідей,— оны кімге арнап айтқанын пайымдай алмадым. Көкеме арналған назы шығар,— одан әрі.— Жүрші өзенге деді тұншыққан үнмен. Үнсіз тілі байланған жандай соңына ердім.

Тұн ыскырып тұр. Аспанда ай оңаша қалыпты. Шақырайып қадала қарайды. Сиыр соқпақпен өзенге келдік. Қөленкесі қолтығына тығылған биік нар қамыс бірденеден секем алғандай жар басына үркे топталған. Суат басы, Ойық-балауызды өкшесімен олай-булай тұрткен болды Айша. Бірақ ойық тас боп қатып қалған. Оның аяғына ойыла қоймады. Менің жалғыз қолымнан не келсін. Сілейіп түрегеп тұрмын. Мұздай сүйменді қолына лып еткізіп алғып тез-тез ойықтың аузын күтір-күтір тұрткен Айша мұзды теңге шашқандай сылдырата ойды. Қарап тұрмын. Бейғам ойсыз қалсам керек. Аң-таңмын. Оның ұмсынып, ойыққа еңкейе бергені де сол еді, иығымнан көкемнің қара тұлышы да сыптырылып түсіп бара жатты. Аузымды ашып қалыптын. Екі шынтағы мұзға тірелген Айша төбеден мәлдіреген жап-жарық ай астында уыздай денесін тастай сұық суға тастап жібергені. «Айхой-хан, неткен рақат еді!»— деп сыйырлаган ол бірнеше рет мойнына дейін малышланып, су ішінде әткеншек тепкендей шынтағына сүйене көтерілді. Көгілдір жібек көйлегі ет болып жабысқан. Асықпай судан сыртқа шықты. Айлы тұн. Көк мұз үстінде

қара тұлыпты қайғы бұлтындаі тұнертіп қайта жамылды. Тілім біржола күрмелген. Не айтамын. Тағы да үнсіз сонынан ердім. Ессіз жандай сенделіп келемін. Буы бұрқырап кірді ол үйге. Ұрлана көз тастаймын оған. Манағыдай емес, бетіне қызалаң қан жүгірген...

Төсегін қағып-сілкіп маған таяу салды. Қара тұлыптың ішін сыртына қаратып өз басына жастады. Кеудесі ашық. Тәңкөрліген кеседей қос анары білініп, ақ тамағы үлбіреп жайнап жатыр. Бір сәт алқына тыныстап:

— Солдат қайнам, таң тамаша қалып жатқаныңды білем,— шалқасынан жатқан қалпында төбеден кезін алған жоқ.— Бұл күндері ағанды сағындым. Іші-бауырым жаңып барады. Мені бауырым, күнәләй көрме. Обалым — соғысқа!— деді даусы діріл қағып.— Бүйтпесем, масқара болып...— өлем ғой. Суық су қайғы басар... Су сөндірмейтін өрт бар ма?— Сөзінін сонын аяқтамай бері аунап түсті де.— Даланың қырмызы гүл желкілдең өсіп, көздің жауын алушы еді. Қапияда соққан қара суық күйдіріп, іле аңызақ ұрып ұшырса... жастық шақ... оның жазығы не? Үзліп түскен алмаға құрт түседі,— деді.

Мұндайда ауызға сөз түсе ме? Және не тауып айтартсың. Оттағы қазан түбінде күйген қаспақтай қоңырсыдым. Таңдайым құрғақтап қалған. Ол дөңбекшіш, бетін маған бұрып қарап жатқан. Қолын мойныма салып, еді күйіп түр екен. Аузынан шыққан демі де бетімді алауладай шарпып барады. Ах ұрады күрсініп. Жеңешем төсегінен бері ысырылып маған жылжып жақындаі түсті. Құшақтап бауырына тартып, сүйегімді сықырлата сындыратындаі бол қысты. Оң жағым, оның денесіне тиген жерім от тиғендей бол кетті. Жарты жаным отқа түскен көбелектей қиналды.

— Менің бар сүйенерім,— ол басын көтеріп, қара көзін мөлдірете «сен не түсіпер едін» дегендей бетіме тесіле қарады. Түрі әлем таптырық. Құйыннан шыққандай құбылған,— мына басыма жастанған ағаңың иісі сіңген қара тон! Мұнда менің көл бол төғілген көз жасым барын

білмейсін. Ол удай абы!— женгем қатты үхіледі. Кеудесі көтеріліп басылып, төсі тақау жатқандағы ма иығыма тиді. Неліктен екешін қайдам. Қап-қатты анары бойымды шымыр еткізді. Бөгде денеде маған белгісіз құпия сыр жатқан сияқтанады. Құлағыма шапқан аттай дұрс-дұрс жүргегінің дүкілі естілгені. Дүк-дүк! «Адамды жайланаған екі өзәзіл бар: құлқын, сосын нәпсі»... Тұла бойым мұздап қоя бергені. Жүргім сүйлдап, үрей билеп, беймаза хал кештім. Сол сәтте басымда тек қана «осы үйге бекер қонған екенмін» деген ой аласұрды.

— Сапарымды тірі көрсем!— даусы үздіге шықты. Мейлі қол-аяғы жоқ болса да ризамын. Ол құшырлана бетімнен сүйді. Онысы жарты денемді соғысқа бердім деп қапалан ба, тек өзіңе жан-тәнімен берілген сүйгенің болсын деген сияқты әсер етті маған. Содан ба, женгемнің ерні бетімді дұылдатып жібергені. Шоқтай ыстық. Демін ішіне тартып сұлық қалған. Айша ток соққандай ырышып,— Ол маған енді жоқ шығар,— деді. Әлгі бір кездегідей емес даусы ызғарлы қатқыл еді. Дүниедегі бар қасірет басыма түскен мен бордай үғіліп барамын. Санам сау, денем өлі. Кеудесі көтеріліп басылған, қос анары дірілдеген Айша өзімен-өзі арпалыста. Жастық, ләzzat құштарлығы ма, сөніп-жанып жатыр. Қандай сұмдық хал еді. Екі оттың арасына тусу неткен ауырлық! Ту-у! Женешем, асыл жеңешем, өзін қоярға жер таппағандай аунақши берді. «Бүйтін, бүкіл жан-тәнінді азапқа салып, жылан ордасына кезігін шығарға жол таппағандай болар не жазығы бар? Қай мінезімнен таптым. Ишімді жайланаған не сұмдық. Шегіме дейін ширатып бауырымды тырнап, жүргімді езгені несі? Расымен-ақ шыдам, төзім тағатымды талқандамақ па? Асылымды, Сапарыма ғана, Сапарым үшің жанған құштарлық сәулесіне, сұмдық-ай, адал махаббатыма жазылmas дерт... Жо-жоқ!— Ол осы ойдың қыл тұзағағына түскен. «Әй, жамандық жайланаған өмір-ай!— қайғы уын жұтқан Айша өзгеріп осы сәтте көзіме Жаңыл боп шыға келді. Жаңыл! Қара көзі жуылған қарақаттай мөл-

діреп үстіңгі ерні өкпелеген баладай көтеріліп жаутаң қағады. Еркелеп, құшағыма ене бергені сол, қас-қағымда менің ындыным құрып, әлім таусыла ұмтылаам. Сағым боп бұлдырап, көйлегінің етегі жерге көлеңдеп өзен жағасына менен әдәуір бұрын жетті. Қалың боз тал, жиде, көккүрактың арасына мысықтай кірін, әне жерден бір, мына жерден бір көрініп қолыма түсер емес. Ішек сілесі қата құледі, зыта жүгіреді, өзі мәз...

Қайта қараймын тіпті басқа. **Жаңыл** емес. Шерменде біреу. Екі көзі жылаумен іскен алмадай қызыл беттен әр кеткен, қүйген күлшедей құлсоқты, азган жан! Азап пен қорлықтың шырмауында жарты жаным безектеді. Тордағы торғайдай жүргім қанатын пыр-пыр қағып, ұнып шығар жол табар емес. **Жас** өмір жалын шақ от ортасында арпалисады кеп. Маңайым от болып шарпиды, шоқ боп өртейді. Тұманда адасқан жандай санам сан-саққа жүгіреді. Тіреулері тұгырық.

— Жоқ солдат қайным,— Айша үйықтамапты. Оның саңқ еткен даусынан шошып селк ете түстім. Ойым үзіліп, әлгі елес те қолма-қол өшкен.— Адамды өмірдегі озбырлықта, қорлық та жеңе алмайды. Онда парасат не болмақ? Адамдың құдырыет қайда? Мен сол күштерге сенемін. Оның құдайы — ақыл, шірі — шыдам. Сапарым келеді, келеді!— деді.

Жеңгем көзіме бұлттан шыққан күндей жарқырап кетті. Өзегім езіле аймалап, туған анамды көрін, ақ маңдайынан емірене езіле сүйдім. Оның бойындағы жанар атқылаған ізгілік, сенім, сарқылмас адап махаббат маған тың қуат бергендей. Бір сәтте марқайып өсіп, айдарымды жел есті. «Қайран Айша жеңешем, бауырымның мәңгі солмайтын гүл махаббаты екенсің» деймін ішімнен. Осы ой үстінде өзім алай-түлей бұрқырап кеткем. Құлағыма **Жаңылдың** сыңсыған үні шалынды. Еңреп жылаған даусы сонда анық естілген. Осыншама азап, қайғы-қасірет неге қамалады? Аш бөрідей анталайды. Неге? Неге!..

Әлемді дүр сілкінтекен мың жалмауыз, түгі сыртынан

шыққан апат. Осы аласапыран арасынан сол қолын ишінде асып Тасбек шыға келді. Жұмыр жердің бетіне зорға сыйып, талтандай басып маған меммен бейнедей адырая көз тіккен. Өзінен зор, одан мықты ешкім жоқ. Мен! Мен! «Егізіндегі екі болма, кара бет, Тасбек! Әй-й-й...» деп жалғыз жұдырығымды түйіп кіжінем. Жүйкем құрып, ілгері басқан аяғым кері кетеді. Жұлқына басып, балдағыма бар салмағымды салып алға үмтүлам. Берілмеймін. Тағдыр тәлкегіне жарапған, қорлыққа бас иетін пенде емеспін...

«Бірлік» аулы мәре-сәре. Колхоз аудан, облыс, республикада мал шаруашылығын өркендеп, өнімін артыруда және Отан қорғау қорына берген мол үлесімен ең алдыңғы орынға шығып жеңімпаз атанған. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің оқалы ал қызыл туың кеңсе төріне жарқырап ілінген! Осы құрметке арналған салтанатты жиналысты аудандық партия комитетінің бірінші секретары өзі ашып, туды өзі тапсырды.

— Майданда қызыл Армия тарихта бұрын-соңды болмаған жаппай ерліктің үлгісін көрсетсе, тылда адамдарымыз тарытымды еңбектің өрен өнімділігіне қол жеткізді. Сол қаһармандықтың жемісі тамаша даңққа сіздер ие болдыңыздар,— дегенде ду соғылған қол көпкө дейін басылмады,— ол еліміздің беделді жоғарғы сыйымен Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл туымен атанип өтіп отыр. Айтулы женістеріміздің айғағы, міне,— деп алтын туға ол көп назарын аударды. Жұрт тік тұр. Шағын залда ине шаншар бос орын жоқ. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін түгел кепті.

Март айының алғашқы үндері колхоз басқармасы шұғыл шешім қабылдап, жайылым участкісіндегі кой фермасында санақ жүргізілетін комиссия қурағына мені де қосыпты. Құм. Баршаның бүйраты ала қолтық. Тәбенің теріскең бетінің қары ерімеген. Жазық жайылым ашылмаған. Қайда барсаң да пырдай боп, емін-еркін өз бетімен сахараға шыққан малды көресің. Сонда да шопандар ауылдары қысқы қонысынан қозғалмаған шақ. Ерте кел-

ген көктемнің сыңайына қарап, аңысын аңдып отыр. Комиссияны колхоздың тексеру комиссиясының председателі Зура Ертаева басқарып келген. Бір көрмеге жуас мінезді, бүйігілау. Сиырлы ауылдағы алдыңғы сауыншылардың бірі. Көп сөзі жок, түйіктығы бар. Ерінен көптен қат келмей уайым жүгін арқалап қабыргасы қайысып жүрген күндері еді оның. Жайылым участекесіндегі елге келгелі қабағы ашылғанын көрмедім. Жамағайын жеңем сырласа, өзіме ұшып тұратын. Жаңыл жайында көп жайды әңгімелеуші, маған ақыл айтушы жанашырдың да бірі.

Бәрі қайтар жолда, шығар ауыздагы қора Әбендікі екен. Ойда жоқта сау етіп жетіп келген топты алса бойлы, жалпақ жауырынды, теке көз, тоқаш мұрын, көселеу кісі сүк қабакпен қарсы алды. Бірден сөзге келмей жатып:

- Қолдарың бос екен! — деп қыжырта сөйледі.
- Тапсырма осылай болғасын.
- Жалғыз сіз емес, бүкіл ферма.
- Бәрін санап біттік. Шығар ауызда сіз, — деді Зура ұстамды салмақты жауап қатып.

— Білем, білем, — деп жүре сөйлеп согыстан келген жалғыз баланы да сүтке тиген күшіктей етіп. Енді, — деп сүзетін текедей маған үркे қарады. Сасып қалдым. Жөппелдемеде не дерімді білмей қасымдағыларға қарадым.

— Қойыңыз, еке бос сөз не керек. Тасбектің күнәсін зерттегелі келгеміз жок. Оナン да күн кешкірмей қоранызыда санап шығайық, — деді Зура асығыс екенімізді әңгартып.

— Немене, мені қой жеп қойды деп ентігіп отырмысың! Келгенің жаңа. Саспа. Бірақ ойының келмесін. Жаралы әскердің әкесімін. Әй, өздерің пәшишт көргендей танауларың делдиң кетіпті ғой. Ел деп ыңыранып қозгала берген.

— Біз сізге келген жұмысымызды айттық. Ол — тапсырма. Жалғыз сіздің отарыңызға емес, жаппай бәрі. Басқа бірдеңе дедік пе? — Зура тік сөйледі.

— Демегендердің құрысын. Бәрін көздерің айтып түр маған, көздерің! Шетінен жау көресің Әбенді. Әлде, әлде Аронрәшит мені пленге алып кел деп аттандырып па еді. Айтыңдаршы, әкем бүгін өлсे де! Қол-аяғымды өзім-ақ кісендейін,— айқайлад, қамшысын көтеріп шаптығып кетті Әбен.

— Әке-ау,— Зура әлі де шамына тигісі келмей,— ортаның малының есебін алып, несі бар, несі жоғын түген-деп, тексеріп жүрміз. Сізді жау көріп неміз бар. Және Рәшит ағаның бұл жұмысқа еш қатысы жоқ. Жыл сайныны кезекті дағдылы тексеріс,— десе:

— Білем арам пиғылды. Рәшиттің мені де соттағысы келеді. Мен үшін-ақ туған екен. Соңыма жарық алып түседі, ей! Мен әкесі Арон өлгенде бұл елде жоқ едім гой. Несі бар осыншама! Жалғызды қаматты. Соғысы мынау дүниені өртеген. Тасбек осы колхозға бір тайыншалық еңбек сіңір-меді ме? Бір қолын пәшиске беріп еді, басын Рәшит жұт-ты,— мынадай пайымдауға Зура шыдай алмай:

— Әке, Тасбек жайында сез жоқ,— деп тыыйып тас-тамақ болып еді. Оған Әбен әлгіден де кияс тартты.

— Сендер сол Рәшиттің атарман-шабарманысындар. Ал Рәшит маған — жау. Ендеше, сендермен оттасып тұра-тын уақыттым жоқ,— кесіп ашық айтты ойын.— «Тасбек жайында сез жоқ» со да сез бол па!— кекетіп.— Ол менің жалғыз балам. Көзімнің ағы да, қарасы да сол. Оның арын арлап, жоғын жоқтамасам несіне әкемін мен? Айтшы, әй, сұңқылдаған кәмиссия!— Зура аптынып кетті.

— Үлкен адамсыз. Арындан барасыз. Орынсыз адас-паңыз. Тасбекте шаруаңыз болмасын. Қанша айыбы болса, өзі тартады, оны бұл жерге неге тықпалай бересіз. «Көзі-ңіздің ағы мен қарасы» колхоздың малын ұрласа, майданда немістің оғына қолын өзі тосса, балаңыздың кім болғаны? Ондай баладан намысты әке бese болмас па? Оған теріс батаңызды беріңіз,— деп аяқтады. Даусы ышқына шыққан. Әбен мына сезден кейін шабына шоқ түскендей тас-талқан туладап:

— Қара бет, Рәшиттің ойлап тапқан жаласы бұл. Өз көзімен көріп пе? «Қолын немістің оғына өзі тосып...»— қарқ-қарқ құлді,— соның зұлымдығы осыны айтқызып отырған. Эйтпесе, әй комиссия — Зурага салып жіберетіндей камшысын білемдеп тәне түскен,— сен не білесің? Әйелдігіңе бағып есекті өрттей өршітіп отырған жерінде не істесе болар еді, ә?— Әбен жұлынып жарылардай,— барындар, сендермен менің жұмысым бітті,— деді түрі қап-қара боп түтігіп. Бірімізге-біріміз қараймыз. Басылар, сабасына түсер дейміз іштей.

Әбенмен арадағы әңгіме мені сан-саққа жүгіртті. «Қолын немістің оғына өзі тосян» бұл қалай? Дәлел бар ма? Бос қаңқу ма? Шөптің басы жел түрмаса қозғалмайды. Анада басқарма мәжілісінде Қатшаның қолынды сілет қыла берме, ол сыр да ашылар деғені ойыма оралды. Жүреғімнің басынан осы түйткіл кетер емес.

Зура екеуміз ауыл сыртында тұрмызы. Күн мана батқан. Жылдар бойы қорда, қоқыс, шіріген шомға оранған қыстақ елсіз мекендеғі зираттай сұық, қарауытып, көңілсіз көрінеді. Отарды қоралап, аузын мықтап бекіткен Әбен үйге бетtedі. Тұлкі тымағының бауын тас қып байлад алған. Бұ дүниеде не боп жатса да естімейтін, менен аулақ деғен сынай танытады, бізге. Мені тағы Тасбек жайы мазалайды.

— Зура әлгі не сөз, қолын өзі оққа,— дей беріп едім, менің сөзімнің артын тоспай жұлып алғандай:

— Естімелеп пе едің? Масқара!— деді шегін тартқан баладай даусын созып,— таяуда құпия бөлімнен дей ме, оншасын толық білмедім. Эйтеуір, бір жауапты қызмет адамы келіп кеткені анық. Рәшит ағамен өте құпия сөйлескен. Тасбек алғы шепте, бекіністе жатқан емес пе. Эрине, жалғыз емес қой. Сынау үшін бе, әлде сондай арамдығы болды ма, алдымен басына киетін неменесі аты қасқа дейме, сонысын окоптан шығарады қылтиып. Жаудың сығалап аңдыған мергені тық еткізіп дөп тигізеді. «Е, сырдың білдім. Мерген-ақ екенсің. Енді мынаны көрші» деғен

Таскең қол күргөн тосады. Оны да мұлт жібермейді жау. «Не болса да нар тәуекел. Жау оғынан жаралансам...» деп көңіліне арамдық түйген ол ұшінші ретте сол қолын тоса қойса, оқ сап етіп алақанының ортасын күйдіргі шыққандай ойып өтеді. Ойбайлап, «жараландым» деп зар илейді де қалады баяғы. Бірақ бұл құлығын қасына жатқандар байқап қалмай ма, қолма-қол кәмәндирге хабар береді. Тасбектің үстінен болған акт қағаз жасалады. Әскери сотқа жолдауға табанда шешім қабылданады. Сол сәтте бірақ дүшпанның қуатты шабуылы басталып, қырғын шайқаста кәмәндир оққа ұшады. Біздің жақтан көп жауынгер өліп, әдәүірі жараланады. Жаралылармен бірге Тасбек те емдеу орынына женелтіледі. Шамалы емдеуден өткен ол екі саусағының сіңірі тартылып алты айлық елге қайтып оралады.

Халық «арамзаның құйрығы бір тұтам» деп бекер айтпаган гой. Дүшпан оғынан қаза тапқан кәмәндирдің документімен бірге Тасбекке жасалған акт қағаз алғынады. Ол кейін тиісті орындарға жетіп сонау майдан шебінен іздеу салып келген кісі Тасбектің колхозда жасаған қылмысы үнін жауапқа тартылып кеткен үстінен шығады. Міне, бұл әңгіменің тарихы осы.— Зура екі көзін менен алмай қарап қалған.

Ішім мұздай боп кеткені. Не деп айтуға сөз таппадым. «Іштен зұлым боп туғаны-ау! Соншалық қара ниет найза бойламас арамдықты қайдан біледі!— деймін өзімнен өзім жаным қүйіп. Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында деп осындайда айтылды ма екен?..

Ауа райы бұзылайын деді ме, түн бойы сүйегім сырқырап, үйқтай алмай дөңбекшіп шықтым. Таң алдында сәл көз ңышрымын алып ерте түргам. Себелеп жаңбыр жауып өтіпти. Ауа сыз салқын. Шөп басы шық шылаумен жылтырап, малынып түр. Ауыл сыртына, аулаққа оңашаға беттедім. Бойым аз үйқтағандікі ме, әлде ауа райының салқындығы ма, ез-е兹. Балдағым өкпедей былқылдаған құмга былқ-былқ еніп, жүрісім баяу. Қырга еркек жусан,

түйесінір, тұзген өскен тебеге асықпай басып биіктей бердім. Алдыңда жаңа жауған жаңбырдан кейін жосылған шұбырынды қой ізі сайрап төбені асып әрі кетіп жатыр. Әлгіде фана түскен құмалақ сол күйі жасаң. Ақша қардағы сонарда бадырайған аңың табанының мөрі тәрізді қойдың айырбакай ізі аракідік қағазға түскен суреттей көрінеді. Бірақ көп емес, «Япыр-ай, мына қияңқы шалдың қойы корасынан шығып, малы бөлініп кетпесе ігі еді» қаралтандарын аңтартыла тоқтадым. Бектерді бауырлап өскен қияқ табанды аңдал басып, қойды иіре айдаған із кездесе берді. Ишімді тарттым. Айғақсыз, дәлелсіз сөз кісі өлтіреді. Ол бәрінен бұрын айтушыға — қатер. Айыпталушыға обал. Сондықтан асығыстыққа барғым келмеді. Бойымды сабырга жеңгіздім. Құн кулагы қызырып шығып келеді. Жаңбырдан соң жасанғыраған дала алақауым бұлыңғыраулау. Қыр үстінде әлі тұрмын. Серіктерім де үйқыдан оянып тысқа шығыпты. Үйден бұын бұрқыраған ақ шәйнекпен күміс шашыратқандай жылы суға рақаттанып жуынып өзара мәз. Малға барудың қамына кіріскең Әбен қарны салбыраған жуан, сымпыс қүйрық, ақ қаптал күрең атты асықпай ерттеп, ашаға байлады. Мен қасына келдім.

— Эй,— деді ол — жарықтық Бақаң осы елді ел етіп еді. Бүгін байқасам, есіл — ердін еңбегі еш болғалы тұрғандай. Мына бір зәүінде жарымаған кісі боп көрмеген неме, дайын асқа тік қасық деп билікке ие болыпты. Берекеміз кетуге айналды. Шүкір етерім, әйтеуір, халықтың қаласы бүтін. Соғысы бір жағынан,— мені барлағысы келді ме көз тоқтата қарады. Сыңайында сөз тартатын ойы бар сиякты,— көмиссияда өзің бар екенсің. Мұным — Бақаң әруағын сыйлағаным. Саған көп жағдайда үміт артып, құрмет тұтқаным, келешегіңнен дәмеленгенім,— деп мені бірсыптыра көтермелеп, әкемнің атын атап ыржыңыржың құлғен болды да,— осылардың сондағы ойы не? Ал санасын малын. Осы бір отар қойды, қалқалап өзі бақтырған еді. Егер мәселенің негізіне барсақ, менің өзім өл-

ғенше басқармам да сол. Бақтыбай жарықтық! Аронрәшитінде, тегі, білмейтін. Танымаймын. Керек десең мойын-дамаймын да. Сонда не істейді осы кәмиссия? Ал санат-падым малымды. Бақаң өзі тіріліп келсе, әрине, сөз жоқ!— Әбен жынды кісінін сөзін айтып тұр. Әбенше оған колхоздың малын әуелде бақтыруға кім берсе, соның әмірі ғана жүреді. Бірақ ол адам бұл дуниеде қазір тірі емес. Жоқ. Сондықтан мына комиссияға, одан әрі басқарма Рәшитіне де Әбен пысқырмайды. Бағынбайды. Есеп бермейді. Құлағын кесіп ал қолыңнан келсе.

— Ұят болады ғой, аға, ортандың малы, иесі — көпшілік колхозшылар. Бұрынғы немесе бүгінгі басқарма иелік етер жекеменшік емес,— дедім. Оны жуасытпак,райдан қайтарлық оймен өзімше түспалдап уәж, ақыл айтып тұрмын.

— Оны біле-е-м! Әшейін, қорлағанына ыза болып,— деп мал қораға сүлесоқ аяғын жайлап басып, беттей берді. Мал саналды. Есебі дұрыс. Не артық, не кемі бір бас жоқ. Отар манағы шағын бір топ із кеткен бағытқа қаптай өре жайылған. Шыдай алмай құдігімді Зураға айтып сыйыр ете түскем. Отар беттін бұрып тастап қош айтысуға қайта оралған Әбен бізben бұрынғыдай емес көңілді әңгімеде. Ажары кешегідей емес түзелген. Тымағының бір құлағын ішіне жымыра киген. Жымың-жымың етіп, әрқайсымызға кезек-кезек қарайды. «Бәлем, қатырган шығармын, шикі өкпелер. Сендердің қолыңа оңай түсетін у жалаған қасқыр емес, Әбен» деп тұрғандай көрінді оның теке көзі маган. Үн-тұңсіз мес күренғе міне салып, отар соңынан желе жәнелген Зураны ұзай бергенде байқап қалған Әбен:

— Ей, қарағым, Зура! Зура, тоқта!— атты бер. Малыман айрылып қалармын,— деп баладай тұрған орнынан тұра жүгірді.

— Қазір келем, ата,— деген Зура отарды бері ауылға қарай бұрып тастап қыр асып көрінбей кеткен. Бірақ тез оралды. Алдында бір топ қой... Басқалар аң-таң. Мен түспалымның дұрыс шыққанына қуанып тұрмын. Әбен көпке

дейін басын жерден көтере алмай жер шұқып қалды. Белі кеткен жандай бұкшиін отырған орнынан тұра алар емес. Қабағын түйе береді. Селдірлеу өрттен қалғандай сақалы жыбыр-жыбыр, күйген терідей қарайған беті желді күндеңі терең судай толқып, мың құбылады. Мес күреннен дік етіп секіре түскен Зура:

— Эбеке,— бұл қойларды неге жасырдыңыз? Қайдан шықкан мал? Қайдан алдыңыз? Қазір түсінік беріңіз?— деп ыргады.

— Жет түбіме! Ана жылы сақтықтың астығын үрлады деп бір соттатып еді. Енді қылмысың дайын тұрған жоқ па. Қой үрлады демейсің бе? Көзі құтырған иттің көзіндей қанталап кеткен.

Со жылы қар күрт еріді. Жер кекке жойқын су жайылып, күркіреп өзен тасып, сең жүрген. Қөп жылдар ылғал тандыры кепкен сай-сала аузы мұрнынан шықты. Бегет біткен лық толған. Қаз, үйрек, құс атаулы қаптап су бетін аққу жайлады. Өмірі бұл өлкеде көрінбейтін шағала шаңқылдаپ, құс базары қызған. Сарысу қара бұрымдай бұралып, билеген қыздай сылаңдап балығы тайдай тулады, Желқақты аңызақ жайлаган атырап, жапырак, шайыр, изен, жусан, ақбас жоңышқа, қарға тұяқ, қоңыр бас па, неше түрлі гүл атасы өсіп, айшықты кілемдей түске енген. Бәйшешек ұлпа жарып, шалғын аяқа оралса, тобылғы мен қараған ормандай боп өсті. Жұпар иіс бұркыраған атырапта төрт түлік үні әнге ұласты. Сәуір айы даланы үлдемен бұлдеге ораган әдемі көктем еді. Еңбек базары өз алдына мәре-сәре. Жеңіс күнін астыға тағаты таусыла күткен «Бірлік» ауылына да сүйінші қарлығаңындей майданнан қадау-қадау қайтқандар да келе бастаған. Сапарбайдан бірнеше ай хат-хабар болмай ол үйге қайғы бұлты қоюланған түскен күндер. Жіңішке үзіліп, жуан созылып жүйке тозған сол ауыр шакта үздіктіріп сағындырған уш бұрыш хат та жетті. Сапар көкемнің әдемі маржандай жазуы. Жауын астында жазылыпты. Әр жеріне тамшы тиіп сия жайылған. Адам жаны қандай нәзік еді.

Жарқырап ашылып жуылған ақ жібектей лезде оңала кетеді-ау. Салы суға кетіп, беті тотығып жүдеген Айша жеңгем бір күнде толған айдай боп толықсыды. Куаныштары көл-кесір. Баттал атам мен әжемнің куанышы қойнына сыймай езулері құлағына жетті. Ауыл адамы осы үйге куаныштарына құтты болсын айта келген. Әйелдер шашуын шашып, ду-ду күлкі. Бір жағынан қазан көтерін, аста төк абыр-сабыр. Әсіреле Баттал үйіндегі әжем бүкендер желіп жүр. Белі күлдіреуіштей етсіз арық кісі бүгін аяғын үшінан басқан. Күле береді.

— Қайырлы куаныш болсын! — бар даусымен Дархан үста айқайлап кіреді үйге. Қасында Рәшит, жылқышы Сәлен.

— Айтқаның келсін, торге, жоғары отырыңдар,— дейді Батаң, орнынан баладай атып тұрып. Коңілі есіп, куанышы дариядай тасып отыр.

Сол күні Баттал сиыршыныңінде ауыл адамдары тұннің ортасы ауганша тамаша дүкен күрган. Ән салмағаны жоқ. Әсіреле қарттар жас шағын есіне түсіріп, ұмыт болып бара жатқан әнді қайта жаңғыртып әсерленген еді. Зура, Қатша, Айша үшеуі «Құрбым-ау» әнін тамылжыта шырқаған. Үзіле, құштарлық аңсау боп асқақ тогілген қоңыр дауыс тыңдаушыларына таңдай қақтырған еді. Әннің ырғақ нақышы жарасымды құрбылық наз, іштей тебіреніс, әдемі тұспал жас шақтарын естеріне түсіре ме, карттар күрсіне тыныстап «оу, жалған» десейші деп қозғалақтап желпінген.

* * *

Күн сәскелікке тармасыпты. Балдағымды сықырлатып жар қабаққа шығып келем. Ауа тымық. Үп еткен жел жоқ. Тымырсық буып тынысты тарылтып барады. Безектеп ауыз жаппай ән салатын бозторгай да жым-жылас. Қазір бар тіршілік сай табанына иық тіреле қонған ауылға ғана назар аударып, басқаны ұмытқан тәрізді. Жайшылықта

мәңцреп, жамырап азан-қазан шығатын сиыр, тіпті мал атаулы үнсіз. Өзен толқынын, құрақ сыйбырын тоқтатқан. Өз жүргегімнің дұрсілі құлағыма шапқан аттай естіледі. Мұндай да қайдағының ойға ораларын қайтерсің. Балдағымды шыралжан қағып... Сол бір қоныр тұн... Жаңылдың жүрегі лұп-лұп демі жаңа туған қозының деміндей, бетімді шарпиды.

«Апам ізден қалар, қайтайықшы» оның даусы құлағыма зорға жетеді. Желімдей жабысып, құшақтаймын кеп оны. «Қадыр» деген қыз даусы иманымдай ыстық, жанымдай тәтті. Құшағымнан босатар емеспін, ол да босана алар емес. Оны аймалап, ернімді ерніне енді таяй бергенімде:

— Қадыр!— деген дауыс құйындай қағып, әдемі сурет өшіп жоғалды. Кім? Кімнің даусы?.. Өзеннің қалың құрағын тасалап бір топ ақ жаулықты әйел үйдің тұсына таяп кеп тоқтаған. Әй дейтін жер. Сөйткенше болмай қалың қамысты жарып соңында әдәуір адамы бар Рәшит аға атына-қамшы басып, шыға берді. Аспан қак бөлініп, дүниені ортасына түсірген «ойбай, ой бауырым!» даланы жаңғыртып жіберді. Не болды, тағы не сүмдық? Аттылар Батаң әкем үйінің алдына аударыла құлап, әйелдер шашын жайып, аңырап, сыңсып дауыс салған. Аза бойым тік тұрған мен шойнаңдап ауылға жүгірдім. Ілгері басқан аяғым кері қетеді. Ақыл, ес қалмады. Тәтті үйқыда жатқандай қызық шаруа қамымен тыныстаған ауыл кенет өрт шалып құйын соққандай астаң-кестеңі шықты.

Сиырга мінеттің ерістегі атын ерттеп, белбеуге байлап, бірер кесе шай ішуге тізе бүккен Баттал атамның колындағы кесесі үшып кетті. Сақал мұрты дауыл үрғандай желп-желп. Сабыр-салмағынан адасып: «Не, не болды бұл? Мына шуы несі!?.»

Қанатына оқ тиіді, топшысы сынды сұңқардың,
Көмбеге шауып жете алмай тұғыры кетті тұлпардың.
Бұлтсыз күні жай тұсті. Дүниеден өтті есіл ер.

Көре алмай туған жүрт алдын.

Маңғазда туған Сапарбай, сыймай кетті майданға,

Қармағына дөп келсе, ажал адам таңдай ма!
Ой-хой, боздағым-ай, ай.

Азалы естіртуден кейін лап етіп тұтанған кейуана:

— Не дейді ойбай, мыналар, ағартты ма көзімді, оны алғаннан қу құдай мені алмады өзімді,— деп зарлай же-нелген. Етсіз саусағымен өз бетін өзі алып түсті. Шып-шып шыққан қан сорғалап ағып, тамшылап тәгілді. Сорлы ана біржола әлі бітіп талып құлаған.

Сепаратордың бір сарынды ызыңы шығып жатқан пункт үйінен Салиқа бастаған бір топ әйел, ортасында Айша енді жетті. Айқай-шу төбе құйқаны шымырлатқан ессіз дауыс әлгіден де күшіе түскен. Қас қағымда, әдеп-кіде не болғанын да пайымдап үлгерменеген Айша түсі сүп-сүр, еріндері дір-дір етін жан-жағына қарай береді. Аузын ашып, тілі күрмелген, ақылынан адасқан жан тәрізді сілейп тұрып қалған еді. Бір сәт әйелдер кезек-тесіп оны шерлі құшақтарына ала берген. Онысы көріспін, қайғысына ортақтасқан болғандары. Бірақ женешемнің көзінде жас жоқ. Бұқіл денесі жаны шығып бара жатқан мал тәрізді қалтырап барып, шалқалай құлады.

— Маңғазе-е-ем!

— Боздағые-е-м!

— Арасы-ы-м, арманда-а-й!— деп аһ үрган әйелдердің зарлы даусы басылар емес. Әлгіде ғана тып-тыныш ауыл ағыл-тегіл жылау, қаралы үн астында қалған. Біреуді-біреу тыңдап та, құлақ асатын түрі байқалмайды.

Мәңгүрт болғандай Баттал атам басын шайқап теңселіп отыр. Екі бүйірін таянған бәйбішесінің тамағы қарылдан, үні біткен. Ес-тустен айрылған Айша өзіне бірде келін, бірде келе алмай талықсып кетеді. Кенет көзін мөлдірете ашып:

— Сапар! Сапашым!— Аңырады кеп. Даусы қандай зарлы еді.

— Боздағым-ай! Арыстыным-ай, Жаным-шырағым бір көрінбей-ақ кеткенің бе? Мандайымды төпелеп қалғаным ба? Қу құдай, аяушылығың жоқ па еді? Қос жетімді

айтем-ей! Ә, Сапашым келдің бе? Кел, келші, мен, мен ғой. Айщамын!— деп құшагын жазып, сандырақ аралас арпалысқа түседі. Шалық тиген жан тәрізді. Үсті-басын, өз бетін өзі жыртып, шашын жайып жіберген. Бір тұрып, бір отырады. Есірік.— Мені қайда тастап кеттің? Шыныңмен өйттің бе?— Әйтеүір не айтып, не қойғанын өзі біліп жатқан жоқ. Жағы бір тынбады.

Осы кезде анамның Рәшитке жылаулы бетін бұрып, ызғар шаша қарағанын байқап қалдым. Қөзімнің алды бұлдырап, құлағым шулап отырғам. Жүзі сұргылт Рәшит аға:

— Баттал аға, аяулы жеңге, Айша келін!— деп өзін-өзі үстай алмай, аузы сөйлеуге икемге келмей, жылады кеп, тоқтай алар емес. Ардақты азаматты, ел ардағын қимағаны ма, қадірменді халық сыйлаған Батаңды аяғаны ма, бұрын өзінде болмаған соны мінез көрсетті. Тұтас бір ауыл жылағанын кім көрген. Тоқтау айта басалқа басшы о да ағылтегіл. Әлім де, үнім де бітіп бордай үгітілген шақта ту сыртымнан оқыс дүр сілкінтекен әмірлі дауыс шықты.

— Тоқтат ойбайды! Өңшең ессіз, шуылдақ! Өлмесе ата-бабаң қайда?— Оның сұраулы үні аспанға жаңғырық-қандай болды.— Отырмас па еді мәукиіп-мәукиіп. Төрт құбыласы тең пенде қайда бар! Жарасыз жан, қайғысыз жүрек жоқ! Дүниенің төрт бұрышын өрт шалған заманда, елі, жұрты үшін шейіт болған ардағымды осылай жоқтармысындар! Қорлама намысын! Атаң баласы жаудан өлсе, мәрттігіне той жасаған. Ата мұрасына берік бол! Тоқтал, сабырға кел!— көзінің жасы сорғалаған анам сөйлеген сайын ширап, қайраттанып бара жатты.— Сапарым сағы сынбай жауының шаңырағын ортасына түсірген айқаста,— деп кемсендеп барып,— мәрт болды. Арманы алда! Оның данқы өлмейді. Жүнжімендер. Есімің ардақ тұт боздағымның,— деді көпке күш беріп.

— О, қадірлі аға, Сапарыңды қимаған жүрек езіліп, жан жаншылып кетті ғой. Халқың, қайғына ортақ бол алдында отыр. Колдан келер, қане? Ажал алғанын бер-

мейді, өлген қайтып келмейді. Бақаң үйіндегі жеңгем тауып айтты, ақылды сөз! Белді бекем буыңыз. Болғанға болаттай болайық. Ауырлықты нар көтереді. Нар едіңіз, майыспаңыз. Ерлік пен естелік етек баспасын!— деп тоқтаған Рәшит.

— А! Не дейді аға, Сапарың келеді. Қайда? Қайда?— деп шашы жайылып үйден жүгіре жөнелді Айша. Басқаны шыбын құрлы көрмей түйеше тарпиды. Өңі аппақ. Қансөлсіз — Сапар! Са-па-а-а-пар!— шыңғыра айқайлап жонға қарай жүгірген. Көп болып жабыла куып зорға ұстады. Үсті-басының дал-дулы шыққан, бетін айғыздап тырнап тастапты. Сол күні Айша ақылынан адасты. Төңіреғіне алақтан «Сапаш, Сапар! келдің бе, мен...» дей берген. Оның бойындағы ақыл ұстамдылық біржола тозып, үмітінің сенім жібі бырт-бырт үзілін біткен еді.

— О, жұртым — Батаң көзінен бұршақ-бұршақ жас текті,— ризамын. Өзін тұрганда жалғыздық көрем демеймін. Шыр айналған шаңырағымды қайттім?! Құлағаны ма? Көмусіз де қалмаспрын. Аз жасадым деймеймін. Бірақ арманым бар еді,— эттең, бармағын тістеп ақшуулан басын шайқады,— орнына келмейтін, орындалмайтын тілек қой.— Сапарымның мәндайынан іскеп өлмедім. Баламның, маңдайымдағы жалғызымының Отан үшін, соғыста опат болғанына өкінбеймін де! Мұндай айтулы өлімге ренжу-пенделік екенін түсінem. Өлмейтін пенде жоқ. Соның ішінде бұл ең құнды өмір үшін... ардақты өлім! Отының басында жүргендер де кетер өмірден. Олар жаумен жағаласып өлгендердің садағасы кетсін! Сапарбайымның мәндайы жарқырап көрінеді. Қазір көзіме!— деді буының бекіткендей даусын қатайтып. Ата сөзінде көп ұлагат терең·ой бар еді...

— Міне, ер адамның үні! Азамат деп осындаіларды айтады,— анам төбесі көкке жеткендей есіп, мархабаттанып қалды. Су сепкендей тұңғырық уайымға батқан көpte серпіліп, желліне қалды. Батаң үйіне тиген сокқы үығын сыйырлатып, шаңырағын шайқалтып тұр. Адамның жаңы не

деген мықты еді. Бауырым езіліп, жалғыз ағамнан айырылған менің сол күні құсадан жаңым қүйіп өлмеймін деген ойым жоқ-ты. Бірақ жарты денені күзеткен жүрек тық-тық соғып, ілгері, келер жылдарға жол тартқан. Сол қаралы кеште азынай сокқан жел шалғыны енді-енді қаулап келе жатқан даланы тулақтай сілкіп бара жатқан тәрізді көрінген...

* * *

Уақыт тізгінін кім тежеген. Оның аңысы мен тұщысын кім татпаған. Біреу өмірден мен келдім деп сүйінші сұраса, біреу қош айттысады. Әлмек-тәлмек ат ауыстырған барымташыдай күн артынан күн, ай жетіп, пінденің нәсібесі құйылған ыдысы бірде толып, бірде ортаяды. Жерге де ғұл өсіп солып, шөп өсіп толып, жаңартып жататыны тәрізді, адам да қартаяды, тозады. Біреу кемеліне келіп кетеді, біреу дегеніне жетпей, арман оксік құнып налып кетеді. Адам үшін өмірде тегіс жол жоқтығына еріксіз иланасың... Мени осындаі ойлар тебірентеді...

Күн биіктеп, айдың бетіне нұр төгіп, тамылжып тұр. Шағала шаңқылы келеді құлағыма. анга жайлы, бетке жұпар шашқан самал есе соғады. Сонау алыста, құйрықты жұлдыздай сорғалаған моторлы қайық шалқар бетін қақырата жарып ағып келеді. «Мына шіркіндерге айдын беті аздық етті ме, бұлай неге бұрылды»,— деп қыпылықтаймын ішімнен. Дәл қарсы алдымдағы биік қабағына ну боп терек, ак қайың, тал, жиде араласа сыңсыған қолтықта мамырлай қалқыған аққуларға жалтақтай қараймын. Қазір үркітеді-ау,— дегенімше, менің ойымды білгендей қайық жалт кері бұрылған. «Із-ие, іздер! Кейде өшпей, мәңгі соқпақ боп сайрап жататыны неліктен екен?! Оның базбазда өшкенінді, өткенінді есіңе салатыны неге? Сол соқпақ-ау, мына көрінген елес: адамдар әне, майдан, кешегі сұрапыл соғыс ізі. Қираған қалалар, селолар... Бомба қазып, ойып кеткен ұғылар, қүйіп қоңырсыған, өртенген дала, опат болған солдаттар... дene, топырақ...

Жә, осының бәрі қазір көзден таса тапты. Бірақ көнілден ше? Жүректен ше? Жо-жок, айтпа! Жүрекке түскен жараға ем жоқ. Оған уақыттың да күші жетпейді. Мениң басымнан өткен, көзім көрген не қылыш көріністер неғе ғана тіріліп, экрандағыдай неге алдынан шыға беретінін әлі түсінбей келем. Бәлки жүрек жарасы болғасын шығар. Өзімді-өзім тексерे түсем сол үшін...

Желке тұсындан женіл машинаниң дүрілдеген даусына елеңдей бүрүлдым. Дәл қасыма келін тоқтағанша түк езбеппін. Ойға шомған адамда үйқыдағы адам, екен-ау.

— Сәлематсыз ба, Қадыр аға. Сіздің машинаңызды танып,— дейді күлін амандақан Сағынбек,— жай отырсыз ба?

— Дем алып,— деймін. Ол балдақты қолтығынан ұстап, толқыны құмары қанбай қайта-қайта жағаны шепшөп сүйген айдынға көз тіге қарады. Кек иірім коз жеткізер емес. Жібектей үлбіреп керілін баяу қозгалады. Сағым құшағындағы совхоз орталығы мен мұндалап мұнартқан қала сияқты. Дайра ағаның жырғып айтатын «Бірлік» колхозының болашақ орталығы, сондағы жоба. Сол!

Жылдар арасынан жас шағым күліп те, күнірене де қол бүлғайды кеп. Ол ең алдымен **Жаңыл** боп елестейді. Оны жақында қөргем. Ерте тұрып сиырын сауып жатқан. Қасірет жүгір батқан белі бүкіш тартқан ба? Машинама газды беріңкіреп қасынан зу етіп өте шыққам. Жанары жалт еткен. Айнадан қөргем, орнынан тұрып, соңымнан мен қырдан асқанша қарап көп тұрды. «Не ойлады екен?..» Неліктен екенін қайдам жүрегімде **Жаңыл** мен Тасбек қатар тұрады. Сонда бірі — жас шағым, махаббатым, өкінішті арманым, бірі — жеркеніш, кек, қасірет, опасыздық, өзімшіл қара ниет бейнесі боп елестейді.

Неше жылғы азабым ба, лықсып шыққан. Аузыма удай аңызы запыран келін жүрегім айнып кеткені. Құсардай боп лоқсып зордан қалдым. Сағынбектен қысылдым.

Әппақ мәрмәр тастың алдында қатар тұрмыз. Бетінде

алтын әріп-жазу. Бірінші өз әкемнің есімі — Бақтыбай оған жалғас Дарқан, Баттал, Рәшит...

Күн сәулесі бетін жуған құлпытас жалтырай шағылысады, көзге.

— Есімі тарихта қалған деген осы шығар,— дейді маған, мені сөзге шақырып Сағынбек.

— Дайра аға «Сағынбекімді,— Саған тапсырдым» деп аманат етіп еді.— Жаңылдың атын атай алмадым... Қазіргі ел басшысы өзіңсін, Сағынжан. Ерлер есімі, өшпестей болуға сенің қосар үлесің көп,— дедім, бетім жылып қоя берген.

Соғыс аяқталғалы да, Сағынбекке әкесін өз қолыммен жерлекенімді осы жерде айттым. Соншама уакыт қалай шыдап келдіңіз неге жасырдыңыз: дей ме деп те ойлағам. Сабырлы жігіт сыр бермеді. Ақ құба өні құбыла отырып тындағы да, алысқа көкжиекке көз тігіп, сол қадірлі әкенің соңғы сөзін өз құлағымен естігендей үйип қалған. Шалқары көкпен астасқан айдын беті толқып, баяу жылжып ағыс қуалайды.

Журегім жиі-жіі соғады. Аңсағаныма асыққан албырттығым басылмаған сияқты. Жаңылына өрекпіп тұргандай...

Әңгімелер

АЙХАН

Күн тымық. Аспанда бір шекім бұлт жоқ. Содан ба, езім тым көнілді едім. Көшеге зорға сыйып, алшаңдай басып келемін. Қаладағы шағын тротуар соқпақта қарсы алдыннан таныс бейне ұшыраса кетті. Дидаrlастай бұрылып кетудің маған да, оған да ешбір реті келмей қалды. Ойламаған жерден таң болып, ғайыптан түскен жандарша бірімізге-біріміз үнсіз қарап тұрмыз.

Неліктен екенин білмеймін, сол минутта ішім әлем-жәлем болып кетті. Жақсылық пен жамандық, адалдық пен аярлық, махаббат пен зұлымдық белдесін жатқандай, іштей астаң-кестенім шықты.

Сол! Дәл езі. Аппақ періште. Сол мәп-молдір қара көз, қылған қас, піскен шиедей қып-қызыл, жұп-жұка ерін. Сымға тартылғандай дене. Қазір де солай.

Оның келбетті ақ жүзі күреңітіп, бірде қызара қалса, бірде құлғін тартып неше құбылды. Қара көзіне құлкі толтырып, қас қақпай молдіреп қарайды. Анық толқып тұр.

— Қайсар! — Оның жібек үні келді құлағыма.

— Айхан!

Тағы да үнсіздік жайлады.

Жолдың нақ ортасында үнсіз тұрган біздерге әлле-біреулер таңырқай қарасып, кеше жауған ақша қарды омбылап өтіп жатыр. Айханның мына тұрысында еліктің

лағындаі үркін тұратын жасындағы мінезден біржола арылғандық байқалады.

— Өзің толып кетіпсің ғой,— деді өне бойыма көз жүгіртіп, басқа сөз таппағандай.

— Өзгермейтін нәрсе бола ма?— дедім. Ол қоламтадан шықкан шоқтай қып-қызыл болып кетті де, менің сөзіме жауап орнына:

— Сені көргенде, бүкіл өмірім, жастығым, бірге оқыған достарым, есken жерім есіме түсті. Бәрін де сағынып кеттім. Не десен ол де, менде өзімді ұстайтын құш қалмады,— деді де, құшақтап алып, екі бетімнен кезек-кезек, шөп-шөп сүйіп алды. Қыздың мына төтен әрекеті мені біржола матап таstadtы. Әдепте жоқ әрекет. Әлгі бір сөзіне ысыған бойым кенет салқындаپ кеткендей болды. «Мұнысы несі, тым жеңілдеп кеткен бе, өрестекелдік емес пе?!

Жасында, мектепте оқып жүрген шағының өзінде қарға аунаған тұлкідей, көздің жауын алатын перизат одан бетер құлпырып кеткен. Өзі жарқылдалап шешен сөйлейтін болған сияқты. Мені билеп-төстеп алып барады. Даусында ақиқат өзімсінгендік, шынайы сағынышты ықылас бар.

— Ал жүре сөйлесейік, алдымен қайда тоқтағаныңды айтшы? Қашан келдің?— деді.

— Қонақ үйде, бүгін үшінші күн.

— Ендеше, қазір әлі уақыт бар екен, алдымен киноға кіріп шығайық. Менің келісімімді күтпестен бастап жөнелді. Аузы сөзден әлі бір тынған жоқ. Балалық щақты, мектепті, бірге оқыған құндерді әңгілеп келеді. Менің де коз алдыма сәбілік, балалық, енді гүл аша бастаған жігіт шағым орала берді.

...Күнгейлі — Сарыарқаның жазығын куалап, бірте-бірте жартасты адыр, шоқылар құрап, қасқыр азу болып байланған Керегетас аталатын биік тау сілемінің ық қолтығындағы жалғыз қыстау. Қыстау мен биіктің ортасынан гүрілдеп туап ағатын Ақмая өзенін «Ақсөңгір» колхозы қырқыншы жылдары бөгепті. Шалқары көз ұшына созыған тоған сүй жарқырап көрінеді. Тоған үсті екпе ағаш —

терек, тал, жиде, тек бергі шетінде ғана оқшау өскен жалғыз түп ақ қайың «мен мұндалап» түр. Тоған басы — құстар әні. Мың турлі ән, мың түрлі үн. Бұл өнірдегі думанды жер тек осы бөтегет. Туған жерді аралап кетішпін. Қызығы мол, балалық шақ...

— Қайсар,— деді күрсінген қызы,— Сол күндер романтикаға толы екен-ау, не бары сегіз-ақ едік, ә? Совхоз орталығынан шалғай жондағы бір қыстақта комсомол-жастар бригадасын құрып, оны «Жалын» деп атап, бір ауданды, бір облысты дүр сілкіннік, ә? Ерлікке, қызыққа толы сол жылдар, басқаны қайдам, менің есімде мәңгі қалды.

Айхан алдымызға мұңлана көз тастап, баяу жүріп келді.

Бір класта оқыған он үш қыздың ішінде мен жалғыз үл едім. Үзіліс арасында бәрі жабылып, мені тымақтай домалатады, көптін аты көп емес пе? Бірі әрі тартып, бірі бері жығып, ит әуремді шығарып, ыза қылатын. Солардың ішінде ең өткірі де, ашулысы да, шынымды айтсам, окуға зерек алғыры да, сүйкімдісі де осы — Айхан болатын. Шығарма жазуда үнемі бестік баға алатын. Айхан үйге берілген ерікті тақырыпқа жазылған шығармадан бір күні үштік баға алыш қалды. Ал жыласын кеп. Мұғалім олай-пұлай ақыл айтса да көнбей, көп жылады. Үзіліс кезінде қасына барып, иғынан қағып: «Ұят емес пе, бір үштік баға алдым деп жылағаның»,— дей беруім мұң екен, басын жерден жұлып алыш, дауыстап:

— Намыссыз!— деп жағымнан тартып-тартып жіберді.

Аңдаусыз түрган мен аяқ астынан қыздан таяқ жедім, басқа қыздар ду күлсін. Кейбіреуі класс жетекшісіне жүгіріп: «Қайсарды Айхан сабап жатыр», деп ертіп келді. Қайтейін қызбен тәбелесейін бе, тысқа шығып кеткенмін...

— Қайсар,— Ол менің ойымды тағы үзіп жіберді.— Таяу жылда ауылға бардың ба? Тоған басындағы жалғыз қайың бар ма?— Көзінде жасырынған сағыныш табын бірден байқадым, даусы да мұнды естілді.

«Иә, жалғыз қайың бар, ол біз көргендегіден әлдеқайда биіктеп, толып өсken». Мен осылай дегім келді. Бірақ айта алмадым. Өйткені, «Жалын» комсомол-жастар шопандар бригадасында еңбек еткен жылдардың талай мақпал түні мен алтын зерлі таң салқыны сол ақ қайың түбінде сыр шертумен еткен еді. Сонда менің қасымда... Иә...

Бұкіл даланы сарқыраган шуылымен думандатқан Ақмая өзені де сол жылы қатты тасып, тоғанды сен буғаны да қазір көз алдында. «Қайсар, сен мені «ашушаң қызы» атандырыңың. Байыргы атымды өзгерттің. Сонда да сені... «Сенің жұлдызыңың ыстық маган», — дейтін Айхансың сен», — дегім келеді. Тілім күрмеліп, үнім шықпайды. Ар жағымда жүрегімнің басында түйір іртпек болып топталған бір ыстық, кейде кермек сезім буып жіберетін емес. Өзі ақтарылмаса, менің мына менің, оған әмірім жүретін де емес. «Неткен дәрменсіздік бұл», — деймін ішімнен.

«Кенши» кинотеатрына таяна бергенде Айхан:

— Қайсар! Бәрі қазіргідей көз алдында. Көктемде бүршік жарған ақ қайың жүреғімде мәңгі қалды...

Кино да айтарлықтай қызық екен. Үнді киносы. Бойды бақытып, ойды шартарапқа шалқытқан асқақ музыка әуені құлақтан кетер емес.

— Үнділіктер өте сыпайы халық-ау осы,— деді театрдан шыға бере Айхан,— бұлар ашық сүйісу дегенді білмейді. Ал біз болсак, тапа-тал түсте... Екеуміз қосыла күлдік. Артымыздан біреудің:

— Үндемес қыз да күледі екен-ау,— деғен даусы естілді. «Үндемес қызды қара, жігітпен отыр», — деп кинозалда да дарақы біреу айқай салған. Өзі масаңдау болса керек. Соның сөзі тағы да ту сыртымыздан қайталанып естілді.

Тунгі ауа тып-тынық екен. Күндізгі ақ шуақтан болар, қазір көшедегі ағаштар, бұкіл қала аппақ үлпадай қырауга көміліп тұр, үп еткен жел тисе, меруерттей төғілгелі жылтжылт етеді.

— Күнгейлі қандай болды екен? — деді ол аз үзілістен

кейін мені әңгімеге шақырып. Несін айтасың, Құнгейлі қазір ферма орталығы. Бүкіл дүниенің кіндігі сияқты сәүлелті, ел мекені сол. Телевизор, радио, барлық мәдениет мекемелері бар қала үлгісіндегі поселке,— Айхан менің қолтығыма жабысып ишін тигізіп, құшырлана қысып, ұлпа қарды сыйыр-сықыр басып келеді...

Құнгейлі тоганына лық-лық соғылып жатқан толқын үнін тыңдал қалыптыз. Қиял шартарапта. Жоғары оқу орнына түсіп оқып жүрген күндер. Біріміз — жазушы, біріміз — күні ертең экономист, әлемнің бар қызығы ала-қанында... Бірінші курс біткен.

Иә, артынан көп кешікпей Айханның, Қайқаудың туган күні тойланды, өзім де қызықпын-ау, бірғе оқыған қыздардың бәріне ат қойыптын. Зағипаны — Ақкірпік, өйткені, ол шикіл сары, кірпігі де сарғыш, көзіне үңіліп қарамасаң көрінбейтін. Сол үшін Ақкірпік атанды. Ал Әнуза — Қайқау, оның кірпігі де мұрны да, үстіңгі ерні де қайқы. Тұрсын ше? Шомбал. Расында да ол денелі қыз еді...

Міне, бәрі көз алдыманан қазір де өтіп жатыр. Сағынып кеттім. Балалық шағымды сағындым. Тай-құлыштадай тебісін өскен достарымды сағындым. Айханмен бірғе өткен айлы тұндерді, жалғыз ақ қайынды сағындым.

Сол туган күн кешінің соңы, жалғыз қайың түбінде екеуміз тағы отырмыз.

Манадан үнсіз келе жатқан қыз демін ішіне тартып:

— Керегетастың жұпар ісі бұрқырап кетті гой. Шіркін, қоңыр желі қандай ракат еді. Есінде ме, Қайсар, кекпен-бек жасыл далаға қойды қаптатып жіберіп, ән салатынымыз. Ашық кекжиегі көрінбейтін толқып жатқан мұхит дер едім. Жанат қой, шіркін, сол жерлер,— деп қойды...

Мені тағы жалғыз қайың шақырды. Неге екенін қайдам, сол күндері расында да аз үйіктайды екенбіз. Төбеде биіктен алған ай бозамық сәулесін себезгілеп төгіп тұр. Айханның қолы мойнымда. Мен оны айқара құшақтап, алдыма алып отырмын. Әлемде сол сәтте менен бақытты

жан жоқ еді. Айхан ше, әрине, ол да. Өйткені, ол: «Сенің жүлдзызың мен үшін өмірдегі ең биік, ең сұлу, жарқын жалғыз шоқ, сенімен мәңгі біргемін», — деп әлгіде ғана айтқан. Ендеше, мен бақыттымын.

— Әне, Қайсар, сенің жүлдзызың туды,— деді кенет ол менің бетімді шығысқа бұрып. Жалт қарасам, Шолпан жүлдзызы туыпты жарқырап. Қекке ілінген гаянтар кеседей нұр ашып, бір өзі бүкіл шығысты құлдіріп тұр.

— Жоқ, ол сенсің. Ол әлемнің Шолпаны болса, сен менің Шолпанымсың. Айханымсың. Білесің бе, сенің атыңды да алфавиттің бірінші әрпінен басталатындағы етін атауымның сыры да сонда,— дедім.— Сен әлем жүлдзыздарының айысың.

— Қайсар,— деді манадан үнсіз келе жатқан қыз менің ойымды деп басып.— Шолпан туған таңды ұмытқан жоқсың ба? Содан бері мен Шолпан жүлдзызы туған таңды көрген емеспін. Тағы бір нәрсе есімнен кетпейді. Дәл осы таңда қоңыр қойдан да төл басы ақ қозы туғызып алғып едік-ау. Құлағыма сондағы қойдың маңыраған жарықшақ даусы келеді. Шіркін, сол бір бал көктем! Тағы бір қайталашы, өмірге мәңгілік риза болайын!

Белгілі, шерменде жанның өкініші. Тоқтап тұрып бетіне қарадым. Тамылжыған қоңыр түнде ол бұрынғыдан да сұлуланып кетіпті. Ақ түлкіден бөрік, жағалы пальто киген ол, сонау бала кезімді, өткен күнді алдымға тағы да көлденең тарта берді. Бәрі сол бәз қалпы. Аспанда — ай, жerde — біз. Айырмашылық тек — қала, көше, ағылған автомашина, көпшілік адамдар.

Айхан күмістің ұнтағындағы бол көктен төгілғен қар үшқынын алақанына қондырып әуре. Сүйріктей саусағын созып, алақанын жайып, меруерт қызыршық түскен қолына ұнледі. Дәнeme жоқ. Төгіліп жатқан меруерт сыйнығы көзге көрінбейді. Қайта қолын тосады,— да сол бос алақан.

— Мынау мен гой,— деді ол манадан үнсіз бақылап тұрған мені жалт қаратып,— Рәсүа болып, ұнтақталып кеткен. Қатты унілеп күрсініп алды. Қолға ұсталмайтын

қар үнтағын қуалап, көкке қолын жайып қалған күйі аспандары неон шамдары сәулесінен көмекі көрінген айға қарап мұдіріп қалды. Көзі мөлдіреп, жас толып төгіліп кеткелі түр. Оны қолтығынан алып ілгері аяңдай бердім. Ол өз бойын тік, тәкаппар ұстаган күйі көп қабатты үйдің алдына келіп тоқтады. Манағыдай ойлы пішінде терең құрсініп:

— Қайсар, қонақ үйінде орының барын білемін. Сонда да отымның басын көр,— деді даусы дірілдеп.

Үйге еніп келіп, неге тұрып қалғанымды өзім де білмеймін. Тағы бір ойламаған көрініс. Төр алдында үлкейтілген портрет түр. Бірі — мен, екіншісі — өзі...

Үстіне қызыл пулш жабылған диванда бейжай отырымын. Ас үйде Айханның жүрген-тұрған дыбысы шығады. Шай қойып, оны-мұны дайындал жүр. Шамалыдан кейін қасыма келіп жайғасты да:

— Таңданба сөзіме, Қайсар,— даусын созып.— Сенің кінәң жоқ, мен өмірде сенің алдындағана, ар алдында айыпты жанмын.— Тағы қатты дем алып, кідірді де:— Сенің өкпеңе суық тиіп, операция столында жатуыңа мен кінәлімін.

Шыдамадым:

— Өкпеме суық тиіп, операцияда жатуыма?

— Иә.

— Неге?

— Егер мен болмасам, сен көктемнің қара суғында жалғыз қайың түбінде отырмас едің. Қабағын шытып:

— Суық саған сонда тиді.

Сөзіп бөліп жібердім.

— Жоқ, ол бұрыннан да ақаулы өкпе.

— Онда ақауыңа ақау қосқан мен!— Бала құніндегідей көзі шоқтанып, өршеленіп кетті.

— Олай деме, Айхан,— дедім даусымды неғұрлым салмақты шығаруға тырысып.

— Тап солай,— Қыз ширығып алышты.— Сол қиянатымды кешір. Жүрегіме қатқан, жанымды да жегідей

жеген азабым бұл менің,— деді иығыма қолын артып. Мен үндемедім.

Сәлден кейін ол тағы сөйлеп кетті:

— Егер мен ауырмаганда, мен мүмкін...— Мен оның бетіне тағы байырқалай қарадым. Қасы сәл түйіліп, бір қырын отыр. Бірсыныра ұнсіздіктен соң, эрине, бірнеше жыл хабар-ошарсыз, байланыссыз болу...— деп сөзін тағы үзді.

— Жо-жоқ, Айхан, сенде кінә жоқ, мен сенің өміріңе зиян жасауға тиісті емесін. Ауру... жүқпалы... Сау адамды және сендей раушан ғұлін...— дей бергенімде:

— Түү, Қайсарым-ай, не деп кеттің, аямаган деғен осы да! Менің жаңым сенің үстінде шықса, арман бар ма еді!— деп ағынан жарылды да басын қеудеме сүйеп отырды. Жұпар іісі келді. Қос анары көтеріліп басылып, бүкіл болмысымен жаңымды аялап, ол маған қисайды, сонаң соң:

— Иә,— деді басын көтеріп,— мен жасырынып жүрген адаммын. Сені бүкіл бақытымды жоғалтып, өзімді жақын туыс-туған, ет-жақыннан біржола жасырған жан едім. Бүгін ойда жоқта сен кез болдың. Бәрін басынан айтайын. Сенен жасырып не болам. Көңіл кірі айтса кетеді. Бәрі солай, дәл осы айтқанымдай болды. Алатау бауыры, Алматы алтын бесік емес пе? Мен сол бесікте шайқалып, шынардай бүлғақтап, өстім. Енді білдім. Шынымды айтсам, сұлулық та қасірет екен. Кімнің көзі түспейді, тамсанбайды. Экешешеден кейін мені қолпаشتаган жұрт сенің қойған есіміңді өзгертиң, табиғат берген көркіме лайық деді ме, мені Ақсұлу атандырыды. Сабактан сәл бос мезгіл театр, ойынсауық, би алаңдарында өтіп жатты. Рақат өмір! Бүкіл қаладағы жұрт тамсанған, қолына түссе ауызға салғысы келетін аскан сұлулардың бірі мен болдым.

Мен сәл қозғалып отырдым. Онымды менің ұнатпағаныма жорыған ол:

— Зерігіп кеттің бе?— деп құлімдей қарады. Жауап орнына басымды шайқадым.

Ол орнынан тұрып, сөйлей жүріп, кішкене қол сандықты алып, асығыс ашты да ішінен алтын сақина ма, сырға ма уыстап стол үстіне шашып тастады. Электр шамының көгілдір сөулесіне шагылысқан асыл дүние бұлтты жарып үшкан жайдың сынығында жарқ-жүрк етіп, көзді арбап жатыр. Айхан асыл тастарға қарап сілейіп тұр. Көздің нұрын шығып жатқан қымбат дүниеге деген қызығудан гөрі жиіркениш пе, әлденедей бір салқындық бар оңінде.

— Мынаның бәрі өз едбегімнің жемісі Өзіме-өзім сыйлаған дүнием. Бәрі қымбат бағалы,— әдеуірден кейін,— бірақ, иә, бірақ адам жанына шаттық әкелмеген, тебірен-тіп рақат сыйламаған дүние қасірет емес пе? Өзіме біткен көрік те сондай қайғы қасірет әкелді. Адам жаны, әсіресе әйел жаны, қыз жаны өмірдегі ең құрделі, сыр толы құбылыс екенін әркім біле бере ме? Әйел заты мәңгі аялауды сүйеді. Өмірден күтетіні құрмет пен тек қана қошамет. Соның бәрін мен де аңсаған жан едім. Кемшілігім — қасымда сенің жоқтығың.

Ол әлгі асыл сақина, сырғаларды алақанына салып қайта-қайта аударыстырып тұрып:

— Осы көзді алдап, жүректі арбаған тастар тіл қатсағой. Мен сөйлемей осылар сөйлесе... Өкініштен өртеніп барамын — деді.

Ол қырын отырған қалпын бұзып, бетіме үңіліп қарады:

— Сол күні институтта бір белгілі ақынмен кездесу болды, соны биге ұласты. Би десе есім қалған ба? Және бірінен соң бірі шақырған келбетті жігіт алдыма келіп, сипайы бас иіп ілтипат білдірді. Бір айналып билеп шықтық тағы да... Соңғысы ағып тұрған шешен, күлдіргі жігіт екен. Танысып та үлгердік...

Араға күн салмай «Волгамен» келеді де тұрады. Бұқіл жатақхана: «Еркін келді!», — дейтін болды. Өзі де жүзіктің көзінен өткендей алғыр жігіт, бірден бауырыма еніп, жүре-гімді жаулап бара жатқанын да сеземін...— Қыз тағы үнсіз қалды. Біраздан кейін.— Қайсар, кешір, сенен жасыратын сырым жок. Расымды айтамын, сол шақта екі үдай

күйде болдым. «Алтын көрсө, періште жолдан таяды» демей ме?

Бір күні ол менің туған күнімді құттықтап келді. Өзі аздап ішкен қызулау, қасында тәпелтек бойлы, таңқы танау, жұлық мұрты бар, қысық көз жігіт. Өзі менің төсегіме солқ етіш бар салмағымен отырды да қасындағыға:

— Қарақұл, бұғін Ақсұлудың туған күні, әкел манағыны, сосын, ресторанға тартамыз,— деп қарқылдан күлді. Әлгі доптай домалап шығып кетіп, лезде бір қорапты алып кайта кірді. Қорапты ашкан Еркін көйлектік асыл мата мен екі сақина, бір сырға алып, менің алдыма қойды. Расымды айтсам, денем түршігіп кетті. Алдыңда жатқан сол дүниелер маған бір түрлі сұық көрініп еді. Сол минутта мен бар асылымды жоғалтқандай жай кештім. Ерікке қоймаған ол екі сақинаны қолыма өзі салып, құлагыма сырғаны өз қолымен тақты. Бетіме қарап:

— Міне, Еркіннің жары осындаі сұлу, осындаі бақытты, үлде мен бұлдеге оранады. Министрдің келіні осындаі болады,— деп рақаттана күлді.

Сол күні рестораннан ол мас болып зорға шықты. Бірақ сол тәртіпсіздігіне бірде-бір бөгде адам зекіп, не ескертпе жасаған емес. «Министрдің еркесі»,— деп озбырлығын да, тәртіпсіздігін де көтеріп жатты.

Көгілдір шам көк жібектей тамылжып төғіліп тұр. Айхан түреғеп түрған бойы кітап сөрелерінің алдында әдеуір бойлап өскен гүл шоғының қасына бір қадам таянып барды да:

— Қайсар, мына гүлді танисың ба?— деп бетіне сынай қарады.

— Жоқ, шынымды айттым.

— Бұл—«Тұн ханымы» деген гүл ғой. Иісін сездің бе? Күнгейлінің бәйшешегіндегі емес пе? Бұл тек тұндеғана гүл жаратын ғажайып өркен. Қазір көресің, қарап отыр, мына біреуі гүл жаргалы тұр.— Оның нұсқаған ақ тұмсық бүршігінен көз алмай қалдым. Әрбір ойына Күнгейліні қоспай сөйлемейді. «Сағынған-ау, балалық шағы

өткен жерді», деп ойладым. Осы сәтте Айханның өзі де маған ғұл атқалы тұрған «Тұн ханымы ісін емес, Күнгей-лінің кең жазығын, еспе қоңыр желдің, саф ауаның ісін сезіп отырмын. Неткен ғажап еді, тынысым кеңіп, көңілім тасып барады.

— Диплом алған өткен күні кеш ояңдым. Біреу есік қағады. Қасымдағы қыздар ерте тұрып кетілті.

— Кіруге рұқсат етіңіз.— Милиция капитаны.

— Ағысова осында тұра ма?

— Иә.

— Қалай табар екенмін?

— Ол мен.

Не болғанын білмей жүргегім дұрс-дұрс соғып, қалалық Ішкі Істер бөліміне жеттім. Милиция подполковнігі қа-былдады. Манағы капитан да келді. Екеуі бір-біріне қарап, едәуір үнсіз отырды.

— Қызым, үріп ауызға салғандай, табиғат әдейі тіршілікке тарту еткен, көркем жаратылған жан екенсін. Қандай зұлымның тырнағына іліктің? Адам жанына дақ түссе, оны жуып тазарттатын құрал жоғын білемісің?— деді под-полковник шегірлеу көзін ызғарлы қадап.

Тілім байланып қалғандай аузыма сөз түсетіп емес. Не болғанын да білмеймін. Тұла бойым қалтырап, жаурап кетті. Мен басымнан өткен қорлығым мен зорлығым ту-ралы тірі жанға тіс жарған емеспін. Ендеше, бұл не?!

— Біле ме, айтып ескертіп пе едің,— деп ол капитанға қарады. Бірақ капитан үн қатқан жоқ.— Ендеше сіз, аса қауіпті қылмыскермен байланысыпсыз.— Төбеме мұздай су құйып жібергендей тас болып қатып қалдым.

— Еркінді білемісіз? Үні қатқылданып барады.

— Иә... би кешінде танысып...

Подполковник сылқ-сылқ күліп алды да:

— Ұры, бауқеспе! Бұған шейін Шығыс облыстарда талайды сазға отырғызған, көп ақшасы үшін екі адамның өмірін жойған... Не болғанын білмеймін. Басым айналып, көзім қарауытып кетті. Сол сәтте менде өлуден басқа ой

жоқ еді. Жүргім мұздап кетті. Өзімді-өзім жұлып тастағым да келді.

— Енді сабыр ет қызым. Адам көркі де от. Сұлулықты «жан азабы» деп бекер атамаған. Сен өртенуге жақын қалған жансың. Енді қалған өміріңе... е ...е, сақ болсан да кеш болмас. Капитанға қарап:

— Экел әлгіні, деп бүйірды.

Ту сыртымнан есік айқара ашылды.

— Ешкім кінәлі емес, не жаза болса да өзім көтеремін,— деп Еркін дауыстап сейлей кірді. Мен оны екеуміз ғана білетін анадағы сүмдүк оқиғадан кейін көруім. Бұрылыш бетіне қарадым. Үсті-басы жыртылып, екі көзі көгеріпті. Денем түршікті. Туған күніме оның сыйға тартқан қолымдағы екі сақина мен сырғаны тез ағытып алды да, бетіне қарай лақтырып жібердім. Ол бауырсақ қақкан тазыдай оларды лып еткізіп қағып алды да, кекесін құліп, тез түсін сұбытты.

— Мен сендей шүйке бастың мұндан пасық тәқаппарлығын көтеретін адам емеспін. Тірі болсам ажальц менен,— деді ол айқайлап. ...Ол өзіне лайықты жазасын алды. Ал, мен ше?

Қызы маган сұраулы пішінде қиыла қарады. Бұл менің көп жылдар бойы сінген кеселден енді-енді сауығып, Алматыға келген күндерім еді. Соның алдында бір досымнан хат алғанмын, кей сөздеріне, әсіресе Айханға қатысты хабарына жүргім қатты қобалжыған. Артынша айтса, айтқандай, күтпеген жайттардың күәсі болдым. Дүниеде өзіңің жаныңды тебірентіп, шығарда жаны басқа дейтін адамның шерменде халин құлағыңмен естуден өткен ауыр халді кім көрген.

Ашық қызыл ала гүлді жеңсіз көйлек киген оны әрбір орнынан тұран сайын лапылдаپ жанып бара жатқандай сезінгем. Бетінде қан-сөл, ажар қалмаган Айхан қыркүйек ұрган гүлдей қап-қара, екі көзінде бұлаудай жас еді...

— ...Сот залынан қалай шыққаным есімде жоқ. Астана алақанына салған кешегі аяулы жан, өмір еркесі, мына

мен күлкім — құміре, тәйім — кул... Екі құлағым шулап, бүкіл қоршаган әлем: «Масқара, масқара» деп бетіме былшыныш түкіріп жатты. Сонда не болдым?— Қыз даусы үзіліп шықты,— ол сенің алыс қалада операциядан кейін енді сауыға бастаған күндерің. Өзімді көрген осы жасымда, өзімді бір танып билетін бір жанның көзіне түскім келмеді. Бар ойланып тапқаным — самолетке отырып осы бейтаныс қаладан бірақ шықтым.— Ол алақанымен бетін басып отырып қалды. Бірсынырадан соң:

— Сенің жүрегің айнып кетті ме, Қайсар? Қанша жиіркенсең де, арымды кірлетсем де, адамдығым таза,— деді.

«Тұн ханымы» аз уақыттың ішінде ал қызыл дала бәйшешегіндей үш гүл жарды. Көз алдыңда алақанын жайған гүлді көру қандай әсерлі еді. Иісі бүркырап түр. Айханның сырынан кейін жүрегім шымырладап кетті. «Ер жігіттің ішінде алтын ер тоқымды ат жатады. Жақсы әйелдің ішінде алтын айдарлы үл жатады», деп неге айтылды екен,— деп те ойлаймын. Тағы да Айхан:

— Білмеген екенбіз. Барлық бақытты әмір Күнгейліде өтініті-ау. Шіркін, сол бір бал қектем-ай!— деді таңдайын қағып, бір түрлі аянышты, өкінішті үнмен,— Мұнда кәзір «үндемес қызы» атандық.

— Үндемес?— осы сөзді бүгін осымен үшінші рет естіп отырмын.

— Иә, Үндемес.

— Неге?

— Сонда, мен сот алдынан шығарда ер адаммен тілдес-песпін, жүздеспеспін деп серт еткен едім. Соның қорытындысы — ерлер алдында мылқаумын. Осы есігімнің тұтқасын бір ер адам ұстап, табалдырығымды аттаған емес. Тек сен,— Айханның даусы оқыс биқтеу шықты.— Сен ғана Қайсар, үйіме енген. Онда да өзім зорлап әкелдім!— оның бетіне ықыласымды аударып таңырқай қарадым. Көзіме Күнгейлідегі жалғыз қайың түбінде отырып көрген, шолпан жұлдызы тағы да елестеп кетті. Айханның биязы үнінен жаныма жаңа бір леп ескендей болды. Сәл қозғалсам,

құшақтай сүйгім келіп тұр. Буынымды бекітіп мелшиіп қалдым.

...Айханның құрбасы Дәмелінің үйі. Расында, қыз үйі пейіш қой. Ошақтың үш бұрышына бір столды жағалай отырмыз. Нелер қызықты әңгіме, кеншілер өмірі, жақсы кітап жайлы, бүгінгі дәуір тынысына қатысты жайтар айттылды. Дәмелі де көңілді отыратын жан екен. Мені ағалап, Айханға әзілдеп:

— Менің мамам сияқты қыбыр етсе «Дәмеш, Дәмеш» дейтін, аузыңнан «Қайсар, Қайсар» деген есім түспейтін еді. Қайсар ағаны көрген соң оныңнан жаңылыпсың ғой,— деді алдымызға дәм әкеле жатып, мен Айханның жауабын айтқызыбай:

— Жалған,— дедім. Айхан шоқ басқандай бетіме жалт қарады. Лезде көзі дөңгелене қадыпты. Ішінде асы бар табақты көтерген Дәмелі де аңғарыла қалған.

— Мейлің, сенбесең сенбе, жер бетінде тірі жүрсөң болды,— деді де ол орнынан қозғала берді. Көп жалынып, Дәмелі оны зорга қайта отыргызыды. Сәлден соң қолына бір дәптерді алып ашқан Дәмелі:

Ақмаралым құралай елікпісін,
Сен дегенде таусылған ерік-күшім.
Бар арманым тілегім өз қолында,
Қандай әмір берсең де еріктісін,—

деген өлең жолдарынызды, «Жүректегі шоқ» атты әңгіменізді оқығанбыз,— деді күліп.

Озім жазған жолдар. Рас, алғашқы «Айханға» деген атпен жарық көрген жанымды жеген өлең шумақтары. Соңғысы да сол есімге байланысты лирикалық тебіренісім болатын...

Бәрі шындық. Кездейсоқ жолығысқан біздер сол түнде көпке дейін үйықтай алмаған да едік...

...Таң атуға жақын. Оянып, сағатыма қарадым. Алты, Жүрүім керек. Мен — диванда. Айхан жиналмалы төсекке қисайған. Устіне ақ жібек көйлек киіп жатқан қызға ерік-

сіз үрлана қарадым. Өз демімді өзім тежеп: «Тыныстағанымнан оянып кете ме?,— деп қысыламын. Бала кезімдегі арманды, аяулы сезім жүрегімді қытықтап шымшып шымшып өтті. Ол менің мына құйімнен бейхабар халде балбырап үйқыда жатыр. Ұзын кірпігі көзін көлегейледен. Пісте мұрын, жұп-жұқа қызыл ерні, тарыдай ғана қап-қара мен он бетінде қонақтаған. Жалғыз мені көзіме сурттегідей көрінді. «Неге тенесем болар екен?» Орныман жай қозғалып, қасына келіп дыбысымды шығармай тізерлеп отырмын. Сәл естілер-естілмес қана пыс-пыс дем алған дыбысы шығады. «Ой, мына жатысында айдын көлде қалғып кеткен аққудың көгілдірі сияқты емес пе?! Дәл өзі»,— деймін ішімнен. Әлгіден де таянып жақын отырдым. Көз алдымда — Күнгейлі, жалғыз қайың... Алтын шардай жарқыраған таң шолпаны...

Артта қалған балалық шағымдағы тәтті сезім қолға түспес, қайталанбас әдемілік баурап барады. Сол сәтте Күнгейлі бойындағы жалғыз қайың оның шағын бөлмесінің төрінде жапырағы желкілдеп есіп тұргандай еді. Бірақ жүрек басындағы түйткіл кетер ме? Мен осылайша оның төсегінің алдында ұзақ отырдым... Үйінен жаңа ғана аттан-сам да, сағыныш тұла бойымды билеп алған.

БАТЫРДЫҢ ҰРПАҒЫ

Жәпектің мінезі ауыр жігіт. Бірақ, бүгін өзгеше рай көрсетіп, ауылдан шыға сөйлеп еді, содан бері жағы бір тынар емес. Биігіне қоян сүйек, түйе, сіңір, дүзген, сағыз, жалпылдақ, жусан, ойына — мысыққұйрық, қамыс, жиде өсетін өнір· бүгінде, міне, қалың қар жамылдып, ауыр үйқыда жатқандай. Машинада мал дәрігері Жәпек екеуміз қатар отырмыз. Рульде — мен. Жүрдек женіл машина оппа қарды онша елемей, зыргып-ақ келеді.

Екеуміздің бір-бірімізге үйренісіп, бауыр басып кеткеніміз сонша, қай нәрсе жөнінде болса да ашық сөйлесіп,

кейде тіпті, еркіндеу кетіп те қала береміз. Машинаның гүрлінен Жәпектің әңгімесінің бірін естісем, бірін естімеймін. Темекіні еміне сорып, көк тұтінді будақтатып келемін. Ара-тұра ол:

— Осы бір әдетің-ай сенің, тамақ бола ма бұл пәле?— дейді, машина ішіне тұнып қалған көк тұтінді қолымен желпіп,— тасташы, өкпені қаптырмай!

— Бекер айтасың. Өзің сары майды қарынымен, құйрықты білемдеп асап жатқанда, отырамыз ғой біз де.

— Тәйірі сол сөз болып па? Жесең — май же. Мынау у емес пе,— ықылықтап, қиқ-қиқ күліп, төңкерілген қарын: «міне, айтқаның мынаның ішінде жатыр» дегендей құшақтап, көтеріп қойды. Түріне қарасам, бырышпін терлеген, бұғагы мен мойыны жылт-жылт етеді. Беті табадан жана шыққан нандай қып-қызыл. Сыртының тозығы жеткен, бірақ іші дәрі-дәрмектен бір босамайтын қара сумкасын біреу алып кететіндей, менің оң жамбасыма сүйеп жатып, сөзін қайта жалғаған ол:

— Тыңдал ал, сендерге ата-баба тарихын айтпаса бола ма?— деді, бұл жерде өзінің маған аз-мұз бастық екенін де анғартқысы келгендей.— Әйтеуір машинаның руліне ие болдым деп, зердесіз жандай кеңкіе берме, білген жақсы, айта жүр. Тегі мықты тегін болмайды.— Мұнысы мақтанғаны.

— Иә, бұл өткен тарихымен де сан үрпақтың құтты бесігі болған жер. Баяғы заманда аталарымыздың жат-жұрттық жауларға арыстандай ақырып, талай түре тиген киелі даласы, талай дұшпанның желкесін қиып жеті қыр асырған, тарихының куәсі бұл,— дейді майлы шүйдесін ыспалай сүртіп.— Бірде,— деді қыза сөйлеп,— ел болған соң батырсыз бола ма, жapsарлас отырган елдің бір батыры, қасында бір топ адамы бар, жолы түсіп, біздің елге қонақ бола келіпті. Атамыз батыр болған ғой. Ежелден дастар-каны жиылмаған қазақ емес пе, келген қонақты түйе сойып қарсы алып, қонағасы берінті деседі.

— Эй, сені сол шіркіннің қомына кезіктірер ме еді? — деймін әзілдеп.

— Түу, бұл енді өстіп жағаласады да отырады. Тың дасайши, құлақ қойып, — қабагы кіржіп, ренжіп қалды.

— Сонымен не керек, ертеңіне әлгі бір топ қонақтар аттаныпты. Бұл кез ақпан мен қаңтардың аһылеп-үйілеп тұрған шағы болса керек. Құрметті қонағын ұзатып салмаққа батыр атамыз дағдылы әдетінше ауылдан жалаңбас шығыпты. Өзі қас-қабагы қалың, сақал-мұрты ерекше түкті кісі екен. Үскірлік аязда ол кісінің бет-аузын акселеу қырау басып кетсе керек. Денесі қызулы адам ғой, анда санда қамшысының сабын өрімімен қоса ұстап, құлағына сұңғі боп қатқан мұзды... — дей берді де:

— Эй, әне-әне, кетті! Бас-бас, — деп бар даусымен баж ете қалды.

Қол-аяғы ербендей, өкпесі қысылғандай абдыраған ол жанымды шығара жаздасын. Үлкендігі марқа лақтай ақ қоян жолымызды кесе-көлденеңдеп, қалың жыныска қарай зытып барады. Сонында тілі салақтаған сүр қасқыр. Қасқыр болғанда анау-мынау емес, арқасында жалы бар, талыстай дәудін өзі...

— Айдалада қалармыз. Мезгіл қыс...

— Есің жоқ, сениң қыл сағадан тұзакқа түскен олжаны қалай жібереміз, кәне, бас дегенде бас! Әрі бұл жауызды қоя беріп, — деп иығымнан нұқып қалды.

— Жолсызда?

— Өй, ештеңе емес. Қасқыр қалың қарға малтып, жүгіре алмай бара жатқан жоқ па?

Менің де деделебем қозып кетті. Қасқырдың сонына түсіп бердім. Бірак, мені қуып келеді-ау, осылар бір зиян істейді-ау дейтін қасқыр жоқ, тіпті артына да қарамайды. Есіл-дерті қоянда. Бір рет шалып түсіне алмай, ағып ілгері етіп кетті. Тағы да үмтұлып, аузын сала бергенде, Жәпек те мылтық шүріппесін басып жіберді. Бір қаңқ ёткен қасқыр үш домалап кетті. Соншалық жылдымдықпен атып тұрып, өзін әрлі-берлі лактырып жүр. Өз денесін арс-арс қауып,

азу тісі сақ-сақ етеді. Әп-сәтте қызыл ала қан болды да қалды. Мен көрмеген жанталас. Жыртқыш болса да дәтім шыдамай:

— Мынаның жаңын қинамай тағы бір ашты дедім.

— Талай жазықсызды тақымға басқан жыртқышқа рақым жүрмейді. Екі оқ шығармаймын,— деді ол қасқырдың жанталасқанына айзы қана қарап тұрған күйі.

Біраз арпалыстан соң қасқыр көкке тік атыла қарғыда, даусын қатты соза ұлып, құлап түсті. Аяқтары мен бүкіл денесі дір-дір етіп, құйрығы шұбатылып сәлден соң біржола қимылсыз қалды. «Жыртқыш деген осы! Қалай-қалай салады ауызды өзіне.. Басқаны қалай аясын»,— деген Жәпек:— Мұны сойып, уақыт алмаймыз. Жол ұзак, күн кешкіріп барады. Артқы орындыққа тастай салайық,— деп машинаға сүйрей жөнелді де:— Эй, мынауың неткен ауыр еді»,— деп мені көмекке шақырды.

Бір өзіне үш адамның орны тиген көкжал ұзыннан сұлап мәңгі үйқыда жатыр. Жүріп келеміз. Тағы да бейсаубат аң кездесер ме деген кісіше оқшонтайды ортаға койып, мылтықты қолденең ұстап Жәпек отыр. Біраздан кейін мылтықты қасқырдың үстіне қарай артқа сүйей салды.

Екеуміз де көңілдіміз.

— Эй, мынауың сырттанның нағыз өзі екен. Қапыда кезікті. Эй, ку тاماқ-ай,— дейді Жәпек.

— Бір өзі бір ішік қой.

— Эрине, бірақ мұның терісін илеп, үйге іліп қоямын, жүрт көрсін,— дейді қасқырды өзі иемденетінін білдіре.

— Сен қазақ дәстүрін қалай аттайсың? Атқан — сен. Байланатын — мына көкен болмай ма?— деп мен кеудемді қагамын.

— Ыс-ыс,— деп тілінің арасынан жел шығарды, онысы кекеткені.

— Оу, манағы жалаңбас ата жайлы әңгіме сонымен бітті ме?— дедім мен енді, қасқырдан күдер үзін, ең болмаса әңгіме тыңдайық деген оймен.

— Біткен жоқ! Мына қасқыр кезігіп қап, бөліп кетті ғой. Сөйтіп, соңын айтайын, ә? Сонымен, даланың күркіреген қарт бурасындай батыр құлағына қатқан мұзды қамшысымен қағып түсіріп отырыпты. Батырдың бұл әрекетіне таңырқаған қонақтардың қуақылау біреуі өз батырына:

— Көріп келесіз бе, жұрттың батыры жаланбас, құлағына қатқан мұзды қамшысымен қағып келеді,— десе, ол да:

— Несі бар, тәйірі, мына сұыққа кісі тоңа ма?— деп басындағы дұлығасын шешіп, қанжығасына байлай салыпты. Сұықтың аты сұық қой. Басы тоңса да «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді», дегендей, шыдап бағыпты.

— Ал баһадүр, қайыр-кош, көріскенше күн жақсы,— деп батыр атамыз байырғы әдетінше қош айттысып тұрып, құлағын қағыпты мұны көрген әлті кісі де сенен мен кеммін бе дегендей тоңып тұрған құлағын қағып қалған еken, үсіген құлақ түбінен үзіліп ұшып түсіпті. Сонда құлағы үсіп түскен батыр:

— Оқасы жоқ, «тұлпар аунаған жерде түк қалады»,— деп қарқ-қарқ құлғен еken жердегі тебінгідей құлаққа қарап.

— Пан, ерлігіңе болайын!— деп, риза болған атамыз сол кісімен дос болып кетіпті.

Менің құлқіден шегім түйіліп қалды.

— Эне, сонау бұлдырап оң жақта қалып бара жатқан биік содан бері «Құлақ қалған» атанипты,— деп Жәпек те ішек-сілесі қата құлді.— Біліп қой, бұл сол батыр атамыздың талай сайран салған даласы,— деді жан-жағына қарап:

— Құдай біледі, сол Шамұратым отарын жабық қорага қамап, күйдіріп алды. Ыстыққа қамалған семіз мал іріп кетпей ме?

Бірді айттып, бірге кетіп отыру Жәпектің ежелгі әдеті. Әңгімесін аяқтамай, міне, енді шаруа жайына көшті. Мен әлті құлақсыз қалған аңғал адам есіме түсіп, құліп келемін.

Машинаға ракмет. Сыр берер емес. Манадан боран, омбы қарда тек осындай қуатты машинаға жаңға серік.

Кенет көзім қарсы алдымағы айнаға түсті де, зәрем зәр түбіне кетті. Аузын арандай ашқан қекжал тістерін ақситып, екі аяғын біз отырған орындықтың арқасына арта ұмтылып келеді. Көздері шоқтай жайнайды. Сәл қозғалсам-ақ, қекжелкеден ауызды салғалы тұр. Сасқаным сонша, тілім күрмеліп, үнім шықпай қалды. Осыны байқады ма, Жәпек бітіме бұрыла қарады да:

- Эй, не? Саған не болды-ай? — деді оқыс үнмен.
- Артыңа, артыңа... — дедім әрең.

— Са-са-сауқым,— деді сасқалақтаған ол,— тоқта, алдымен мен түсейін, сенің денен жеңіл ғой...— Апылғұпты машинаның жүрісін баяулата бергенім сол еді, Жәпек лып етіп түсті де, есікті тарс жауып қала берді. Қасқыр соңынан есікке қарай қуа түсіп, арс ете қалды. Сол сәтті пайдаланып, ілбіп келе жатқан машинадан мен де ытқып түсіп қала бердім.

Машина тоқтар емес, тоң бол қатқан қарлы жолмен бұлтақтап ілгері кетіп барады. «Ойбай-ау, мына жыртқыш машинаны айдан-ақ кеткені ме?»— деймін құлаған орнымен бір домалап тұрып жатып. Жанталасып, соңынан тұра жүгірдім. Артыма қараймын, Жәпек те борсаландай жүгірп жан ұшырып келеді. Бірдене деп дауыстайды. Тұк түсінгенім жоқ.

Жылы машинадан шыққан денеге теріскейден түре соққан желдің ызгары бірден-ақ біліне бастайды. Күн де қабагын түйіп алған. Жаяу борасын шаңыта ұйтқып тұр.

Қасқырдың кейбірі киелі болады деуші еді. Дәуде болса мынау сол шығар. Бірақ ондай қекжал тек өзінен күші асқандаған шабады демеуші ме еді? Сонда Жәпектің тегін болмағаны ма? Болса болар, ата-бабасында батырлық бар ғой. Мен болсам қояннан да қорқақтын...»

- Сауқым-ау, өлген деген осы ма? Масқара болды-ау,

пілдей екі жігіт тал түсте қасқырға қолдан беріп,— дейді Жәпегім күрт күбылып.

— Өзің емеспе, айла-тәсіл, ақылдан ажырап, жаңың алқымыңа келіп, алдымен мен деп доптай домалаған. Бастығым болған соң мен артыңнан ерген жоқпын ба?— Бетіме жалт етіп алара қараган Жәпек өзін кінәлі санағы ма, терең бір күрсінді де үнсіз қалды.

Костюмшөң қалған, кемітіп айтқанда жеті-сегіз пүт салмағы бар Жәкең бой-бойы шығып, буы бұркырап, жортып келеді. Аяғындағы жылы бәтеңкесі құрғырының резенке табаны май жаққандай жылпылдан, тая береді. Кейде ошарыла құлайды. Жон арқасынан шыққан тер ызығырық жел әсірінен мұз бол қата бастады. (Қас қылғанда бас киімі де машинада қалғанын қайтерсің.)

Күн манағы ма, зауал шақырып, жыланша ыскырып түр. Сонау теріскеj жақтан бізге қарай мәңгі мұз көрік басып жатқандай, жел еті өзіне қаратпай, қарып барады.

Көнілге демеу әлі де сонау кетіп бара жатқан машина. Ит арқасы киянда көзжән көрініп, жылжыған жалғыз қара сол. Бір жүрістен танбайды, тоқтап та қалмайды, жеткізетін де емес. Жұрттан ұят болды-ау! Өзіміз атқан қасқырға... Ар жағын айтқым келмейді. «Ей, мен неткен ақымақ-пүн. Қолымдағы рульден ажырадым? Жекпе-жек айқаста жеңіп, тартып әкетсе бір сәрі. Аузын ырситқанына бола, әй, қорқақтық-ай, өзім де нығыз су жүрек болып шығармын ба! «Жауды аяған жаралы қалады» деген осы-ау. Мына дененцмен сен де түк емес екенсің, Жәпек. Сейтсе тұрып, батыр әзлетінен жаралдым дейсің тағы да. О, сорлы!— дейміл іштей күйініп.

— Сауқым, а Сауқым!— деді аузынан буы будак-будак шыққан Жәпек.— Бұл маскараны ел естімесін! Ел... е...

— Әй, сен де қызық адам екенсің. Ана машинаны қуып бара жатқан көкжалдаң өзі-ақ бүкіл жер жүзіне жарияламай ма? «Ел қайда, Нұра қайда?» деп жылаған екен баяғыда төркіндең бара жатып Бетбақтың даласында адасқан бір келіншек. Сенікі соның кері гой. Екеуміздің

сүйегіміз осы далада қалды дей бер енді, дейміш ашынып.

— Тек қайдағыны шыгар ма!— Қатты шошып кетсе керек,— олай болмайды,— деді сәл ойланып. Бет-аузын ақ қырау басып кеткен.— Ей, ақымақ бас, анау Шамұраттың отары не күде, соны айтпаймысың?— Соны айтсайшы, соны!— Борсаландаپ тұра жүгірді. Осы сәтте мен оны жынданып кеткен шыгар деп ойладым.

Кенет жүгіріп бара жатқан **Жәпек** мұрттай ұшты. Апыл-ғұптың тұра сап, жан-жагына есі ауған адамша аңыра қарады да:

— Эй, анау не?— деп айқайлады жолдан әудем жердегі әлде бір қарайғанды меңзеп.

— Ол Батекенің таусылмасы фой. Қарағайқұдық емес пе?— деймін.

— А-а! Не дейді!— деп аңырап қалған ол,— жер ортасы көктөбеде қалыппыз фой,— деді ашық мойнының тамырлары адырайып.

— Шамұраттың отарын қайттім? Халықтың тірнектеп жинаған дәүлеттін рия қылатын болдым-ау!..— Оның сөзін бөліп жібердім.

— Солда сөз бе, алдымен тірі қалайық та!— дей бергенімде:

Өлмесең өме қап,— дегені шатынап.— **Жаным** — арымның садағасы!

Мен де морт кеттім.

— Эй не дейсің жетім тайлақ! Менің тастай алмай жүрген жаным жоқ. Сен-ақ Шамұраттың отары үшін жанынды құрбандаққа шала бер,— дедім де, ілгері жүгіре жөнелдім.

Аспан әлемі мұздаган көк темірдей сіресулі. Жонды тырнаған өткір жел қар суырып, қайрақтай қажап, бордай тоздырып барады. Манадан тер қатқан денем мұз жамылғандай қалтырап кетті. Кідірсем қатып қалатындеймын. Жүгірген адам жылынады деуші еді, барымды салып жүгіріп келемін. **Жан** қысылған сәтте **Жәпектің** дүниеде баржоғы есімнен де шығып кеткендей.

— Эй, сонша тыртындағаныңмен қанша ұзай қоямын дейсің. Өкпенді өшірмей, салмақпен жүр,— деген ол иғымнан тартты. Еріксіз жалт қарадым. «Іші күйген тұз жалайды» дегендей:

— Жылауық!— дептін намысына тиіп. Екі беті нарттай. Онсыз да денелі, сал қарын, жайшылықта жаяу баспайтын ветврәчым аяғын алшаң-алшаң басып, соңымнан еңкеleктең келеді.

— Ақымақ, өз қамым үшін жылағаным жок,— деді біраздан соң,— мен бұл сұыққа тоңбаймын да, жаяуга да шаршамаймын. Уақыт өтіш барады, мал не болмақ? Күні кеше өзіміз шопан бол деп үгіттеген, әлі тәжірибесі аз Шамұрат не болмақ? Өзің біз қайда бара жатқанымызды ұмытып кеткеннен саусың ба? Мынадай ақ қар, көк мұзда сейіл құруға шығып па ек? О, су жүрек неме!— Мен оның сөзіне шынымен-ақ таң қалдым. Сұыққа ұшып кетейін деп тұрып айтарты мынау болса...

— Эй, Сауқым ақылға сал,— деді тағы да.— Ол жазда барлық емдеуден өткен отар. Ешқандай індеп жок. Дәү де болса Шамұратекен қойларды жылы қорага қамап отырған шығар. Ондай қой қотырға шалынды дей бер,— бағы жайбақат қалпына көше бастады.

— Қойларың бар болсын — деймін мен де дегенімнен қайтпай.— Kіci өлейін деп жатқанда.

Ой, өзің де бар болғыр екенсің гой!— деді кеңк-кеңк күліл.— Сені де жігіт дейміз-ау? Бір екі жұз қадам жаяу жүргенге торыға қалдың, ә? Қалтырауыым!

Бізадан жарыла жаздаган мен:

— Мықтылығыңды әлгіде анау қасқырға неге көрсетпедің, сужурек!— дедім бетіне кіжіне қарап.— Мына денең мен сен де тұра қашпадың ба?

— Сенде бір грамм ес жок. Аяқ астынан шошып кеткөн жоқтын ба?— дейді ол қырау жапқан қабагы дір-дір етіп.

— Айтартсың, су жүрек. Тағы не демексің?

— Оттама! Мен қорыққан жоқпын. Шошыдым. Шошыған қорыққан емес,— Расында жаны бар сөз.

— Қап!— даусы опынып шыкты.

— Ой, батырим, өкінбе, құлағынды уқала. Әйтпесе, шұнақ ветврач атанарсың,— деймін кекетіп. Енді ілгері басуға мен де әл қалмагандай.

Ол даусы дірілдеп:

— Азу тіспен білектей болатты қиятын біздерді де жаралы қасқыр жаяу қалдырып қаңғыртып кетті, ә? Өзімді уайымдамаймын Шілбіген мына сені аяймын. Қой емдейтін дәрі-дәрмек те машинада еді.

— Майдан жыланың бір қайтпайтын еді, әй, осы түбі біреуді жалмамай қоймас деуші едім. Ақыры жалмағың мені,— деп отыра кеттім.

— Оңбаған, шала туған. Қатып қаласың-ау!— деген ол мені иығына салып алды да, адымдай жөнелді.

— Жәпек! Жәпекжан!— даусым шығып, айқайлап жіберіппін.— Машина тоқтап тұр. Ал жүгір!— далбалактап келеміз. Діңкелеген мен машинаға Жәпектен бұрын жеттім. Келе бір айналып шықтым. Моторы жұмыс істеп тұр. Артқы мосты дөңеске тіреліп қалған. Есігін ашуға жүргім дауаламайды. Қекжал арс етіп ала түсетін тәрізді.

— Рульге жармас, қасқырға мені жібер, деп айқайлап келген Жәпек ай-шайға қарамай артқы есікті аша берді. Аңдып жатқан ашулы қекжал арс етіп, Жәпекпен алыса кетті. Ес қалсайшы. Жәпектің екі қолы қасқырдың кеңірдегінде. Қасқыр өткір тырнақтарымен Жәпектің үстібасын дал-дал етіп жыртып жіберді. Мойнынан қан жосып жүр. Ұзамай қасқырды Жәпек астына баса құлады.

— Шабына пышақ, пышақ!— деді қырылдап жатып. Мен таянуға қорқып тұрмын. Жәпек көжалдың кеңірдегін сыйғып, қозғалмай қалған. Азу тісі ақсиып, қекпенбек тілі аузынан салақтап шаққан қекжал өмірмен біржола қоштасқан еді.

Мен Жәпекке шын сүйсінгенім сонша, жүгіріп барып, май басқан бұжыр-бұжыр желкесінен сүйнп алдым.

— Батырдың ұрпағы екенің рас екен,— деймін.— Сені мұлде білмей жүрген екенбіз гой.

— Жетер, көп мәймәңкелемей,— деді ол.

Машина жұлдыздай ағып келеді. Жәпек:

— Сауқым-ау, мынау көкжалың машина айдай білетін болғаны ма, әлде бұл машинаң өздігінен жүре беретін бе еді?— деп сұрады.

— Оның жүргізушісі сенің мына дәрі-дәрмек салған сумқаң! дедім қолынан бір тастамайтын жол серік сумқасын өзіне қарай итеріп.

— Сумка?— бар денесімен бұрыла қарады Жәпек.

Иә, мана біз қашып-пышып жүргенде акселераторды жастана құлапты, өзі зілдей емес пе! Машинаның бірінші жылдамдықпен жүре беретіні содан.

— Бәсе,— деді ол да,— қас-қағым өмір деғен осы-ау.

— Сырттаның екі жаны болады деғен рас па деймін?— дедім.

— Жай сөз. Мана асығып, талып жатқан қасқырды машинаға салып алған өзіміз айылтымыз бәріне.

— Рас, рас, батырым,— деймін.— Әйтсек де, жаралы қасқырдан көрген қорлығымызды ешкім естімесін, күлкі болармыз.

Ол да, мен де, қатты қалжырап шаршаган сияқтымыз. Көз алдымға біресе жанұшына қашқан қоян, біресе оны куған сүр қасқыр кезек елестейді. Енді бірде кең даланы төсімен қорғап өткен батыр бабаларымызды ойлаймын. «Апрай, олардың бүгінгі ұрпағы біз де батыр екенбіз-ау». «Әйтпесе, тала-тал түсте қасқыр соғар ма едік?»

Жәпек үнсіз. Не ойлап отырғанын кім білсін.

— Әне!— деді кілт жадырай сөйлеп.— Келіп қалыппыз. Міне, Шамұраттың қыстағына да жеттік. Эй, жарайсың, Шамұрат, жарайсың! деп жағы тағы семер емес.— Әне, қарашиб анда, қарашиб!— Қойлар ашық қорада. Апрай,

Шамұрат балалық жасап бірдеңені бүлдіре ме деп қатты қорқып ем. Бәрі орнында екен фой, әйтеуір. Ая райының дәл бұлайша күрт бұзыларын кім болжапты. Шамұратқа алдын ала ескертпегеніме өкініп келіп ем. Енді қорқыныш жоқ. Көңіл орнына түсті деген осы. Жолымыз болды деген осы. Бүгін олжа аз емес, бала, аз емес! Ой, заман-ай!

— Ой, батырдың ұрпагы-ай! деймін.

МАЗМҰНЫ

ПОВЕСТЬ

Әке дауысы — 3

ӘҢГІМЕЛЕР

**Айхан — 117
тырдың үрпағы — 131**

Апбаз Каражигитов

ГОЛОС ОТЦА

Повесть и рассказы

(На казахском языке)

Редакторы Б. Канатбаев

Суретшісі Б. Ақанаев

Көркемдеуші редакторы М. Есергепова

Техникалық редакторы К. Әбдікәрімова

Корректоры К. Әбдікәрімова

ИБ № 4705

Теруге 15.08.90 жіберілді. Басуға 14.03.91. қол қойылды. Қалпы 70×108^{1/32}. № 2 баспа
кағаз. Қаріп түрі «Таймс текстес». Шығынды басылыс. Шартты баспа табагы 6,30. Шартты
бояу көлемі 6,46. Есепті баспа табагы 6,61. Тиражы 30 000 дана. Заказ № 1556. Бағасы 40 т.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық акпарат министрлігінің Халықтар
достығы орденіндегі «Жазуның» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғалы, 143-үй.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық акпарат министрлігінің «Кітап»
полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы
қаласы, Гагарин даңғалы, 93-үй.